СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛДЫ

2-бет

ҚАЗАҚ ЕЛШІЛІКТЕРІНІҢ ТІЛІ РЕСЕЙ ТІЛІ МЕ?!.

5-бет

ТАҒЫ БІР АРДАҚТЫ АҒАМНАН АЙРЫЛДЫМ...

18-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ 20 JYL

QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №30-31 (900-901) 17-24.08.2020 jyl

КОММУНИСТЕРДІҢ

МИЛЛИОНДАР МОЛАСЫНЫҢ ҮСТІНДЕ САЙРАН САЛУЫ ҚАШАН ТОҚТАЙДЫ?!.

ҰЛТЫН СҮЮДІ АЙЫПТАЙТЫНДАР – ҰЛТ ЖАУЛАРЫ!

8 бет

Ұлтшылдық деген – Ұлтты сүю. Сонда коммунистердің айыптап отырған «радикалды ұлтшылдығы» – Ұлтты қатты сүю, жақсы көру, нағыз ұлтшылдық болып шығады! НАҒЫЗ ҰЛТШЫЛ БОЛУ – Ел үшін де, Мен үшін де ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ, ПЕРЗЕНТТІК МІНДЕТ! Ал нағыз ұлтшылдықты, яғни ұлтыңды қатты сүюді, жақсы көруді жаулық көріп, қатаң айыптауы Коммунистердің Ұлттың нағыз жауы екенін айқын көрсетеді. Тәуелсіздік алған елде кешегі Кеңес одағындай ұлтшылдықты айыптау – коммунистердің шетелден бұйрық алып, қолмен басқарылып отырған қуыршақ ұйым екеніне анық көз жеткізеді. Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің қырағылық танытатын жері осы тұс болуы керек!

ҚАЗАҚТЫҢ ҮНІНЕ АЙНАЛҒАН «ҚАЗАҚ ҮНІ» – ЖИЫРМАДА!

Газет мерекесін Абай күнімен бастап, «Қазақ үні» күнімен жалғастырамыз

Қашанда ханнан да, қарадан да тайсалмай, халықтың сөзін сөйлеуге ұмтылды. Кейбір алпауыт қалталы топтардың, белгілі партиялар мен ірі ұйымдардың басылымдары уақыт сынына шыдамай жабылып жатқанда ұлттық намысты ту еткен «Қазақ үні» ел мүддесі жолындағы ісін тоқтатқан жоқ, талай қиын-қыстау сынақта «майдан даласын» тастап кеткен жоқ.

10-11 бет

ҰЛТТЫҚ НЕГІЗГЕ СҮЙЕНГЕН ДАМУ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАЙДЫ!

«МҮМКІН ЕМЕСТІ МҮМКІН ЕТУ» – ЖАПОНИЯ ИМПЕРАТОРЫ НЕ ҮШІН ЕЛДЕН КЕШІРІМ СҰРАДЫ?

3 бет

ҚУАНЫШҚА ҚҰШТАР ЖҮРЕК

Мен Әкіммен 1985-жылы Шымкент қаласында өткен жас таланттардың облыстық «Жігер» фестивалінде кездесіп, таныстым. Шардарадан мектепте сабақ берген оқушым Қазыбек Иса екеуміз шақырылыппыз. Мен аудандық «Өскен өңір» газетінің қызметкерімін. Қазыбек – өзі оқыған «Қызылқұм» орта мектебінде мұғалім. Қазыбек Иса – қазір, өздеріңіз білесіздер, талантты ақын, танымал қайраткер. Шардарадан ұшақпен бардым.

13 бет

ТРУДНОСТИ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ, ИЛИ ВСЯ НАДЕЖДА НА МИНИСТРА АЙМАГАМБЕТОВА

6 бет

Образование в РК оказалось в сложнейшей ситуации. Дистанционное обучение – это не прихоть Министерства образования и науки, а вынужденная мера. Особенно тяжело пришлось школьникам из отдаленных аулов, где были перебои с интернетом, не говоря о нехватке гаджетов. Большие трудности испытали и учащиеся младших классов.

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Кеңесте Денсаулық сақтау, Ішкі істер, Цифрлық даму, Инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Қаржы, Ауыл шаруашылығы министрліктері, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі басшылары, Шымкент қаласы және Жамбыл облыстарының әкімдері есеп берді.

Бұл жолғы отырыста отыз жылдан бері тізгінсіз кеткен «сыбайлас жемқорлық» атты өзекті мәселе қаралды. Ашығын айтсақ, жемқорлық қазақстандық індетке айналған. Өткен жылмен салыстырғанда жемқорлық әрекеттері үшін жауапқа тартылған адамдардың саны 11 пайызға артқан, яғни, 820-дан 912-ге өскен. Transparency International ұйымының 2019 жылы өткізген сауалнамасының қорытындысы бойынша азаматтардың 28,7 пайызы мемлекеттік ауруханалар мен емханаларды сыбайлас жемқорлықтың ордасы деп атаған. Бұл басқа мемлекеттік мекемелермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары, мысалы, полицияда – 11,3, жер қатынастары басқармасында – 7, мемлекеттік балабақшаларда – 6,9 пайызға жеткен. Қоғамды жайлаған бұл қылмысты қатаң сынға алған Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың табысы азайып, экономиканы қолдауға бағытталған қаржыны жымқыру тәуекелі артқан пандемия кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту қажеттігін атап өтті.

Президенттің айтуынша шенеуніктер бірінен кейін бірі ауысып жатыр. Олар орын ауыстырғанмен жүйелі проблемалар шешілмеген күйі тұр.Басшы өз қызметкерлерінің заң бұзушылығын жасырмауы керек.Әрбір әкім және министр жұмсалған қаражатқа ғана емес, оны дұрыс жоспарлауға да жауапты болуға тиісті. Нақ осы тұста сыбайлас жемқорлыққа бару қатері басым. Сондықтан, әр басшыға жеке жауапкершілік жүктеледі. Қ. Тоқаев Бас прокуратураға осындай бағалау жүйесін әзірлеуді және бақылауды тапсырды.

Қарапайым халық қоғамдағы көптеген салаларды жайлаған жемқорлық жайында жиі арызданады. Азаматтармен диалог орнату арқылы сыбайлас жемқорлық белең алып, қоғам наразылығын туғызып жүрген түйткілді салаларды анықтауға болады. Міне, осы мәселелер бойынша қоғамдық бақылау тетігі жұмыс істеуге тиіс. Бұл шараға үкіметтік емес ұйымдарды тартқан жөн екенін атады президент. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл, онымен ымырасыз күрес қоғамның өзекті мәселесінің біріне айналғалы көп жылдың жүзі болды. Еліміздің қауіпсіздігі мен халқымыздың амандығы осы бағыттағы жүйелі әрі табанды шараларға байланысты. Үкіметке қағазбастылық пен бюрократияға салынбай, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі берген ұсыныстарды бір ай мерзімде жан-жақты пысықтауды тапсырамын. Соның нәтижесі бойынша нақты шаралар кешені жасалуға тиіс. Негізгі мақсат – жемқорлықтың тамырына балта шабу, оны түбегейлі жою. Бұл жұмысты еш созбалаңға салмай, қарқынды түрде жүргізу қажет. Президент Әкімшілігі қолға алынған барлық шараларды қатаң бақылауға алып, нәтижесін маған үнемі хабарлап отыруы керек»- деді мемлекет басшысы.

ЗАҢБҰЗУШЫЛЫҚ ӘЛІ ДЕ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ

Мемлекет басшысының қабылдауында болған Бас прокурор Ғизат Нұрдәулетов Қазақстан Президентіне дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыру кезінде заңдылықты сақтау жөнінде берген тапсырмаларының орындалу барысы туралы есеп берді.

Ғизат Нұрдәулетов жол жөндеуге және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын салуға бағытталған 130 тендер өткізу кезінде заңсыздықтар анықталғанын айтты. Соның арқасында 16,5 миллиард теңге көлеміндегі бюджет сомасы сақталып қалған. Сонымен қатар «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында жалған жұмыспен қамтудың 6 мың фактісі белгілі болған. Оның айтуынша, дәрі-дәрмектерді өз құнынан жоғары бағамен сатып алу, мемлекеттік сатып алу процедураларының жүйелі түрде бұзылуы, тиімсіз жоспарлау мен бағаны бұрмалау фактілері анықталған. Құқық қорғау органдары заңсыз айналымнан 400 000 бума дәрі-дәрмек пен жалпы сомасы 1 миллиард теңгені құрайтын 12 миллион медициналық бетперде тәркілеген.

Сондай-ақ Ғизат Нұрдәулетов қылмыс деңгейінің 35%-ға қысқарғанын атап өтті. Ал ұрлық жасау, тонау, бұзақылық және зорлау екі есе азайған. Прокурорлар азаматтардың құқықтарын қорғау мақсатында биыл 54 адамға қатысты дәлелсіз қозғалған қылмыстық істі тоқтатқан, сонымен қатар, қызметтік мекемелер мен изоляторлардан 500 адам босатылған. Прокурорлардың нақты жұмысының нәтижесінде 585 азаматқа қатысты сот шешімдері заңға сәйкестендірілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдарының қылмыспен күрес қызметін үйлестіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРМЯН ТІЛІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Арменияда «Абай-175» жинағы таныстырылды, деп хабарлады ҚазАқпарат ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми сайтына сілтеме жасап.

Бйыл әлем бойынша кеңінен аталып жатқан қазақтың ұлы ақыны мен ойшылы Абай Құнанбаевтың 175-жылдығына армян баспагерлері де өз үлестерін қосты. Жақында армян тілінде «Абай-175» атты мерейтойлық жинағының тұсаукесері бейнеконференция форматында өтті. Аталған жинақ екі кітаптан тұрады. Олар «Қара сөздер» мен Мұхтар Әуезовтің жаңартылған редакциясындағы «Абай жолы» атты романы. Әдеби жинақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстанның Арменияндағы Елшілігінің бастамасымен Ереван мемлекеттік университеті мен белгілі «BZEZ» баспасының қолдауымен жарық көрді.

ТҮРКІСТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ ҚҰРЫЛЫСЫ БИЫЛ АЯҚТАЛАДЫ

Түркістандағы әуежайдың құрылысы биылғы жыл соңына дейін аяқталатын болды. Бұл туралы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркістан облысына жұмыс сапары барысында мәлім болды.

Оңтүстік аймаққа сапар аясында Президент Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық даму барысымен танысқан еді. Осы шара барысында Қазақстан Президентіне Түркістан халықаралық әуежайының құрылысы жайында ақпарат беріліп, әуежай құрылысының жыл соңына дейін аяқталып, пайдалануға берілетіні айтылды.

«Түркістан – қазақтың алтын бесігі, рухани орталығы, түркі әлемін біріктіретін киелі мекен. Екі жылда Түркістан облысының экономикасы мен әлеуметтік саласын қалпына келтіру үшін ауқымды жұмыс атқарылды. Стратегиялық маңызды осы өңірдің болашағы зор екеніне сенімдімін», – деп жазды Мемлекет басшысы кейін өзінің Twitter-дегі парақшасында.

ЖЕТІМДЕРДІ ЖЫЛАТҚАН ЖЕМҚОР ҰСТАЛДЫ

Жетімдердің ақшасын ұрлады деп айыпталған күдікті құрықталды. Бұған дейін бой тасалап жүрген Алматы облыстық балалар үйінің әлеуметтік педагогы Тараз қаласында ұсталған.

Ал есеп-шотына жылдар бойы мемлекеттен түсіп келген ақшасынан әп-сәтте айырылып қалған балалар тиынсыз қалды. «Алғашында сенген жоқпын. Соңында есеп-шотымды тексеріп көрейін деп шештім. Жағдайды көрген кезде есеңгіреп қала жаздадым. Бірден тәрбиешіге айтып бердім. Әрине, басында қанша ақша алынғанын біле алмадым. Кейін толық санағанымызда, есеп-шотымнан 7 миллион теңге жоғалғанын байқадық» -дейді Балалар үйінің тәрбиеленушісі Валентина Баширова. Педагогқа өзінің атынан сенімхат берілгенін растаған директор тәрбиешінің балаларға есеп-шот, карточка ашуға құзіреті берілгенімен, ақшаны шешіп алуға заңды құқығы жоқтығын айтады. Ал күдіктіні тұтқындаған полицейлер оны Алматы қалалық экономикалық тергеу департаментіне тапсырыпты. Әзірге нақты қанша баланың зардап шеккені және ұрланған ақшаның жалпы көлемі белгісіз. Бірақ тәрбиеленушілермен байланыс орнатқан балалар үйі түлектерінің дерегінше, 22 бала қаржысынан қағылып, шығын көлемі 30 миллион теңгеден асып кеткен. Алайда бұл көрсеткіш тағы артуы мүмкін, себебі 16 жасқа толмағандар әлі есеп-шоттарын тексере алмай отыр. Ал балалар үйінің кейбір қазіргі және бұрынғы қызметкерлері атышулы іске «директордың да қатысы болуы мүмкін» деп күдіктенеді. Олардың айтуынша, көбі басшылыққа қарсы келуден қорыққандықтан, жұмған аузын ашпайтын көрінеді. Қалай болғанда да жетімдерді жылату жақсылыққа жеткізбейтіні айдан анық.

ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР БЕЛСЕНДІЛІГІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Елордада үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігі артып, оны саны 1885-тен 2594-ке жетті деп хабарлады қала әкімдігінің ресми сайты.

Қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Т. Рахманбердінің төрағалығымен қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік саланы жетілдіруге байланысты онлайн режимде ашық сұхбат кездесуі өтті. Кездесу барысында биыл белсенділіктің деңгейі екі есеге артқандығы айтылды. Мәселен, қызметін тұрақты жүргізетіндер саны – 1885-тен 2594-ке жетті. Ал белсенді ұйымдар 2019 жылдың соңындағы 471-ден қазір 610 болып отыр. Кездесуде қазіргі уақытта елордалық үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік гранттарды орындауда елордалық ұйымдар республика бойынша көш бастап тұрғандығы айтылды. 2019 жылы 28 грантты елордалық ұйымдар иеленсе, биыл олардың саны 30-ға жетті. Үкіметтік емес ұйымдардың жұмыстары қаладағы Азаматтық бастамалар орталығы арқылы біріздендіріліп келеді. Сонымен қатар, бүгінде осы ұйымдар қызметін цифрландыруда ұйымдар үшін құрылған және кері байланыс мақсатында www.civilcenterelorda.kz сайты қызмет етеді Сұхбат барысында Талғат Абайұлы қоғамда әлеуметтің шиеленісін тудыратын мәселелерді шұғыл алдын алу үшін Азаматтық бастамалар орталығы жанынан мониторинг штабын құруды ұсынды. Коронавирус індеті кезіндегі дәрі-дәрмектердің жетіспеушілігінен кейін дәріханалардағы препараттардың бағасын арнайы мониторинг тобы бақылайтын болады.

Таяуда жаңадан ашылған ABAI TV арнасында ұлы Абай ұлағатынан бастап, руханият пен бүгінгі әлемді жайлаған індет жайлы сұқбат болды. Белгілі әнші-сазгер, ақын Елена Әбдіхалықова жүргізген «Сарасөз» хабарындағы салмақты сарапқа құрылған сұқбат иесі – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев. Қырымбек Елеуұлының қиуын тауып, қияға сермеп, тереңнен тербеп айтқан мәнді әңгімесі елді ерекше өзгерістер кезеңі күтіп тұрғанын ұқтырды.
– Ғаламды жайлаған қатерлі індет дүниежүзіне үлкен сынақ болып тұр. Пандемиялық және экономикалық- әлеуметтік дағдарыстан кейін бізді үлкен өзгерістер күтуде. Ал біз соған дайынбыз ба?-дейді Мемлекеттік хатшы.

ҰЛТТЫҚ НЕГІЗГЕ СҮЙЕНГЕН ДАМУ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАЙДЫ!

«МҮМКІН ЕМЕСТІ МҮМКІН ЕТУ» – ЖАПОНИЯ ИМПЕРАТОРЫ НЕ ҮШІН ЕЛДЕН КЕШІРІМ СҰРАДЫ?

Иә, біз оған рухани құндылықтарымызға сүйеніп жете аламыз. Ол үшін Рухани жаңғырудың жаңа тынысы ашылуы керек -дейді Қырымбек Елеуұлы. Жаңа заманға сай жаңа рухани жобалар қажет. Зиялы қауым өкілдері билікпен бірлесіп рухани жобаларды жасауға кірісуі тиіс.

Дағдымыздан айырған дағдарыстан кейін жаңа мүмкіндіктер мен жаңа жетістіктер басталады деп қарауымыз керек. Ол қалай болмақ?

Бұл тұрғыда ғасырлар тереңіне сүңгіп, тарихтың қалың парақтарын ақтарған Қырекең Жапонияға тоқталады.

1945 жылы соғыстан күйрей жеңілген Жапонияның 124-інші императоры Хирохито ел алдында сөз сөйлейді. Жапондар дәстүрі бойынша императордың сөзін тізерлеп тұрып тыңдайды екен. Бұл жолы император халыққа түрегеп тұрып тыңдауды сұрайды да, екінші дүниежүзілік соғыста жеңілгендері үшін өзі тізерлеп тұрып, халықтан кешірім сұрайды. КСРО, АҚШ, Ұлыбритания, Қытай мемлекеттері алдында орасан зор өтемақы төлейтін капитулияцияға қол қойғанын айтқан патша бұл қиындықтан да шығуымыз керек дейді. Өздері күйрей жеңілген ел қиындықтан қалай шықпақ?!. «МҮМКІН ЕМЕСТІ МҮМКІН ЕТУ» арқылы шығамыз» дейді император сөзін ұйып тыңдап тұрған халыққа. Ол үшін алдымен адам капиталын дамытуды қолға алады.

Императордың арманы орындалып, Жапония қазір әлемдегі жоғары технологиясы дамыған экономикасы мықты бес елдің ішіне кіреді. Олар бұндай биік деңгейге ұлттық дәстүрі мен рухани құндылықтарын сақтай отырып, жаңа технологиялық жетістіктер жасау арқылы жетті.

Ал біз қалай дамитын боламыз?

– Осыдан жүз жыл бұрын да Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы елдің дамуы үшін Жапонияны үлгі етіп еді. Жапонияның жарқын жолы -ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып, заманауи ғылыми технологиялық даму биігіне шығу.

Бүгін де біз ұлттық құндылықтарымыздан ажырап қалмай, сақтай отырып, жаңа технологиялық даму жолына түсуіміз керек.

Ұлттық рухани құндылықтарымызға сүйеніп, «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дегендей, озығын пайдаланып, тозығынан арылуымыз керек, – дейді Қырекең.

Мемлекеттік хатшы осындай қатерлі індет қаупіне, қатал карантинге де қарамай той-жиынға барғандардың 70 пайызы ауру жұқтырғанын және олардың біразы қайтыс болып кеткендерін де мысал етіп келтіріп, сабақ алар жәйт ретінде атады.

Иә,шынында да, «Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес.»

Қай кезде де дамудың негізгі ұстыны бәсекеге қабілетті қоғамдағы толыққанды адам екені анық. Ал толық адам ілімі Абайдан бастау алады.

Биылдан бастап жылда мемлекеттік мереке ретінде аталып өтетін Абайдың туған күні – рухани дамуымызды талғап, таразылайтын күн болады.

Абайдың 175 жылдығы, Әбунасыр Әл Фарабидің 1150 жылдығы, Алтын Орданың 750 жылдығы, биыл 2020 жылдың ТМД бойынша мәдени астанасы болып отырған Шымкент қаласының 2200 жылдығы өз деңгейінде өтеді.

-Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев атап айтқандай, тойлау үшін емес, ойлау үшін өткізуіміз керек. Ең алдымен маңызына мән берудеміздейді мемлекеттік хатшы. Абайдың шығармалары әлемнің 10 тіліне аударылуда. «Абайтану тарихы» оқулығы мен хрестоматиясы оқылатын болады. Еуразия ұлттық университетінде «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты ашылып жатыр. ЮНЕСКО көлемінде көптеген жұмыстар жасалуда.

Әлемге әйгілі тұлғалардың мерейтойын тойлау, ұлыларымызды ұлықтау ұлт рухын көтеретіні белгілі. Егер ол тұлға сонымен бірге мәдениетіміздің де әлемдік өркениеттік әдеби-мәдени жетістігін айқындап жатса, ол тіпті жақсы. «Алпамыс батыр» жырының 1000 жылдығын ЮНЕСКО бойынша тойлауда туыс халықтар алдымызды орап кетті. Ал былтыр 2019 жылы астанамызда өткен Азиялық жазушылардың тұңғыш форумында Әзірбайжанның әйгілі жазушысы Анар Рза қырғыздардың Манастың 1000 жылдығын тойлаған тойында Әзірбайжан Президенті Гейдар Алиевтің бүкіл түркіге ортақ әулие, абыз, қобыз атасы Қорқыт бабаның 1300 жылдығын өткізу туралы ұсыныс айтқанын жеткізді. Мен бұл мәселені былтыр ҚР Президенті жанындағы Ұлттық кеңестің алғашқы отырысындағы баяндамамда көтерген едім. Өйткені Қорқыт бабаның мазары Қазақ жерінде, Сыр бойында, Қызылорда облысында жатқанын, ол жерде қазір «Қорқыт баба» атты сәулеттік-мемориалдық кешен бар екенін ойласақ, Қорқыт бабаның мерейтойын алдымен Қазақ Елі атап өтуі керек екені көзге ұрып, көңілде сайрап тұр емес пе?

Қорқыт бабаны айтқанда, Қырымбек Көшербаевтың әкесі, бес ауданды басқарған белгілі қайраткер Елеу Көшербаевтың есімі де алдымен еске түседі. Сұқбат алушы Елена ақын бұл сәтті қалт жіберген жоқ.

Иә, былтыр президент сайлауында «Ақ жол» партиясы Қызылорда облысында болғанымызда Қармақшы ауданындағы Қорқыт баба кешеніне арнайы ат басын бұрған едік. Кешегі қылышынан қан тамған қаһарлы Кеңес империясы кезеңінде, атеистік қоғам аттандап тұрғанда, Қорқыт бабаның ескерткішін салу ерлік екені анық. Ал бұл ерлікті жасаған діни құндылықтарға атымен қас атеист коммунистердің аудандық комитетінің жетекшісі болса, тіпті маңызы арта түседі. Қармақшы аудандық коммунистік партиясының бірінші хатшысы Елеу Көшербаевтың ісі сол үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында қаралып, республика басшысы Дінмұхаммед Қонаевтың араласуы арқасында қатаң сөгіспен аман қалған болатын.

Қызылорда облысын басқарғанда әке аманатын арқалаған Қырымбек Көшербаев Қорқыт баба басына аумағы атшаптырым керемет сәулет-мемориалдық кешен тұрғызды. Ол кешен қазір алыс-жақыннан арнайы іздеп келушілері көп тарихи-мәдени, рухани ордаға айналып отыр. Ұлы даладағы киелі Сыр бойында тұрғызылған Қобыз бейнелі сәулетті ескерткіштен бағзы заман сырын шерткен баба Қорқыт үні естілгендей, жел соққанда күніреніп тұрады...

Ал бүкіл Түркі халқының абыз атасы Қорқыт бабаның ескерткіш кешені Қазақстанда болғаны қазақтар үшін зор мәртебе. Тұтас Тұранға тұтқа болған Рухани қымбат мирасты сақтап қалып, ел игілігі үшін қиын заманда басын бәйгеге тіккен Елеу атамыздың пейіште нұры шалқи берсін.

Мемлекеттік хатшы отбасы құндылығына да арнайы тоқталып, жастар тәрбиесінің маңыздылығын баса айтты.

Өйткені, «Отан – отбасыдан басталады.» Ата-ананы құрметтеу туралы әңгімесіне Индонезиядағы «Ана күнін»мысал етті. Мектеп оқушыларын асыл аналарының аяғын жуып, құрмет көрсетіп, перзенттік парызға адалдыққа тәрбиелеуге үйретеді екен. Мұхаммед пайғамбарымыздың (оған Алланың рахымы мен сәлемі болсын) «Жұмақ -ананың аяғының астында» деген ұлылық ұлағатының жарқын нәтижесі – Индонезияда Қарттар үйі жоқ.

Көрнекті ғалым, абайтанушы Мекемтас Мырзахметовтың Зұлмат замандағы ашаршылықта басынан өткерген ауыр оқиға да әсерлі әңгімеге айналды. Ұрпақ жалғастығын үзіп алмай, сақтап қалу үшін жүрегін жұлып тастап кеткендей, үш жасар қызын сондарынан қалмай қойған қасқырға қалдырып, өзін де құрбан етуге дайын болып, бес жасар ұлды аман алып қалған қасіретті ана ерлігінде қасиетті Ана бейнесі асқақтап тұрғанын айшықты тілмен айқын жеткізе білді.

Сұқбатта ұлттық мүддені қорғау, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, демографиялық өсім мәселелерді де қисынын тауып, қиыстыра баяндалды.

Мемлекеттік хатшының аузынан бүкіл қазақтың күтіп жүрген сүйінші сұрар сүйінішті ақжолтай мәліметі де айтылып қалды. Қазақстан халқы биыл 19 миллионға жетіп, Мемлекет құраушы Қазақ ұлтының саны жыл аяғына дейін құдай қаласа 78 пайызға жетпек! Тәуелсіздік алған кезде еліміздегі қазақтар саны 39 пайыз ғана екенін ескерсек, енді ұлтымыздың саны екі есе өскен кезде, өзге ұлттар екі есе кеміген шақта Мемлекеттік тіл туралы заңымыз да 78 пайызға лайықты болып қабылдануы кезек күттірмес өзекті мәселе болып тұр.

Яғни, 2021 жылы Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесін 80 пайыздан астам өсіммен қарсы алатын қуанышты күн де есік қағып тұр.

Сұхбаттан білгеніміз, биыл өткен ғасырдағы зобалаң мен зұлматта саяси репрессияға ұшырағандарды реабилитациялау туралы құрылған мемлекеттік комиссия қыркүйек айында өз жұмысын бастайды.

Дауылдан кейін мамыражай тыныштық орнайтыны секілді дағдарыстан кейін даму басталады.

Өркениеттің жаңа талаптарына сәйкес өркендеп, рухани байып, бәсекеге қабілетті бола білсек, қазақтың болашағы жарқын болады!

Ең бастысы – Тәуелсіздікті берік сақтай білу! Ұлт идеологиясының негізгі өзегі осы болуы керек! – деп қорытты сөзін Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев.

Иә, қазіргі таңдағы ел еңсесін көтеретін ең басты саясат – ҰЛТ РУХЫН КӨТЕРЕТІН ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ!

Тәрбиесі зор тәмсілдерді тәлімді етіп тәспірлей білу үшін де тамыры тереңнен тартқан тектілік пен көкірегі көмбе, көкжиегі кең білімдарлық керек екені белгілі. Ел Тәуелсіздігін бекемдеуде кең құлашты идеологиялық қарымы мен іскерлік дарыны қос қанаттай қияларға самғатқан, руханиятқа қамқор рухы биік қайраткер ұлттық мәдениет пен дәстүріміздің құндылығына салмақты сараптау жасады.

Абайдың қарасөзінен нәр алып, Абай арнасының «Сарасөзіне» айналған хабарда тереңнен толғайтын сыры да көп, қиядан шалатын қыры да көп Қырымбек Көшербаев секілді саңлақ саясаткердің сарасөзі еленде отырған елдің көңілін демдеп, ертеңге деген сенімін нығайта білген тағылымды да, тартымды сүбелі сұхбат болды.

Иә, Абайдың асыл жырын, Қорқыттың қобызының үнін тыңдап өскен ұрпақ жаңа технологиялық заман талаптарына да жауап бере алатыны анық!

ҰЛТТЫҚ НЕГІЗГЕ СҮЙЕНГЕН ДАМУ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАЙДЫ!

Ал «МҮМКІН ЕМЕСТІ МҮМКІН ЕТУ» біздің әрқайсымыздан, өзіміздан басталады.

Қазыбек ИСА
«Қазақ үні»

АЛМАТЫ КӘСІПКЕРЛЕРІ

ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ІСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ШАҒЫМДАНДЫ

«Ақ жол» Демократиялық партиясының депутаттары Азат Перуашев пен Ерлан Барлыбаевтың қатысуымен дүйсенбіде өткен бейнеконференцияда шағын бизнес өкілдері мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіз екендігі туралы мәселені көтерді.
Мысалы, азық-түлік өнеркәсібі Одағының төрайымы Марина Сабралиева бұрын алған несиелерді жаңа мөлшерлеме бойынша қайта қаржыландыру мүмкін еместігін айтты. Кәсіпкерлердің мұндай әрекеттері несиені қайта есептеу және несиелік жүктеменің ұлғайтылатынымен аяқталатынын жеткізді.

Мемлекет төменгі мөлшерлемедегі жаңа несиелерге орасан қаражат бөлді. Бірақ банктер жаңа мөлшерлеме бойынша бұрынғы несиелерді қайта қаржыландыруға қарсы. Егер қаржыландырса, бұрынғы несие берешегін қосып, қайта қаржыландырады.

«Мақсат жаңа несиелерді таратуда емес, дағдарыстан зардап шеккен бизнесті қолдауда емес пе? Бірақ бұлай болмай тұр,– деді тағам өндірушілер. Сондықтан да Ұлттық банк пен қаржы нарығын реттеу агенттігінің банктерді бизнестің ескі несиелерін жаңа мөлшерлеме бойынша несиелік жүктемесін көтермей, керісінше оның берешегін төмендетуді міндеттейтін шешімі керек.

Кәсіпкерлер «Даму» қорының қаржылық көмек несиелері бойынша берешекті шегіндіру хаттамасын толтыру кезінде «форс-мажор туралы құжат» пен компанияның қаржылық қиын жағдайын растайтын өзге де құжаттарды тапсыру талаптарына да қатысты сұрақтар қойды.

«Қорға бұл не үшін қажет? Президент көктемде форс-мажорлық жағдай деп таныды. Қазір де карантин ұзартылды және Үкіметтің несиелерді 1 қазанға дейін шегіндіруді жалғастыру туралы шешімі де бар. Неге екені белгісіз «Даму» қоры кәсіпкерлерден құжаттарды талап етуде, олар неге бізді тағы да қағазбастылыққа мәжбүрлейді» деп ашуланды кәсіпкерлер.

Алматы ауыр машинажасау заводының бас директоры Жетпісбай Едігенов өндірушілер үшін арзан түнгі тарифтерді қолдануды жаңғырту туралы мәселені көтерді. Оның есептеулері бойынша, мұндай тарифтердің алынып тасталуымен өндірушілердің шығындары 12% артқан. Машинажасаушылар қазіргі жағдайда түнгі тарифтерді қайтару бизнесті қолдаудың маңызды шараларының бірі болар еді дейді.

Қатысушылар қазіргі қиын жағдайдан экономика мен кәсіпорындарды алып шығу жөнінде көптеген басқа да ұсыныстар айтты.

Азат Перуашев барлық ұсыныстар жинақталып, «Ақ жол» партиясының Үкіметке ұсынатын ұсыныстар топтамасына енгізілетініне сендірді.

«Ақ жол» Демократиялық париясының Алматы қалалық филиалы

«АҚ ЖОЛ»:

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ бизнеске қатысты талабы заңсыз

«Ақ жол» Демократиялық партиясы Денсаулық сақтау министрлігінің жұмысты қайта бастау үшін бизнеске рұқсат алу керек деген талабы заңсыз деп санайды – фракция төрағасы Азат Перуашев Үкіметке осындай хат жолдады.

ҚР Парламенті Мәжілісі – «Ақ жол» Демократиялық партиясы фракциясы депутаттарының кәсіпкерлермен кездесуі барысында шағын және орта бизнес өкілдерінің тарапынан карантиннен кейін Infokazakhstan.kz сайты арқылы қызметін жаңғыртуға міндетті түрде рұқсат алу керектігіне байланысты сын-шағымдар айтылуда. Сонымен қатар, Денсаулық сақтау министрлігі де осы сайтта тіркелмейінше бизнестің ары қарай жұмыс істеуі «заңсыз» болып табылады дегенді нақтылай айтқанын еске саламыз.

Сонымен кәсіпкерлерге тағы бір әкімшілік тосқауыл құрылды, мемлекеттік тіркеуден және салық төлемдері есебінен тыс кәсіпкерлік қызметті іске асыруға рұқсат етудің жаңа қызмет түрі енгізілді. Кәсіпкерлік Кодекстің 106 бабына сәйкес кәсіпкерлік саласында субъектілердің кейбір қызмет түрлеріне немесе іс- қимылдарына рұқсаттар мен хабарламаларды мемлекеттік реттеу ҚР Кәсіпкерлік Кодексі мен Қазақстан Республикасы «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» заңына сәйкес жүргізіледі.

ҚР «Рұқсаттар мен хабарламалар» Заңында рұқсат беру мен хабарламалар толық тізімі ескерілген. Осы заңның 2 қосымшасына сәйкес 120 тармағында санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру елдің санитарлық-эпидемиологиялық саласындағы нормативтік құқықтық актімен көрсетіледі. Онда мұндай қорытынды ұзақ мерзімді деп көрсетілген.

Осы тұрғыда карантин аяқталған соң әрбір кәсіпкер қосымша рұқсатсыз өзінің жұмысын жалғастыра алады. Яғни, ТЖ режимі мен карантин енгізілгенге дейін қызметі рұқсат етілген және барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай кәсіпкердің ҚР Кәсіпкерлік кодексі және ҚР «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңымен ескерілмеген жаңа рұқсаттарды алуы міндетті емес.

Заңнамалық/нормативтік актілердің иерархиясы бойынша денсаулық сақтау министрінің бұйрығы, тіпті Үкімет қаулысы Заң талаптарынан, оның ішінде Кодекстен жоғары тұрмайды, Кодексте және заң талаптарында ескерілмеген болса оларға тиым салуға немесе жаңа талаптарды енгізуге болмайды.

Мұндай шаралар мен шектеулер Төтенше жағдайлар кезінде енгізілуі мүмкін. Бірақ ТЖ режимі осы жылдың мамыр айында тоқтатылды, яғни, кәсіпкерлік қызметті іске асыру үшін мұндай тосқауылдар кәсіпкерлердің заңды құқықтарын бұзу болып табылады.

Кәсіпкерлік Кодекстің 14 бабымен бизнестің адалдық презумпциясы ескерілген, яғни, оның бұзушылығы анықталып және дәлелденгенше кәсіпкер адал деп саналады.

Яғни, жаңа шектеу шараларына (нақты бизнес субъектісіне қатысты болмаса) негіз жоқ, шектеу нақты бизнес субъектісінің санитарлық – эпидемиологиялық заң бұзушылығы анықталған және дәлелденген жағдайда ғана жүргізіледі. Егер мұндай жоқ болғанда кәсіпкер адал деп саналады және өз қызметін қайта жалғастыру үшін қосымша рұқсат алуға міндетті емес.

Сонымен қатар депутаттар әкімдіктердің эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтау жөніндегі бақылау мониторингтік топтарының жұмыс әдісі бойынша күмәндарын айтты. Мұндай топтар әртүрлі жергілікті мемлекеттік органдар мен қоғамдық белсенділерден құрылады, бірақ олардың құқықтық мәртебесі Кәсіпкерлік кодекс немесе заңмен реттелмеген. Егер ТЖ кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеулерге жол берілсе, ал ТЖ режимі аяқталғаннан кейін мониторинг топтарының өкілеттігі мен олардың құрылуы заңға сәйкес қаралуын қажет етеді.

Сондай-ақ үндеуде осы мониторингтік топтардың жұмысы көбінесе жазалау шараларын қолданумен жүргізіледі, үлкен айыппұлдар салынып, Кәсіпкерлік кодекспен анықталған тексеру тәртібі бұзылатыны айтылады.

Мысалы, тексерулер ескертулерсіз, СУР белгіленген тексеру кестесіз және оларды тағайындалуын алдын-ала ескертусіз жүргізіледі. Айыппұлдар ҚР ӘҚК 425 бабы бойынша (халықтың санитарлық –эпидемиологиялық, сондай-ақ, гигиеналық талап нормаларының саулығы саласындағы заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін) және 462 (Мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары лауазымды тұлғаларға, олардың қызметтік міндеттерін орындауға кедергілер келтіргенде, қаулылар, тыйым салу ұйғарымдарын және өзге де талаптарды орындамағаны үшін) салынады делінген.

Бірақ та осы баптардың бір де біреуі мониторингтік топтардың құрамындағы әкімдік өкілдері, полиция жасақшылары және қоғамдық белсенділердің құзырына кірмейді.

Сондықтан да осы топтарының жұмысы заңнамалық реттеуді немесе топтарды таратуды қажет етеді. Өйткені, Кодекс бойынша олардың қызмет өкілеттігі заңсыз болып табылады.

Егер олар реттелген жағдайда кәсіпкерлердің құқықтары мен олардың құқтарының сақталуы, мұндай тексерулерді өткізу негіздемелері мен ережесі, сондай-ақ, олардың қорытындысын дауласу тәртібі жазылуы керек.

Сонымен қатар, Азат Перуашев Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» №229 Жарлығын ешкім жоймағанын да ескертті.

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы эпидемиялогиялық жазалау шараларының қолданылу теңдігі ҚР заңдарымен белгіленген кәсіпкерлердің қарапайым құқықтарын сақтаумен белгілеу қажет деп санайды.

«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі

«Ақ жол» Демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев Жамбыл облысына барған сапарында өңір кәсіпкерлерімен бейнеконференция өткізді. Шарада карантиннен кейін шағын және орта бизнестің жұмысын қалпына келтіру, несие берешегі жүктемелерінің өсуі, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі сияқты және тағы басқа көптеген мәселелер көтерілді.

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ КЕДЕРГІ КӨП

Мысалы, infokazakhstan.kz сайты арқылы жұмысын қалпына келтіру үшін рұқсат алу керектігін кәсіпкерлер олардың құқықтарын шектеу деп санайды.

– Біз осыншама жылдар әртүрлі тосқауылдар мен бюрократтық кедергілерге қарсы шыққанымызбен, мұндай талаптар барлық еңбегімізді жоққа шығарады - дейді кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңес төрайымы Антонина Ан.

Сонымен бірге, ол келушілер тарапынан карантиндік ережені сақтамағаны үшін кәсіпкерлерді жазалауды тоқтатуды ұсынды. Келушінің маскасы болмағаны туралы сөз болды.

– Егер дүкенге немесе дәріханаға келген сатып алушы маска кимесе сатушы не істей алады? Полиция шақырсын ба не еркекпен төбелессін бе? – деп сұрақ қойды А.Ан. - Мұндай жағдайда неге тәртіп бұзған адамды жауапқа тартпайды? Не үшін кәсіпкерге, бизнеске жүз мыңдаған қаражатқа айыппұл салады?

Мониторингтік бақылау топтарының атына да шағымдар айтылды. Мысалы, мұндай топтар қорғану жеке құралдарын қолдануды тексерді, бірақ тексерушілердің өздері маска кимеген және қолғапсыз жүрген. Кәсіпкерлерді қорғау одағының төрайымы мұндай топтардың әрекеттері және сайт арқылы тіркелу жөніндегі талаптары Кәсіпкерлік кодекске қайшы келеді деп санайды.

«Ауыл Береке» базарының директоры Самат Үрпеков жаңа жағдайларда базарлардың жұмысын реттеуді ұсынды, өйткені тексерушілер өзінше түсіндіреді. Сонымен бірге, ол карантин кезінде несие пайыздарының амнистиясы туралы да айтты.

Ауыл диқаншылары егіс даласында өсірген өнімдерінің бүлінуі шығынға ұшыратып жатқанын жеткізді.

Тараздық кәсіпкерлер мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі (жалгерлік, несиелер, коммуналдық қызметтер және тағы басқа мәселелер) туралы айтты. Мысалы, мейрамхана қожасы бұрын алған несиесін оның бизнесі бойынша мембағдарлама болғанымен жаңа төмен мөлшерлеме бойынша қайта қаржыландыра алмай жүргенін айтты. Кейбір негіздемелер бойынша банк қайта қаржыландырудан бас тартуда, ал ол бұрынғы несиесін 4 жыл бойы уақытында төлеуде.

Айтылған барлық мәселелер мен ұсыныстар қорытылып Үкіметке жеткізіледі - деп сендірді әріптестерін А.Перуашев.

Содан кейін ол Сарысу ауданына барды, ол жерде он шақты мұқтаж көпбалалы отбасына көмек көрсетіп, азық-түлік қоржындарын тапсырды. Қашықтан оқу үшін оқушы балаларына планшеттер сұраған екі отбасына «Ақ жол» Демократиялық партиясының облыстық филиалына көмек көрсетуді тапсырды.

Азат Перуашев Жаңатас қаласы дәріханаларында керекті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілуін және олардың бағаларын көрді. Сондай-ақ Сарысу ауданы ауруханасы провизорлық орталығына үш оттегі құралын тапсырды. Орталық ұжымымен сөйлескен Азат Перуашев дәрігерлерге қиын кезеңде адамдардың өмірі үшін күрескен жанқиярлық еңбектері үшін алғыс айтып, жұқпалы дерттің күзгі толқынына әзірлік жұмыстардың барысы және мемлекет тарапынан жүргізілетін қажетті шараларды талқылады.

«Ақ жол» демократиялық партиясының Жамбыл облыстық филиалы.

№30-31 (900-901) 17-24.08.2020 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

ҚАЗАҚ ЕЛШІЛІКТЕРІНІҢ ТІЛІ РЕСЕЙ ТІЛІ МЕ?!.

СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІН СЫРТ ЕЛДІҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУШЫЛАРДАН ТАЗАЛАУ КЕРЕК, ПРЕЗИДЕНТ МЫРЗА!

Моңғолиядан қандас қарындасымыз Майгүл Аулых қоңырау соқты... Карантин кезінде біздің елде қалып қойған әпкесінің жағдайына байланысты Моңғолиядағы Қазақстан елшілігіне хабарласыпты.Телефонды көтерген Қазақстанның Моңғолиядағы елшілігінің консулдық мәселелер бойынша 2-ші хатшысы Шынар Жуматаеваның қазақ екенін білгесін, өзінің қазақ екенін, сондықтан қазақша сөйлесуді сұраған. Сөйтсе, Қазақстан елшілігінің 2-ші хатшысы Шынар Жуматаева Моңғолиядағы қазақ қызына Ресей Федерациясының мемлекеттік тілінде сөйлеген және Қазақстанның мемлекеттік тілінде сөйлеуді сұрағаны үшін Майгүлге ашуланып, ұрсып жіберген! Қазақы қаны басына шапқан Майгүл де «Онда сен Қазақстанның атынан неге отырсың елшілікте жоғалмай?!.» деп қатқыл қарымта жауап қайтарған. (Аудио және смс скриншоттары бар).

Қазыбек ИСА,
ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі

Шынар Жуматаева өз мемлекетінің мемлекеттік тілін естігісі келмей, Майгүлдің телефонын блокқа қойып тастаған! Онымен қоймай, қазақ тілінің мүддесін ойлағыш қазақ қызын сабасына түсіріп қоймақ болып, Моңғолиядағы министрлік қызметкеріне шағым жасап, ол Майгүлге «Қазақстан азаматында нең бар, сен Моңғолияның азаматысың!» деп ескерту жасаған. (Аудио және смс скриншоттары бар).

Қазақтың, Елдің, Тілдің, Мемлекеттің мүддесін қорғауы тиіс елшілік қызметкері қорлап отырса, шетелде жүрген қаршадай қазақ қызы қорғамағанда кім қорғайды енді?!. Майгүлдің Моңғолиядағы қазақ қызы ретінде Қазақстанның елшілігіндегі мемлекеттік тілдің табанға тапталуына ұлттық намысы қайнағанына, қазақ тілінің мүддесін қорғап отырғанына көп рахмет! Ұлтының мүддесін шетелде қорғап жүрген сендей Қазақ қызына Алла жар болсын! Жұлдызың жарқырай берсін, Майгүл!

Ал енді қараңыздар! Қарапайым санамен-ақ саралап көрейікші!

Моңғолияның қазақ қызы Қазақстанның елшілігіне қазақ тілінде хабарласады! Ал бұл жерде Қазақстан мен Моңғолияға ешқандай қатысы жоқ айдаладағы шет ел, сырт мемлекет Ресей Федерациясының мемлекеттік тілінің не қатысы бар, Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді мырза? Әлде, Қазақстан әлі кешегі Кеңес Одағынан,бүгінгі Ресейден Тәуелсіздік алмаған ба, автономиялы республикасы ма?

Бұған былтыр ғана Моңғолиядағы Қазақстан Елшісі болып тағайындалған Жалгас Адилбаев не деп жауап береді? Қазақстанның мемлекеттік тілін қорлап, табанға таптап отырған Шынар Жуматаеваны жұмысқа алғанда Елшіміз Жалгас Адилбаев та, министріміз Мұқтар Тілеуберді де онымен Ресей тілінде сөйлескен бе? Сыртқы істер министрі болып, Мұхтар Тілеуберді мырза келгенде тегінен бастап текті, қазақы министр келді деп қуанып жазып едік, енді елшіліктерге айтылған сыннан қорытынды шығарады деп сенеміз.

Майгүлдің құрбысы Ақшолпан Дағысқызы да елшілікке, Шынар Жуматаеваға қазақ тілінде хабарлама жіберген. Ешқандай жауап жоқ! Соған қарағанда ол принципті түрде қазақ тілінде хабарласқандарға жауап бермейтін болып тұр ғой...

Ал бұл жерде қарапайым дипломатиялық қызметкер этикасы қайда? Карантин кезінде Моңғолияда қалып қойып, елге екі айдан асқанда, Президентке видеоүндеу жасап жүріп, зорға келген 108 қазақстандық азаматтың елшілік қызметкері Шынар Жуматаевамен арадағы «жыры» да бізге жеткен еді кезінде, оның шет жағасы телеарналарда сөз болған еді...

Қазақ елшілігімен Қазақ тілінде сөйлесе алмаған Қазақтың қайсар қызы Майгүл содан соң уатсап тобынан жәрдем іздеп:

«Қазақ мемлекетінен отырған шетелдегі елшілік қызметкерлері орысша сөйлемесін! Қазақ мемлекеті тек Қазақша ғана сөйлесін» деген сөз жазады. Сол кезде топтағылар менің телефон номерімді тауып беріпті. Белгілі тіл жанашыры Оғыз Доғанға, заңгерлерге хабарласып, хат алмасқан.

Мемлекет мүддесін қорлау ғой бұл! Бұл 2002 жылы егер миын ауыстырмаса, өз ана тілі мен мемлекеттік тілін үйрене алмайтын Сыртқы істер министрі

Ерлан Ыдырысовтың «Если вы мне не поменяйте мои мозги, мне казахский язык не выучить!» деп анау-мынау емес, парламенттің алдында мәлімдеп, (қазір Қазақстанның Ұлыбританиядағы Төтенше және Өкілетті елшісі) Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы заң жобасынан дипломатиялық қызметкерлер мемлекеттік тілді білуі міндетті деген талапты алдырып тастағанының кесір-кесепаты әлі толық жойылмай келеді. Кейін бұл негізі басынан басты талап болуы тиісті «мемлекеттік тілді білуі міндетті» деген бап 2009 жылы ғана сенатор Қуаныш Айтахановтар бастаған депутаттардың күш салуымен енгізілді.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы заңның 9-шы бабы, 1-ші тармағы бойынша:

«Дипломатиялық қызметке жоғары білімі бар, мемлекеттік тіл мен орыс тілін еркін меңгерген және өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін тиісті іскерлік, моральдық, кәсіби қасиеттерге қол жеткізген әрі денсаулық жағдайы дұрыс Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады»-деп жазылған.

Ал 19-ыншы бабы бойынша «Дипломатиялық қызмет персоналы өзінің кәсіби деңгейін, біліктілігін, жалпы саяси даярлығын арттыруға, мемлекеттік және шет тілдерді білуін жетілдіруге міндетті.

Бұл заң бойынша, шынында да Қазақстан әлі Ресейдің отары секілді.

Біріншіден, Тәуелсіз Қазақстанның елшілік қызметкері неге шет мемлекет Ресейдің мемлекеттік тілін білуге міндетті?!. Әлде бұл заң сол баяғы әлі орыс тілінде сөйлейтін, мемлекеттік тілді білмесе де екі рет министр болған, әлі елші боп жүрген ыдырысовтар үшін жасалған заң күйінен әлі жетілмеген бе? Бұл жерде негізі «мемлекеттік тіл мен ағылшын тілін еркін меңгерген» деп жазылуы тиіс қой халықаралық қағидаларға сай.

Екіншіден, 19-ыншы бап бойынша елшілік қызметкері шет тілін жетілдіруі түсінікті, ал неге өзінің мемлекеттік тілін «жетілдіруі» керек, ол «мемлекеттік тілді жетік, еркін білген соң» қызметке алынуы керек емес пе? 19-шы бап 9-шы бапқа қарсы шығып тұр ғой бұл жерде?!.

Сонда елшілікке аталмыш заңның 9-шы бабына сай «мемлекеттік тілді еркін білетіндер емес, 19-шы бабына сай қызмет істеп жүріп ақырын мемлекеттік тілді үйрене беретіндер (олардан қазақ тілін үнемі талап етіп жатқан Майгүлдер жоқ, сондықтан үйрене қоюы көзбояушылық) алынып келе жатқаны белгілі болып тұр ғой.

Заңда «мемлекеттік және шет тілдерді білуін жетілдіруге міндетті» дегенде, мемлекеттік тілдің деңгейі шет тілімен бірдей шеттеп тұр... Ал бұл жерде «жетілдіруде» орыс тілі жоқ, өйткені ол Ресей тілі ешқашан жетілдіруді қажет етпейтін, бәрі 100 пайыз жетік білетін «өз тілдері...»

Жалғыз бұл оқиға емес, жалпы елшілік пен Сыртқы істер министрлігі қызметкерлерінің мемлекеттік тілде сөйлемейтіндіктері баспасөзде жиі сыналатынының себебі заңның осындай шикілігінде жатыр. Кезінде бұл мәселені белгілі ғұлама ғалым Өмірзақ Айтбайұлы бастаған зиялылар да көтерген болатын...

Елшіліктегі мұндай масқара кемшіліктер жойылмаса, «Қазақ тілі – ұлтаралық қатынас тіліне айналуы керек» деген Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың «Мемлекеттік тілдің мәселесі өте маңызды. Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Қазақ тілі қазақты әлемге таныта алады. Халықтың тілі – халықтың төлқұжаты» деген сөзі қалай іске аспақшы?!. Елшілік қызметкерлері Ата заңды да, басқа заңдарды да белінен басып, шетелде Мемлекеттік тілін қорлап отырса, қалайша «Қазақ тілі қазақты әлемге таныта алады?!.»

Осы жерде барлық жұмысымызды жиып қойып, Қазақстан елшілігі қызметкерлеріне аздаған тегін сауат ашу дәрісін оқып жіберуге мәжбүрміз.

ҚР Конституциясының 7-бабы:

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Конституцияда да, Тіл туралы заңда да ең жоғары статус – мемлекеттік тіл статусы. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл статусынан жоғары статус болмайды. Сондықтан сауатсыздардың (министр ме, әкім бе, депутат па, сатушы ма, бәрібір) қандай да бір орыс тілінің «мәртебесі» туралы «ережелері» МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ қасында бос сөз болып табылады!

2007 жылы Мәжіліс депутаты ақын Мұхтар Шаханов бастаған бір топ депутаттың: «Конституция бойынша орыс тілі мемлекеттік тілмен бірдей болып табыла ма?» деген сұрағына Конституциялық Кеңес: «Атазаңның 7- бабы 2-тармағы бойынша «Орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен қатар қолданылады»-деген сөз – орыс тіліне мемлекеттік тілмен бірдей статус бермейді»-деп, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 ж. 23 ақпандағы № 3 қосымша қаулысымен жауап берген.

Яғни, «Орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген сөз «ресми тіл» статусын да, мемлекеттік тіл статусын да білдірмейді.

«Орыс тілінің статусы мемлекеттік тілмен бірдей» -деген сөз ойдан шығарылған, орыс тілінің құқын асыра пайдаланған орыстілділер жасап алған жалған «статус».

Жақында «Қазақ үні» ұлттық порталында Германиядағы Қазақстан елшілігінің Еуропадағы қандастардың жинап берген медициналық гуманитарлық көмегінің жарты айдан бері жіберілмей жатқаны туралы мақаламызда жазғанымыздай, бүгінде ішіміз іріп, сыртымыз шіріп бітуге таяған екен. Барлық мемлекеттік органдардағы бетімен кеткен берекесіздікті, тоқмейіл топас тоқырауды тоқтатып, өткенде ҚР Президенті Қ.Тоқаев тоқетерін айтқандай, істен шыққан мемлекеттік басқару жүйесін шұғыл қайта құру қажет

Сыртқы істер саясатында, елшіліктердегі ең негізгі талап -Қазақ елінің мүддесін қорғау – Қазақстанның мемлекеттік тілінде сөйлеу талап етілуі керек! Бұрын бізді отарлағанын минут сайын есімізге түсіріп, бетімізге шіркеу қылатын Ресей тілінде – сырт елдің тілінде емес – жат мемлекеттің мүддесін қорғау емес...

Ал Халықаралық байланыс тілі ретінде ағылшын тілін талап ету белгілі қағида.

ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАНЫНА 30 жыл болған ҚАЗАҚСТАН ЕЛШІЛІГІНІҢ ТІЛІ ҚАШАНҒА ДЕЙІН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ТІЛІ БОЛА БЕРЕДІ?

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтан сұрайтынымыз, Сыртқы істер министрлігін сырт елдің мүддесін қорғаушылардан тазарту керек.

«Қазақ үні»

ТРУДНОСТИ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ, ИЛИ ВСЯ НАДЕЖДА НА МИНИСТРА АЙМАГАМБЕТОВА

Образование в РК оказалось в сложнейшей ситуации. Дистанционное обучение – это не прихоть Министерства образования и науки, а вынужденная мера. Особенно тяжело пришлось школьникам из отдаленных аулов, где были перебои с интернетом, не говоря о нехватке гаджетов. Большие трудности испытали и учащиеся младших классов.

ТРУДНОСТИ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

Весеннее дистанционное обучение выявило, что многие школы не укомплектованы компьютерами и многим другим, в отдельных селах – перебои или даже отсутствие интернета, что является недоработками Министерства цифрового развития. Оказалось, школьникам не хватает 700 тысяч компьютеров, и многие дети рискуют остаться без базового образования.

Глава МОН на заседании правительства отметил, что в школах будут работать лишь дежурные классы на основании заявлений родителей при соблюдении строгих санитарных требований, а обучение остальных школьников будет в формате дистанционного обучения.

«То есть в одном кабинете с одним учителем будут учиться дети дежурных классов. Заявления в дежурные классы будут приниматься в электронной форме через все доступные средства связи. Так, по предварительным прогнозам в дистанционном формате с использованием интернет-платформы и телевидения будут обучаться 2,6 млн школьников, в дежурных классах – 530 тысяч детей, в штатном режиме более 157 тысяч учащихся», – отметил министр.

Оказалось, что не все имеющиеся старые компьютеры подойдут для детей, и МОН закупило около 50 000 новых компьютеров, дальше до сентября будут покупать акиматы – даны такие поручения правительством. Телеуроки подготовлены профильным ведомством, будут усовершенствовать интернет-платформы с учетом требований родителей, сурдоперевода, обеспечения контента и т.д.

Учителя будут повышать способность работать по этим компетенциям, по информационным технологиям, IT-платформам, интернет системам. Будут обучающие курсы для учителей, повышения компетенции в дистанционном режиме, повышению профессионального уровня.

Другая часть программы МОН касается методологии обучения, методов оценивания в новых условиях, как вообще преподавать, потому что преподавание в дистанционке значительно отличается от традиционной классно-урочной системы.

В вузах, колледжах – тоже дистанционное обучение. Традиционное обучение – по индивидуальному графику, например, при организации практических занятий на первом и выпускном курсах, в обычном формате – в отдаленных населенных пунктах.

Правительство должно решить вопрос о снижении тарифов интернет связи для школьников, студентов, учителей или даже сделать его бесплатным, и обеспечении малоимущих, многодетных семей компьютерами.

Весной первоклассникам повезло, что карантин начался в то время, когда они уже научились читать и писать. А теперь в новом учебном году первоклассники будут заниматься дистанционно, а это очень сложно. В этих условиях трудно будет и учителям нулевого и первого классов, например, какая будет методика обучения грамматике и математике по телефону.

Наиболее уязвимые сейчас – первоклассники. Они ни писать, ни читать не умеют. Поэтому по желанию родителей, с соблюдением санитарных норм (в группах по 10-15 человек), МОН готово дать возможность для их обучения.

ОТ КАКИХ «РЕФОРМ» САГАДИЕВА СЕЙЧАС ИЗБАВЛЯЮТСЯ

За 3 года «реформ» министра образования и науки Ерлана Сагадиева уровень образования заметно упал, что отметили даже международные образовательные исследования PISA. Ряд «реформ» бывшего министра несли даже авантюрный характер, например внедрение повсеместного трехъязычия в школьное образование при отсутствии подготовленных учителей, внедрение опыта НИШ в обычные школы или замена «Әліппе» и «Букваря» на «Сауат ашу» и «Уроки просвещения» для первоклассников.

Система образования при Сагадиеве обросла новыми системными ошибками и проблемами, они лихорадили среднюю и высшую школу, не обошли они и науку.

В итоге в 2019 г. Сагадиев сам ушел в отставку, оставив в наследство разрушенную систему образования.

Вся система высшего образования РК была заточена на финансах, с тем, чтобы было больше студентов на платной основе. Абитуриентам, провалившим ЕНТ для поступления в вузы в июне, при Сагадиеве дали второй шанс – они могли повторно пройти тесты, заплатив 2242 тенге, и поступить на платное отделение.

По новым правилам, озвученным МОН осенью 2018 г., выпускники казахстанских школ, желающие поступить в вуз на платной основе, с 2019 г. сдавали ЕНТ в январе, марте, июне и августе!

При таком подходе никак не учитывались потребности экономики. Например, давно всем известна нехватка специалистов и рабочих для сельского хозяйства, специалистов рабочих профессий, технического профиля, строителей и т.д. Но ведь такие учебные заведения не смогут быть платными и приносить деньги?

Именно желание извлекать коммерческую прибыль расплодила всевозможные сомнительные университеты и институты, в итоге экономика не развивалась и несла большие убытки из-за дефицита нужных стране специалистов, а на работу приходили специалисты с сомнительными дипломами.

Из года в год повторялась и основная проблема ЕНТ – вместо самостоятельных ответов по тестированию большинство выпускников списывали.

В итоге у многих наших выпускников – поддельные знания, потому что массовое списывание на ЕНТ не наказывалось МОН. Когда ловили школьников во время списывания с телефона или со шпаргалки, ответы не аннулировались. К тому же за списывание государство еще выделяло образовательные гранты.

Система издания школьных учебников в РК благодаря «реформам» и коррупции разрушена, и ныне она представляет собой нечто несистемное и коррумпированное.

А скандалы с Национальными научными советами (ННС) дошли до руководства страны – Письмо ученых к президенту открыло незавидное состояние в сфере науки.

И вот новый министр Асхат Аймагамбетов эти авгиевы конюшни предыдущего министра чистит, притом удачно – без шума, системно и профессионально. Немаловажно, что Аймагамбетов – бывший педагог. Сагадиев (экономист) – не педагог, не работал ни в школе, ни в вузе, не знает систему образовании изнутри, не имеет цельного представления об учебном процессе в школах, колледжах и вузах.

ЧТО АЙМАГАМБЕТОВ УСПЕЛ СДЕЛАТЬ ЗА ГОД?

Недавно стало известно, что МОН возвращает «Әліппе» («Букварь») и «Ана тілі» («Родной язык») для первоклассников.

Согласно новым правилам ЕНТ, попытка проноса запрещенного предмета уже считается нарушением и ведет к не допуску на экзамен. В этом году в первый день ЕНТ 164 человека лишились возможности сдать тестирование за попытку пронести запрещенные предметы и за нарушения правил, во второй день – 261 т.д.

По некоторым данным, таких «Алдар Косе» – более 2000. Комиссия будет просматривать записи с видеокамер из аудиторий, где проходило тестирование, до 25 августа, и результаты тех, кто списывал, аннулируют и лишат их гранта.

Ужесточение контроля тестирования началось в январе 2020 г., когда сдавали ЕНТ (на платное отделение в вуз), тогда аннулировали результаты 1500 человек.

Есть надежда, что теперь будет покончено с позорным списыванием на ЕНТ, которое существенно влияло на уровень средней и высшей школы.

Немалое количество вузов при нынешнем уровне коррупции штамповало большое количество поддельных специалистов – в наших вузах можно учиться и без сертификатов ЕНТ.

Вот оценка министра Аймагамбетова: «Есть такие факты, когда в вуз поступает 100 человек, а выпускается 800 за счет того, что учебное заведение собирает всех отчисленных за неуспеваемость студентов из других вузов, зачисляет и выдает им дипломы. Еще один факт: в 2019 г. 37 тысяч студентов «перевелись» через семестр или год обучения из вузов ближнего зарубежья в несколько, в основном небольших, казахстанских вузов. По нашей информации, определенное количество студентов фактически сдает документы в казахстанский вуз, а для обхода требования о наличии сертификатов ЕНТ те, в свою очередь, отправляют документы в зарубежный вуз и через семестр или год также виртуально переводят обратно».

По словам Аймагамбетова, есть также региональные частные вузы, где обучается по 20-23 тысячи студентов, большинство из которых на занятия не ходят.

МОН приостановило лицензию некоторых вузов, пока это временная мера, потому что лишение лицензии – это длительная процедура.

По решению МОН, программы университетов и колледжей должны соответствовать ожиданиям работодателей – сейчас работодатели формируют те компетенции, которые хотят видеть в выпускниках. Уже подготовлено 100 новых профстандартов, их планируют довести до 400. По программе «Жас маман» будет обновлена материально-техническая база 180 колледжей по стране, для этого предусмотрено 58 млрд тенге.

Очень сильный удар нанес министр по ННС.

Одним из ключевых изменений в Положении является процедура принятия решения членами ННС. Если раньше ННС принимали решения о финансировании тайным голосованием, то теперь введено открытое голосование с четкими критериями и выставлением баллов. Более того, будет обеспечена трансляция заседаний.

Сейчас составы ННС обновлены, переработан процесс формирования составов ННС, повышены требования к членам ННС и полностью будут пересмотрены составы ННС в соответствии с новыми требованиями.

В рамках исполнения поручения Главы государства финансирование науки на этот год увеличено в 2 раза. Раньше конкурсы на научные проекты проводились раз в 3 года. Соответственно, если ученый не получает гранта, а следующий конкурс – только через 3 года, многие ученые, не получив финансирования, меняли профиль и уходили из науки.

Теперь конкурсы будут проводиться ежегодно, со сроком реализации в 3 года.

Впервые в истории страны глава МОН лично проверил содержание школьных учебников. Аймагамбетов раскритиковал учебники английского языка, литературы, географии и физики. Названы и причины плачевного состояния учебников: спешка, слабая внутриздательская экспертиза, редакторская работа, безответственность издателя за качество предоставляемых учебных материалов.

Новый министр кардинально меняет нынешнюю систему издания учебных книг. Теперь начнут готовить авторов учебников и специалистов по экспертизе школьных пособий, будут серьезные санкции за опечатки.

Приостановлено внедрение авантюрного сагадиевского трехъязычия в школьное образование.

Но меры МОН по отношению к недобросовестным вузам, издательствам, ННС и т.д. задевают бизнес-интересы многих сил в стране, за которыми стоят очень влиятельные люди.

В такой непростой период в системе образовании РК – это один из тех министров, который четко, компетентно и быстро принимает правильные решения, выводит образование из кризиса. Нам нужен только такой министр!

Дастан ЕЛДЕС
d.eldesov@mail.ru

175 ЖЫЛ

АБАЙҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТ ҒАСЫРЛАРМЕН ӨЛШЕНЕДІ

Биыл ерекше жыл – ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы» - деген-ді. Соның нақты айғағы – әлемдік деңгейдегі ой алыбының мерейтойы ел ауқымында ғана емес, дүние жүзі бойынша кең көлемде аталып өтіп жатқаны белгілі.

Әрине, бұл мерекенің ұлы Абайдың жерлестері – шығысқазақстандықтар үшін орны бөлек. Әлемдік тұлғаның туған жерінде бұл айтулы шараға алдынала қызу дайындық жасалып, көптеген жұмыстар атқарылды. Шығыс Қазақстанда, оның ішінде Семей мен Абай ауданында бірқатар нысандар бой көтеріп, ел игілігіне берілді.

«Тойдың болғанынан болады-сы қызық» демекші, аймақта Абай тойына әзірлік осыдан бір-екі жыл бұрын басталған болатын. Қарымқатынас жол арқылы жүзеге асады. Осыны ескерген облыс әкімі Даниал Ахметов Абайға баратын жолды жөндеуді 2018 жылы қолға алған-ды. Сол жылы «Нұрлы жол» бағдарламасы арқылы облыстық маңызы бар «Семей-Қарауыл» автомобиль жолының 128 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2019 жылы аталған жолдың қалған 32 шақырымы жөнделді. Тағы бір ерекше атап өтер дүние, 2018 жылы аудан халқының спортпен айналысуына, салауатты өмір салтын ұстануына мүмкіндік тудыру мақсатында ұзындығы 25 метр, 5 жолақты жүзу бассейні салынды. 2019 жылы облыстық бюджеттің төртінші деңгейіне өткен ауылдарға қаржы бөлініп, Қарауыл ауылындағы Абай алаңының толығымен абаттандырылып, әуенді су бұрқақ пен «Street workout» алаңы салынды. Сонымен қатар осы жылы Кеңгірбай би ауылында 100 орындық Мәдениет үйі пайдалануға берілді. «Абай ауданы жылдан жылға емес, күннен күнге көркейіп келеді. Осы орайда аймақ басшысы Даниал Кенжетайұлының ұлылар мекеніне, ақынның туған еліне ерекше құрметпен, ыстық ықыласпен қарайтындығын атап өтпеске болмайды. Халық игілігіне айналар ауқымды жұмыстар әлі де атқарылуда. Ақынның туған жері ұлы тойға үлкен жауапкершілікпен әзірленіп, ауданымызда 19 жоба іске асырылуда» дейді Абай ауданының әкімі Жарқынбек Байсабыров.

Бұл жобалардың ең ауқымдысы – Ақшоқыдағы Құнанбай Өскенбайұлы музейінің құрылысы. Былтыр Шығыс Қазақстанға жұмыс сапарымен келгенде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлы Абайды ұлықтағанда, оның әкесі Құнанбайдың ел алдындағы еңбегін ұмытпауымыз керек» деген болатын. Бүгінде қорым аумағы кеңейтіліп, заманға зай өзгерістер жасалды, қорым толығымен абаттандырылды. Зират ішіндегі тозығы жеткен белгі тастар жаңартылды. Алаңға тақтатастар төселіп, келушілерге қолайлы жағдай тудыру мақсатында панажайлар қойылды. Қоршау ішіне ұлы Абайдың қанатты сөздері жазылып, гүлдер отырғызылды. Осы қорым жанынан Құнанбай музейінің құрылысы басталды. Мұндағы басты міндет – хакімнің ата-анасына құрмет көрсету. Музей арқылы қазақ халқының сол дәуірдегі құндылықтары мен ұрпақтар сабақтастығы жаңғыртылып, дала данышпаны Құнанбайдың ел тарихындағы сіңірген еңбегі дәріптелмек. Музейге келушілер ұлылар мекенінің тарихымен, өнерімен, мәдениетімен, тұрмыс-салтымен таныса алады. Бұл аудан туризмінің дамытуға жол ашады.

Тағы бір ауқымды жоба – ақынның кіндік қаны тамған Сырт Қасқабұлақ мекенінің абаттандырылуы. Осы бұлақ басынан ұлы Абайдың өмір жолы басталғаны белгілі. Бұл – ерекше қасиетті жер. Өткенге көз жүгіртсек, ақын туған бұлақ басы ұзақ жылдар бойы ескерусіз, елеусіз қалып келген еді. Осы маңда мал жайылып жүретін. 2019 жылы облыс әкімі тарихи орынға арнайы келіп, қайта жаңғырту қажеттілігін алға тартты. Сол жылы бұл жер Абай аудандық мәдениет үйінің теңгеріміне алынып, қасиетті бұлақ басы адам танымастай өзгерді. Бұлақ маңайы толығымен абаттандырылды. Шырша, шынар ағаштары отырғызылды. Абайдың домбырасының пішінінде заман талабына сай жасалған нысан басына һәкімнің ұлағатты 45 сөзі жазылған мәрмәр тастар қойылды. «Туғанда дүние есігін ашады өлең» деген стелла тұрғызылды. «Ұлы бабамыз Абай Құнанбайұлының 175 жылдық тойы аймаққа үлкен серпін берді. Жақында ел үлкендері болып, Абайдың туған жері Сырт Қасқабұлақта болдық. Мен Абайдың 100 жылдығында болмасам да, 125, 150 жылдық тойларының басы-қасында жүрген адаммын. Бірақ Абай атам туған Сырт Қасқабұлақ ол кезде аталған жоқ. Бұлақтың бар екенін ел біледі, бірақ бұрылып ешкім қараған жоқ, бірде-біреуі назар салған жоқ-ты. Қазір Сырт Қасқабұлақты көрсеңіз, таңқаласыз, бұлаққа баратын жол, бұлақтың арнасының кеңеюі, оған орнатылған гүлзарлар, көгалдандыру жұмыстары көз қуантады. Сырт Қасқабұлақтағы жасалып жатқан дүние біздің талай жылғы арманымыз. Қасқабұлақ жаңаратын болса, Абай жаңарады, Абайдың туған жері жаңарады деп ойлаймын. Бір кездері Құнанбай бабамыздың басы ашық жататын, қазір барсаңыз, Құнанбайдың қорымы таңдай қағып, таң қалатындай жағдайда тұр. Енді тамаша музей салынбақ. Бұл – бұрын болмаған жағдай. Халықтың, ел басшыларының қайрат, жігерімен жасалып жатқан шаруаларына рахмет айтып, дұрыс баға беру керек» - дейді Абай ауданының Құрметті азаматы, ақын Төлеген Жанғалиев.

Әрине, той өтеді де кетеді. Тойдың тағылымы елге, жергілікті жұртқа пайдалы, игі істермен есте қалса керек. Осы орайда һәкімнің өзі айтқандай «еріншек, бекер мал шашпаққа» жол берілмей, ақынның туған жері Абай ауданының орталығы – Қарауыл ауылының инфрақұрылымын нығайтуға ерекше көңіл бөлініп жатқаны қуантады. Қазір ауылда Назарбаев Зияткерлік мектебінің үлгісінде 300 орындық мектеп салынуда. Бұрын балалар екі немесе үш ауысымда оқып жүрген болса, жаңа мектеп пайдалануға берілгеннен кейін бір ауысымда оқиды деп жоспарлануда. Қарауылдағы тағы бір ауқымды жоба – су құбырының тартылуы. Қазір осындағы 1976 жылы салынып, жөндеу көрмей ескіріп, тозығы жеткен су құбырлары толығымен жаңартылуда. Бүгінгі күні ауылішілік 44 шақырым магистралдық желінің 30-дан астам шақырымына құбыр тартылды. Бұл жұмыс қазан айында аяқталмақ.

Қарауылда бұрын-соңды қолға алынбаған жобаның бірі – Абай саябағы. Қазір құрылысы қарқын алған саябақтың ұзындығы 600 метр, ені 250 метр, жалпы аумағы 15 гектарды құрайды. Сонымен қатар Қарауыл төбедегі дала сахнасы мен ипподром да толықтай жаңғыртылуда. Бұл нысан ақынның 150 жылдық мерейтойы өткеннен кейін жөнделмеген-ді. Мәденибұқаралық, спорттық шаралар өткізілетін ипподромның ат шабатын жолдары тегістеліп, 3 шақырым айналым жолы жөнделді. Дала сахнасы қайта жаңарып, көрермен отыратын трибунаның сыйымдылығы 500 адамға дейін кеңейтілген.

Ақынның туған жері Абай ауданымен қатар Семейде де құрылыс, жөндеу жұмыстары қарқын алған. Семейде ақын атындағы ғимараттар аз емес. Соның бірі – Абай атындағы театр. Биыл Абай тойы қарсаңында театрда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Ғылыми-реставрациялық жұмыстар және театрды жаңарту дегеніміз дұрыс болатын шығар. Театрдың айналасы абаттандырылып, ғимараттың қас беті, іші, көрермендер залы заманауи интерьерлермен безендірілді. Театр ішіндегі барлық қосалқы ғимараттар да жөнделуде. Жаңа дыбыс аппаратты қойылады. Техникалық цех қызметкерлеріне, жалпы шығармашылық ұжымға жайлы жағдай жасалған. Мұндай жөндеу жұмыстары театрда соңғы 40 жылда болған емес. Мемлекет және аймақ басшыларына алғысымыз шексіз» - дейді театр директоры Яков Горельников.

Семейде ақын атындағы алаң мен театрда, қара шаңырақ – Абай музейінде реконструкциялау, күрделі жөндеу жұмыстары қарқын алған. Жақында облыс әкімі Даниал Ахметов Семейге жұмыс сапарымен барып, осы нысандарды аралады. Ерекше атап өтер дүние, биылғы мерейтой аясында Абай музейінің алдына ақын мен ұлдарының бірге тұрған ескерткіші қойылмақ. Мұндай ескерткіш елімізде әлі қойылған жоқ. Туындының өзгешелігі, ақынның ұлдарымен бірге тұрғаны, ұлдарының әкесіне мейірлене, сүйіспеншілікпен, құрметпен көз салған сәті. Бұл жерде шеберлер ұлы Абайды қамқор әке ретінде көрсетуді мақсат тұтқан. Туынды авторлары – өскемендік Сәрсен Сейісов пен семейлік Нұрбол Қали. «Бұл енді өзгеше ескерткіш болайын деп тұр. Ескерткіш қоладан құйылуда. Облыс әкімінің қолдауымен біздің музейдің алды абаттандырылып, ақ гранит төселіп жатыр. Аймақ басшысылығы мен Мәдениет министрлігі бізге үлкен қолдау көрсетіп жатыр» дейді Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейінің директоры Тұрдығұл Шаңбай.

Адамзаттың Абайы дүниеге келген аймақ биыл ерекше күй кешуде. Алдында айтқанымыздай көптеген істер атқарылды. Рас, бүкіл әлемдегідей кенеттен келген коронавирус індеті біздің жоспарларымызға кейбір өзгерістер енгізуге мәжбүр етті. Бірақ ол Абайға деген ел сүйіспеншілігі мен халық құрметіне кедергі бола алмайды. Соның айғағындай елімізде Абай жылы көптеген игі істерімен есте қалады. Абай телеарнасы ашылып, Абай күні ресми түрде бекітілді. Одан да басқа өткен және әлі де өтіп жатқан іс-шаралар жетерлік. Жылдар өткен сайын Абай тұлғасы барынша айқындалып, оған деген құрмет ғасырлармен өлшене бермекші.

Гүлмира САДЫҚ

ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАН ЕЛДЕРДЕ ерте ме, кеш пе, ДЕКОММУНИЗАЦИЯНЫҢ күшейе беруі тарихи да, табиғи да заңдылық!
Біздің елде коммунистердің әлі парламентте отыруы – Ұлтты қырғандарға Ұлт туралы билік айтқызу, яғни адам өлімі туралы сот үкімін қандықол қанішерге шығартумен бірдей парадоксты жағдай.

КОММУНИСТЕРДІҢ МИЛЛИОНДАР МОЛАСЫНЫҢ ҮСТІНДЕ САЙРАН САЛУЫ ҚАШАН ТОҚТАЙДЫ?!.

ҰЛТЫН СҮЮДІ АЙЫПТАЙТЫНДАР – ҰЛТ ЖАУЛАРЫ!

1922 жылы Алаштың рухани көсемі, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы елуге толғанда сол кезде Үкімет басқарып отырған Сәкен Сейфуллиннің өзі келіп, сөз сөйлеген. Сонда ол Ахаңның сегіз қырлы қасиетін әбден мақтап келіп, «Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл» деп, бағалаған болатын. Қызыл сұңқар атанған, Алашордаға қарсы Сәкен Сейфуллиннің өзі Алаштың арысын осылай жоғары бағалап тұрса, бұл ҰЛТШЫЛДЫҚ сол кезде ең жоғары баға болғанын білдіреді. Жүз жыл өткенде біз де ҰЛТШЫЛДЫҚТЫ ең жоғары баға деп қабылдаймыз. Яғни, Коммунистік Кеңес империясының ұлттарға қарсы басталған қанды жорығына дейін Ұлтшылдық -Ұлтты сүюдің, Ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісі болып келгені анық.

Коммунистер көлеңкесінен қорқып, аттандап отырғандай Радикалды ұлтшылдық әлі жоқ бізде! Ал оған не жеткізеді елді? Радикалды ұлтшылдықты тек биліктің ұлт мүддесін елеусіз қалдырғаны былай тұрсын, қайта қарсы жұмыс істеуі тудырады. Яғни радикалды ұлтшылдықтың күшеюі тек биліктің әрекетіне байланысты.

Серіппені басқан сайын күшейіп, серпіні қатты болып, қайта серпілетінін ұмытпау керек!

Ұлтшылдық деген – Ұлтты сүю. Сонда коммунистердің айыптап отырған «радикалды ұлтшылдығы» – Ұлтты қатты сүю, жақсы көру, нағыз ұлтшылдық болып шығады!

НАҒЫЗ ҰЛТШЫЛ БОЛУ – Ел үшін де, Мен үшін де ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ, ПЕРЗЕНТТІК МІНДЕТ!

Ал нағыз ұлтшылдықты, яғни ұлтыңды қатты сүюді, жақсы көруді жаулық көріп, қатаң айыптауы Коммунистердің Ұлттың нағыз жауы екенін айқын көрсетеді.

Тәуелсіздік алған елде кешегі Кеңес одағындай ұлтшылдықты айыптау – коммунистердің шетелден бұйрық алып, қолмен басқарылып отырған қуыршақ ұйым екеніне анық көз жеткізеді. Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің қырағылық танытатын жері осы тұс болуы керек!

Биліктің күні біткен коммунистерді парламентке отырғызып қойған Тәуелсіздік ұстанымына қарсы мұндай саяси соқырлық шешімі ешбір елде болмайтын нағыз парадокс!

БІЗ ТӘУЕЛСІЗДІКТІ КІМДЕРДЕН АЛДЫҚ?!. Коммунистік партия басқарған Кеңес одағынан! Ендеше бұл коммунистердің ұлттық тәуелсіздікке қарсы болуы -негізгі мақсаттары ғой!..

Жалпы, бұл коммунистер Қазақ Елінің Тәуелсіздік алғанына 30 жыл болғанын біле ме екен?!. Жоқ әлі қандықол Кеңес империясында өмір сүріп жатырмыз деп ойлай ма?!. Бірақ коммунистер мен Копбаев сияқты жалған интернационалистердің Қазақ Елінің Тәуелсіздік алғанын білмеуін түсінуге де болады. Өйткені, бұлар біздің билік секілді елден екі-үш тілділікті талап еткенмен, өздері әлі сол баяғы Кеңес империясы кезіндегідей бір-ақ тілмен сөйлеп келе жатыр... Өздері әлі сол кездегідей билікте, парламентте отыр... Әлі сол кездегідей «халық жауларын» қырудың социалистік жарыс жоспарын жасап, ұлтшылдықпен қорқытып келеді елді...

Мысалы «Қазақ үні» сайтындағы Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды талап етіп қол қойған, алды әлемге әйгілі Ұлт зиялылары бастаған 122 мыңнан астам адамның ішінде Парламентте заңсыз отырған Компартияның бір де бір депутатының болмауы нені білдіреді?

Парламентте оншақты жыл отырғанда бұлардың есте қалған ессіз тірліктерін атап өтейік. «Одақта ортақ ақша болсын» деп, Ресей тапсырысын орындауы мен өзі зорға күнін көріп отырған кедейлері көп елде «нанды 400 теңге етуді» ұсынған, бүгінде Ұлтшылдықты жау көріп, ұйқысынан айрылған Айкын Ойратович Конуров, «Русский мирден алыстап кеттік» деп қатты қайғырып, орманға қарап ұлып отырған Смирнова, Ұлттық кеңесте Мемлекеттік тіл мәселесінің көтерілуіне жан-тәнімен қарсы болған Жамбыл Ахметбеков, кеше ұлттық құндылықтарымызға қарсы болған, бүгінде Мәжіліске түнгі «тойлардан» қалған ұйқысын қандыру үшін келетін, жасы ең үлкен кәрі коммунист шал Косарев.

Коммунистердің Тәуелсіз Қазақ Елінің Мемлекеттік тілін қолдамағаны да заңдылық! Өйткені олар Кеңес империясы кезінде 70 жыл, Тәуелсіз Қазақстанда 30 жыл, барлығы 100 жылдан бері Ұлттық мүддені, Қазақ тілін жаныштап келе жатыр ғой, басты бағыт-бағдарламасынан енді неге қайта қойсын?!.

Украинадағы, Грузиядағы, Молдавиядағы басқыншылыққа басты кінәлі – басып алған коммунистік империялық пиғылдағы Ресейді айыптаудың орнына территориясының бір бөлігінен айрылған сол елдерді кінәлау үшін өзің де нағыз басқыншы, не бассыз болуың керек!

Қырда қытайдың қырғынынан, ойда ойрат пен орыстың ойранынан әлі 20 миллионға жете алмай отырған елде 1916-1986 жылдар арасындағы барлық қазақ босып кеткен соғыс пен сойқанды үркіншілікке, ұлтқа жасалған геноцид – ашаршылықтарға, қазақтың қаймақтарын қырып салған зұлмат-зобаланға, Желтоқсанда Азаттық алаңын қызыл қанға бояуға басты кінәлі қызыл большевик-коммунистерді Тәуелсіз мемлекеттің парламентінде сайратып, миллиондардың моласының үстінде сайран салдырып қойған масқара қашан тоқтайды?!.

Биыл саяси қуғын-сүргін құрбандары мен ашаршылық күні 31 мамырда «Ақ жол» партиясы парламентте Ашаршылық зұлматын «Ұлтқа қарсы ГЕНОЦИД» деп тануды талап еткен депутаттық сауал жасағанда да бұл коммунистердің «өздерін бірден танып» ойбайлағанын естіп қалған едік...

Енді тағы да Бас прокуратураға «ұлтшылдарды құрту керек» деген ашық хат жазып, жаппай жазалауға шақырып, кешегі кеңестік коммунистік билік кезіндегідей тағы да қызыл қырғынды аңсап отырған қызыл коммунист депутат Айқын Ойратұлы бастаған коммунистер айқын ойрат ұлы екендіктерін айқын көрсетуде!

Өйткені, ҰЛТЫН СҮЮДІ АЙЫПТАЙТЫНДАР – ҰЛТ ЖАУЛАРЫ!

Ал НАҒЫЗ ҰЛТШЫЛ БОЛУ – ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ!

Бұл тұжырымдама – әлемдік әйгілі қағида!

Бұл жанталас – КОММУНИСТЕРДІҢ СОҢҒЫ ТҰЯҚ СЕРПУІ!

Коммунистерге «ұрының «ұрыны ұстаңдар» деген айқайы» үшін бір-ақ нәрседе алғыс айтуға болады!

Қолдары қызыл қанға боялған қызыл коммунизмнің қызыл қыжыммен қапталған табытына соңғы сом шегені қағуды ұмытып кеткенімізді өздері еске түсіріп отырғандарына рахмет!

Қазыбек ИСА,
ҚР Президенті жанындағы Ұлттық кеңес мүшесі
«Қазақ үні»

Ұлттық саясаттың жеңіс күні!
Күтпеген бір хабар келді – коммунистердің Бас прокуратураға жазған ашық хаты. Оқыдым, көңілімнен шықты. Сенесіз бе, қуанып та қалдым. Неге дейсіздер ғой ? Коммунист партиясы – суырлар сияқты індерінен басын шығара бастапты, ұлшылдарымыздың олардың ұяларына құйған сулары жетіп, сыртқа айдап шыққан сияқты. Елін ойлаған ұлтшыл азамат және азаматшаларымыздың айтқан сөздері, жасаған істері босқа кетпеген екен. Соған қуандым. Бұл бір жеңіс күні түсінген адамға.

КОММУНИСТЕРДІҢ ҰЛТШЫЛДАРҒА ҚАРСЫ ШЫҒУЫ ҮЛКЕН САЯСИ ҚАТЕЛІК

Жылы жүзді, барлығына қой үстіне бозторғай қонатын заман уәде етуші коммунистердің басшысы А.Конуров, депутаттар Ж.Ахметбеков, Смирноваларға қандай «радикал» ұлтшылдар түстеріне кіре қалды екен, тұра салып Бас прокуратураға шағым айтатындай?

Қандай «радикал» қазақ біреудің жағасынан алып, митингіге шығып басқа ағайын ұлттарға зорлық-зомбылық жасауда? Хаттағы әр жазылған сөз жалған, қазақ еліне күйе жағу. Бізде болмаған «радикал қазақ» түсінігін қалыптастыру, ұлтараздық тудыру. Бұл тікелей арандатушылық. Коммунистердің бұл хатынан жалпы қазақ елін жақтырмайтын мінездің астары көрінуде. Қазақтың өз мемлекетіндегі орнын, өткен – кеткенін, жақсы – жаманын, дос пен дұшпанын айырар кез келгенін сезінуі үшін өте пайдалы бір хат болды бізге. Аяғымызды байлаған коммунизм идиалогиясының елімізге қандай зарар – зиян бергенін еске алар, коммунисттерден құтылудың күттірмейтін іс екенін бар жан – тұлғамызбен түсінер маңызды бір кез келгенін сезіндік. Бір ел болып, ашаршылықты, карлағты есімізге түсіре, тағы бір рет түршіге қорқыныш сезіне отырып, қолы қанға білегінен батқан, жексұрын коммунизм идеологиясынан түбегейлі құтылар уақыт келгенін түсіндік. Қазақ елімен бір бола алмайтындар, тықыр таянғанын сезіп әрекетке көшкендей болуда. Бұдан кейін Бас прокуратураның жазатын жауабына, айтар пікірлеріне көңіл бөлуіміз керек. Бір уыс қана, қолдайтын электораты аз коммунист партиясын жақтап, ұлт белсенділеріне қарсы әрекет жасалса, онда бұл үлкен саяси қателік болады. Себебі, унитарлық мемлекеттің негізін әлсіретеді. Қазақ елі болса унитарлық мемлекеттің негізінің өзі, қазақ еліне, ұлттық болмысына, құндылықтарына қарсы қандай да бір әрекет жасалса, ол мемлекеттің өзіне қарсы жасалған қылмыстық әрекет саналуы тиіс. Бұл жолыда комуниттердің ел тарихында болмаған «радикал» қазақтар немесе ұлтшылдар деген жалған термин енгізіп, толерантты қоғамымызға іріткі салуы – қоғамымызда ұлтараздық бар деген шындыққа жатпайтын түсінікті қалыптастыруға тырысуларын көрсетуде. Қазақ елі өз мемлекетінің тағдырын өз қолына алу жолында. Мемлекеттік символдардың нығайуын, оның ішінде мемлекеттік қазақ тілінің статусын жоғарлатуын заңды талап етуде. Осындай талаптардың күшейуін «біздің» коммунист – депутаттарымыз «радикал» ұлтшылдыққа жатқызуда. Ал бүгінгі хаттарындағы жазулары болса 1986 жыл, желтоқсан айларындағы «казахский национализм» деген айып тағуларымен қалай әдемі үндесуде. Тек, қазіргі «біздің» коммунист-депутаттар қазақтарды «наркоман» деп атамауға ақылдары жете алған екен. Осындай партия біздің болашаққа жұмыс істеуде ме, қазақ еліне қызмет етуде ме?

Әрине, жоқ! Қуантатын жәй, ұлттық идеалогиямыздың уыты қарсыластарымызды шарпып, ұйықтап жатқан коммунистік партияны да оятып жіберіпті. Жылы жүзді көрінуге тырысатын коммунисттер, бет перделерін алып тастап, өршелене ұлтшыл – мемлекетшілерге қарсы шығуы, қызылдардың заманының біткенінің белгісі. Ұтымды кезді пайдаланып, ел болып, осы аты өшкір коммунистік партияны парламенттен қуып, түбегейлі жапқызып, артынан жарығын сөндіруіміз керек.

Қазақ елі, болашақ ұрпақ, бостандық пен демократия үшін!

Бейбіт ҚҰЛМАҒАНБЕТ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департамент бастығы Асхат Жұмағалимен арада өткен әңгімеміз осы саладағы мәселелер төңірегінде өрбіді.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН БҮКІЛ ЕЛ БОЛЫП КҮРЕСЕТІН КЕЗ ЖЕТТІ

– Асхат Жұмағалиұлы, сыбайлас жемқорлықпен күрес, оған қарсы іс-қимыл – мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтардың бірі болып белгіленген. Осы орайда, сыбайлас жемқорлықты жою жолында қандай шаралар қабылданып, олардың қайсысы іске асып жатыр? Өзіңіз басқаратын департамент жұмысының жыл басынан бергі нәтижелеріне қысқаша шолу жасасаңыз.

– Еліміз сыбайлас жемқорлықтан арылмай, ілгерілеуіміз, лайықты дамуымыз көптеген кедергілерге тап болуы мүмкін. Сондықтан біз мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып, кешенді шаралар қабылдаудамыз.

Өздеріңіз білесіздер, жемқорлыққа қарсы қабылданған стратегияның басты бағыты – превенция, яғни жемқорлықтың алдын алу. Осы орайда департамент жыл басынан бері 624 алдын алу іс-шарасын өткізді. Оның жартысынан көбі (329) онлайн форматында ұйымдастырылды. Бұл шаралар 439 мыңға жуық адамды қамтыды.

«Antikor Live» және «Adal Komek» жобалары іске қосылды. Онда мемлекеттік органдар қызметіндегі қоғамның рөлі туралы мәселелер талқыланып, мегаполис тұрғындарына құқықтық кеңестер беріледі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат көрсетіледі. Сонымен қатар, біз басқа да жобалар бойынша жұмысымызды жалғастырып келеміз. Өзіңіз басқаратын Арнайы мониторингтік топ туралы айтсам, ол жүргізіп келген қоғамдық бақылау пандемияның бастапқы кезінде азық-түлік бағаларының шарықтауына, бетперде мен антисептиктердің таптырмас тауарға айналуына тосқауыл болды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және оған қарсы іс-қимыл бағытында басталған ауқымды іс-әрекеттер – карантин жағдайында жалғасып, аты жаман індеттен қорғану шараларына, індеттің алдын алу және қала жұртшылығын сақтандыру мәселелеріне ұласты. Тағы бір мәселе – блок-бекеттердегі жолаушы адамдардың шоғырланып тұруы, сол бекеттерге палатка жетіспейтіні және жаппай ғаламтордың әлсіздігі сияқты кедергілерді әлеуметтік желілерде жариялады ңыздар. Айтылған сындарыңыз биліктің назарынан тыс қалмай, жолданған хаттарыңыз бойынша жауап келіп, онда блок-бекеттерде төтенше жағдай режимін бұзу бойынша 23 жайт орын алғаны айтылып, 1 мәселе бойынша тұлға әкімшілік қамауға алынғанын, қалған істер қаралу сатысында екенін білдік. Арнайы мониторингтік топтың атқарған басқа да жұмыстары жеткілікті.

– Арнайы мониторингтік топтың жұмысын жоғары бағалағаныңыз үшін рахмет! Бізбен ық тіресе «Shymkent Adaldyq Alańy» жобалық кеңсесі де көптеген игі істердің басы-қасында жүр ғой?

– «Shymkent Adaldyq Alańy» жобалық кеңсесі аясында 179 мемлекеттік мекеме Open space форматына көшіп, 287 мекеменің жетекшілері бірінші қабатқа түсті. «Сапалы жол» жобасы аясында 10 рейдтік шара өткізіліп, 59 кемшілік анықталды. Олардың 42-і қалпына келтірілді.

Алдын алу жұмыстарының маңызды құрамдас бөлігі – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдап, мониторинг жүргізу. Тек биылдың өзінде 4 сыртқы талдау және 6 мониторинг жүргізілді. Осы жұмыстардың нәтижесінде мемлекеттік органдарға 100-ге жуық ұсыныс енгізіліп, олардың үштен бірі орындалды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басымдықтары бағытында мемлекеттік сатып алу мониторингі бойынша да жүйелі жұмыс жүргізілуде. Талдау мегаполистің барлық маңызды салаларын қамтыды. Осы жұмыстардың нәтижесінде 2 миллиард 400 миллион теңге бюджет қаражаты үнемделді.

Тағы бір сүйіншілеп жеткізетін жақсы жаңалығымыз: ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің, оның төрағасы Алик Шпекбаев мырзаның бастамасымен, Агенттіктің Шымкент қаласы бойынша департаменттің тікелей атсалысуымен үшінші мегаполистің қақ төрінде (Тұрысов көшесі бойында), біздің департамент жанында «ANTIKOR ORTALYǴY» қызмет көрсету кеңсесі бой көтеріп, өз есіктерін қалалықтар үшін айқара ашты.

– Керемет! Орталық жұмысы баянды болсын! Дегенмен, жұмыстарыңыз талдау мен бақылау жүргізумен шектелмесе керек? Аракідік жемқорлық айғақтарымен құрықталып, жаза тартып жүргендер туралы да естіп жатамыз. Осы жайында тоқталып өтсеңіз.

– Әрине, сыбайлас жемқорлықтың алдын алумен қатар, заңның үстемдігі және жемқорлық үшін жазалаудың бұлтартпастығы маңызды қағидаттар болып қала береді. Оларды іске асыру да біз үшін басым міндеттердің бірі және бұл қылмыстық-құқықтық механизмдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Құқық қолдану тәжірибесі көрсеткендей, біз кейбір мемлекеттік органдардың қызметінде әлі де теріс көрініс тай байқаудамыз. Жыл басынан департамент қызметкерлері 73 қылмысты тіркеді. Оның басым бөлігі парақорлық – 43 және жымқыру фактілері – 18.

Өндірісте болған 161 қылмыстық істің 121-і немесе 75,2 пайызы тергеумен аяқталды, 70-і сотқа жолданды, 30 тұлғаға қатысты сот үкімі шықты.

– Осы орайда, Шымкент қаласында сыбайлас жемқорлық бойынша алда келе жатқан салаларды атап бере аласыз ба? Және қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғалардың атын атап, түсін түстеп берсеңіз екен.

– Заң күші бар сот үкімдерін негізге алатын болсақ, тіркелген қылмыстар саны бойынша құқық қорғау органдары алда келеді – 20, олардан кейін ауыл шаруашылық саласы – 14, білім саласы – 11, сот орындары – 4, құрылыс және әлеуметтік қамсыздандыру салалары келеді – 3-тен. Олардың арасында жүйелі жемқорлық бойынша – 2, шағын және орта бизнесте – 19, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру бағытында – 14 факт анықталған. Тұтастай алғанда, жыл басынан бері сыбайлас жемқорлық жасағаны үшін 34 тұлға, олардың арасында облыстық деңгейде – 3, аудандық деңгейде – 1 адам әшкереленіп, отызы сотталды. Күдікті азаматтардың 20%-ы – мемлекеттік органдардың дербес құрылым басшылары екенін атап өткім келеді. Мәселен, соттың оң шешімін шығару үшін пара алды деген күдікке ілінген Түркістан облыстық сотының Азаматтық істер жөніндегі алқа төрағасының ісі де сотқа жолданды.

Шымкент қалалық Сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы үстінен қозғалған қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Ол 498 миллион теңге бюджет қаражатын жымқырды деген күдікке ілінген болатын. Өткен айда Шымкент қаласы Абай ауданының Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы басшысының орынбасары құрықталды. Ол карантин кезінде сауда ережелерін бұзу фактісі бойынша дүкен иесінен әкімшілік жауапкершілікке тартпау үшін пара алды деп күдіктелуде.

– Айтпақшы, кәсіпкерлердің тыныс-тіршілігін бақылап, үстін-үстін дегбірін алып жатқан тексерушілер тым көбейіп кеткен жоқ па? Көп жағдайда, олардың пайдасынан зияны тиіп жатқанын да көріп жүрміз ғой. Осы туралы не айтасыз?

– Шынында да, кәсіпкерлікті қорғау да – біздің назарымыздағы басымдықтардың бірі. Лауазымды тұлғалардың кәсіпкерлерді заңсыз тексерулері тоқтамай тұр. Біздің департамент ондайлармен де күресіп келеді. Мәселен, біздің тікелей араласуымыздың арқасында бизнесті қорғау шеңберінде барлығы 16 кәсіпкерлік субъектісінің құқықтары қалпына келтіріліп, олардың қызметіне заңсыз араласқаны үшін 7 лауазымды тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Мысалы, құны 300 мың теңге тұратын тұрмыстық техниканы заңсыз иеленгені үшін қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Үмбет қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 14 миллион 900 мың теңге айыппұл төлейтін болды. Кәсіпкерлерден тұрақты түрде 10 мың мен 65 мың теңге аралығында пара алып келген Әл-Фараби аудандық әкімдігі кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Қаңлыбаев 1 миллион 200 мың теңге айыппұл көлемінде қылмыстық жауапкершілігін өтейтін болды.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Аумақтық инспекциясының мемлекеттік санитарлық инспекторы Арапов сот үкімімен 6 жылға бас бостандығынан айырылды. Ол мал шаруашылығы өнімдерін қала базарларына әкелген кезінде санитарлық сертификаттарды беру үшін кәсіпкерлерден жүйелі түрде пара алған.

Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысын бақылап, оларға бөлінген бюджет қаражаттарының мақсатты жұмсалуына да зер саламыз. «Цифрлы Қазақстан», «Денсаулық», «Нұрлы жол», «Өңірлерді дамыту» және басқа да бағдарламалар бойынша ақша қаражатын жымқыру және ысырап ету фактілері бойынша 14 қылмыс тіркелді. Шұғыл қабылданған шаралардың арқасында мемлекетімізге келтірілген қаржылай залалдың 1 миллиард 800 миллион теңгесі қайтарылды.

Бұл бағыттардағы жұмыстарымызды жалғастырып келеміз.

– Қылмыстық-атқару кодексінің 200-бабы бойынша жасалған ұсынымдарыңыз бар екен. Сол ұсынымдардың нәтижесі туралы әңгімелей кетсеңіз.

– Бүгінде әрбір қылмыстық іс бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудың себептері мен алғышарттарын жою туралы ұсынулар енгізудеміз. Олар жеке қатысуыммен еңбек ұжымдарында қаралуда.

Осы іс-шаралар аясында іс-әрекеттердің себептері егжей-тегжейлі талқыланады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және ұжымдарда парасаттылық қағидаттарын енгізу бойынша ұсыныстар енгізіледі.

Қылмыстық істерді тергеу шеңберінде мемлекеттік органдарға барлығы 55 ұсыным енгізіліп, бүгінгі күнге оның 38-і қаралды.

Нәтижесінде 36 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, олардың 17-сі атқарып отырған лауазымынан босатылса, 2-уі жұмыстан босатылды, 8-і қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескертілді, жеті адамға «қатаң сөгіс», екі адамға «сөгіс» жарияланды.

Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес ұжымдардағы сыбайлас жемқорлықты жою бойынша шараларды қабылдамағаны үшін мемлекеттік мекемелердің бірінші басшыларының жауапкершілігі туралы мәселені көтеретін боламыз.

– Бұдан басқа елге, жұртқа, қала тұрғындарына тағы айтарыңыз бар ма?

– Жемқорлық – аса ауыр дерт. Бұл дертпен бүкіл ел болып күреспесек, әсте болмас. Заманауи демократиялық құқықтық мемлекетті азаматтарымыз белсенді түрде бұл іске араласпай, құру мүмкін емес. Сол үшін біз бәріміз бірігіп, ынтымақтаса, қоғамдағы жемқорлықпен күреске атсалысуымыз керек. Жемқорлықсыз жаңа өмір бастайтын мезгіл жетті. Ұрпақ үшін, болашақ үшін, құқық үстемдігі үшін Ұлы Дала елінде жемқорлыққа жол жоқ екенін дәлелдейік!

– Сұхбат үшін алғысымызды айта отырып, ісіңізге сәттілік тілейміз!

Сұхбат жүргізген
Әсет ӘССАНДИ,
Шымкент қаласы бойынша Арнайы мониторингтік топ жетекшісі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ҚАЗАҚТЫҢ ҮНІНЕ АЙНАЛҒАН

ГАЗЕТ МЕРЕКЕСІН АБАЙ КҮНІМЕН БАСТАП, «ҚАЗАҚ ҮНІ» КҮНІМЕН ЖАЛҒАСТЫРАМЫЗ

«Қазақ үні» газетінің алғашқы санында Алаштың игі жақсылары ақ тілегін айтып, құттықтаған еді. Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов, қазақтың тарлан ақындары Қадыр Мырза Әли, Тұманбай Молдағалиев, заңғар заңгер Салық Зиманов, айтулы академик Өмірзақ Айтбайұлы сынды өзге де біртуар тұлғалардың Ақ батасын алып, Ақ жолымызды бастағанбыз.
Басылым ешуақытта ұлт мүддесіне келгенде үндемей қалған жоқ.
Қалың оқырманның да үміті ақталып, «Қазақ үні» газеті барша қазақтың жырын жырлап, мұңын мұңдады.
Қашанда ханнан да, қарадан да тайсалмай, халықтың сөзін сөйлеуге ұмтылды. Кейбір алпауыт қалталы топтардың, белгілі партиялар мен ірі ұйымдардың басылымдары уақыт сынына шыдамай жабылып жатқанда ұлттық намысты ту еткен «Қазақ үні» ел мүддесі жолындағы ісін тоқтатқан жоқ, талай қиын-қыстау кезеңде «майдан даласын» тастап кеткен жоқ.

Қазыбек ИСА,
«Қазақ үні» ЖШС Президенті,
Редакторлар кеңесі төрағасы

«Қазақ үні» газеті алғаш «Жас қазақ үні» деген атпен 2000 жылы 11 тамызда 15 мың данамен жарық көрді.

Басында газет «Жас қазақ» деген атпен тіркелмек болып, ЖШС аты «Жас қазақ» тәуелсіз газеті редакциясы» деген атпен тіркелген еді. Бірақ газетті бұл атпен сол кездегі Ақпарат министрі тіркеуден бас тартқан соң, үш айлық айтыс-тартыстан кейін басылым «Жас қазақ үні» болып тіркелді. «Жас қазақ үні» біраз уақыт ел ішінде «Жас қазақ» деген атпен де белгілі болды.

2000 жылы «Қазақ үні» газетін алғашқы аты «Жас қазақ» болып тұрғанда тіркеу қарсылығына ұшырап, кейін «Жас Қазақ үні» деп ауыстырсақ та, сол кездегі министріміз тіркемей қойды. Мен сол кезде ол кісіні сынап, сол кездегі Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбайдың атына мақала жазған болатынмын. Шынында да, «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» болып, аты дүрілдеп тұрған айбынды Ақпарат министрін сынаған мақаланы басып ел өле алмай жүр дейсіз бе, ешкім баспай қойды. Сонда қазақтың көрнекті ақыны Мейірхан Ақдәулетұлы басқаратын, Ақтөбеде шығып, Алтын Орданы сұрап тұрған «Алтын Орда» газеті бірден басты да жіберді... Үш ай тіркеле алмай жүрген «Қазақ үні» газеті 2000 жылы 1 тамызда тіркеліп кетті. 11 тамыз күні алғашқы санымыз жарық ете қалды! Кейін ол мақаламды интернет басылым дегеннің елесі енді келіп жатқан, «Навигатор» деген орыстілді сайт та басты.

Газетіміз негізі белгілі қаламгер Ырым Кененбай басқаратын «Алматы–Болашақ» баспаханасынан тура 10 тамызда – қазақтың бас ақыны, данышпан Абайдың туған күні шықты. Біз бірақ «Ұлы Абайдың туған күнімен қабаттаспайық қояйық» деп, газет датасына 11 тамызды жаздық. Яғни, жылда газетіміздің туған күнін Абай күнімен бастап, «Қазақ үні» күнімен жалғастырамыз.

«Қазақ үні» газеті – республикаға белгілі қоғамдық-саяси ұлттық басылым. Өткірлігі мен әділдігі және көбінесе біржақты басылымдар арасында билікті де, оппозицияны да ашық та, батыл сынайтынымен ерекшеленеді. Ең басты мақсаты – Ұлт мүддесінің ұпайын түгендеу.

Негізгі тақырыбы – мемлекет пен ұлт мүддесін қорғау.

2004 жылы Парламент депутаттары Мемлекеттік тілге қарсы шыққанда, дауыс беру стенограммасын жариялап жіберген «Мемлекеттік тілді табанға таптаған Парламент таратылсын!» атты сең қозғаған сенсациялық мақаламыз елімізді дүр сілкіндірді. Зиялы қауымның Сенат пен Мәжіліске Ашық хат жолдауына себепші болды. Оны көптеген баспасөз құралдары қатты қолдап кеткені белгілі. Еліміздің бас газеті «Егемен Қазақтанда» біртуар қайраткер Шерхан Мұртаза: «Кімнің кім екенін білгің келсе, тек «Жас қазақ үні» газетін ғана оқып, біле аласыздар» десе, «Қазақ әдебиеті» газеті: «Жас қазақ үні» бір мақаласымен-ақ ұйқыдағы жұртты оятты» деп жазды.

«Егер Қазыбек Исаның елді дүр сілкіндірген жақсы мағынасындағы ұлтшылдығы болмаса, мүмкін бұл қазақ тіліне қарсы дауыс беру ақпараты Парламент құпиясы болып қалар ма еді? Осылай «Жас Қазақ үні» талай көкірегі соқыр ұйқысырап кеткен депутаттарды шошындырып қана қоймай, жалпы қазақ қауымына ой салды. Шалажансар Парламент ұлтымыздың, тілінің әлсіздігін, қазақтардың өздерінің ұлтына деген қырсыздығының айнасы болды.

Айта кетейін, осыдан кейін Парламенттің инженерлік орталығына енді қай мәселе болсын, депутаттардың қалай дауыс бергені туралы ақпарат беруге жоғарыдан үзілді-кесілді тыйым салынды» деп жазды сол кездегі Мәжіліс депутаты, аталмыш заң жобасына түзетудің авторы, көрнекті қоғам қайраткері Амангелді Айталы ағамыз.

2009 жылы қазақ туралы бір ауыз сөзі жоқ «Ел бірлігі» доктринасы шыққанда «ел бірлігін бұзатын» ертісбаевтардың «ертегісіне» қарсылық танытып, аштық жариялаған Мұхтар Шаханов бастаған ұлт патриоттарының басында «Қазақ үні» газеті ұжымының жартысынын астам, басшысынан бастап, төрт журналисі болды.

Ал 2011 жылғы бүкіл елді дүр сілкіндірген мемлекеттік тіл Атазаңға сай болуы үшін Конституциядан орыс тілі туралы 7-баптың 2-тармағын алып тастау жайлы әйгілі «138-дің хаты» кезінде газетіміз авангард рөлін атқарып, мыңдаған қол жинауды ұйымдастырып, жариялады...

2013 жылдан бастап ұлт мүддесін қорғауда алдыңғы қатардан көрініп келе жатқан «Жас қазақ үні» газеті ұлт зиялылары мен қалың оқырман талап еткендей бар қазақ үніне айналып, «Қазақ үні» газеті болды.

Бүгінде ұлт мәселесі талқыға түскенде «осы газет не дейді» деп үміт ететін санаулы ғана басылымдардың басында «Қазақ үні» газеті тұрғанын ел жақсы біледі.

Бір басылымға берген сұхбатымда айтып едім, үнемі руханиятқа демеу болып жүретін Иманғали Тасмағамбетов бас қаланың әкімі кезінде бас редакторларды жинағанда белгілі қаламгер, «Егемен Қазақстан» газетінің сол кездегі президенті Сауытбек Әбдірахманов «ҚазМұнайГаз» секілді қаржы алпауытында істеп жүріп, «Айқарма» атты газет ашқан танымал журналист Шархан Қазығұлға «Тарихта ең тез ашылып, тез жабылып қалған газеттің редакторы» деп қалжыңдады. «Ой, газеті құрсын, өте қиын екен, қаржы жетпейді» деген Шәкеңнің кенет маған көзі түсіп кетіп, «Осы Қазыбекке таңым бар, қалай газет шығарып, қалай шыдап келеді» деген еді. Мен жай ғана: «Қазақ үні» жабылудан кеткен газет қой, құдайға шүкір. Өйткені оны қазір бар қазақ іздеп оқиды» деп жауап бердім.

Әрине, «Қазақ үні» газетінің бар қазақ үні болып келе жатқанында ұлтым деген қарымды қайраткерлер мен саңлақ саясаткерлердің де, апта сайын алаңдап күтіп отыратын жалпы оқырман қауымның да еңбегі зор...

Қазір «Қазақ үні» – атына сай бар қазақ үніне айналды.

Ал жаңа заман талабына сай 2009 жылдың екінші жартысында шыға бастаған, бүгінде алдыңғы қатарда келе жатқан ұлттық порталымыз басынан Qazaquni.kz деп аталады. Сайтымыз 2017 жылы республикалық байқауда жеңімпаз болып, «Қазақстандағы ең үздік сайт» атанды.

Тәулігіне 24 сағат жұмыс істейтін сайыпқыран сайтымыз ұлт мүддесін қорғауда қырағылығын күннен күнге күшейтіп келеді. Қазақ тілін қолдап бір жарым айда 122 мың қол жиналуы – Қазақ тарихында бұрын-соңды болмаған рекорд екенін бүгінгідей мерекелі күнде айта кетуге тиіспіз.

Иә, 1913 жылы жарық көрген қазақтың алғашқы басылымдарының бірі, ұлттың үні болған «Қазақ» газетінен 87 жылдан кейін дүниеге келген, бүгінде қалың Қазақтың үніне айналған «Қазақ үні» газетіне де 20 жыл толып отыр.

Осыдан жиырма жыл бұрын 2000 жылы 11 тамызда руханият әлеміне қадам басып, ақпарат аламанына ат қосқан «Қазақ үнін» қарсы алыңыздар, қадірменді оқырман қауым, Қалың Қазақ, Алты Алаш елі!

ҰЛТТЫҢ ҮНІНЕ, АНА ТІЛІНІҢ ЖОҚТАУШЫСЫНА, ХАЛЫҚТЫҢ ҚОЛДАУШЫСЫНА АЙНАЛА БІЛДІ

Құрметті «Қазақ үні» газетінің ұжымы!

Сіздерді мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан басылымның 20 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын.

Газеттің «Жас қазақ үні» деп басталып «Қазақ үні» деген атпен жалғасқан 20 жылдық жолында басылым шын мәнінде ұлттың үніне, ана тіліміздің жоқтаушысына, халықтың қолдаушысына айнала білді. Оқырмандар Сіздердің газетті турашылдығы, шыншылдығы, қоғамдағы ешқандай проблемаға бей-жай қарамайтын жанашырлығы үшін құрметтейді, сыйлайды. «Қазақ үнін» қай мәселені болсын кәсіби тұрғыдан жан-жақты жазатын білікті журналистердің ортасы деп таниды. Қалам қуатына, өзінің көзқарасы мен негізгі ұстанымына адалдық газеттің қазақстандық медиа кеңістікте өз орнын ойып тұрып алуына жол ашты. Бүгінде «Қазақ үні» қазақ журналистикасының қара шаңырақтарының біріне айналды. Бұл тынымсыз еңбек пен үздіксіз ізденістің жемісі деп білеміз.

Газет ұжымына шығармашылық табыс, шалқар шабыт тілеймін. Ұлттың үніне айналған «Қазақ үнінің» ғұмыры ұзақ болсын!

Берік УӘЛИ,
ҚР Президентінің
баспасөз хатшысы

ҰЛТ БАСПАСӨЗІНДЕ ОЙЫП АЛАР ОРНЫ БАР

Құрметті «Қазақ үні» газетінің ұжымы!

Сіздерді Мәдениет және спорт министрлігінің атынан басылымның 20 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Екі ғасыр тоғысында «Жас қазақ үні» атауымен негізі қаланған басылым тарихнама өлшемімен алғанда қас қағым мезгіл ішінде «Қазақ үні» есімімен қалың қазақтың көзі, құлағы һәм тіліне айналып үлгерді. Тынымсыз да қарбалас салада өнімді жұмысымен ел тұрғындарының жүрегіне жауапкершілік пен жасампаздық сезімін ұялатып, сан саладағы өзекті мәселелерге үн қатып келеді. «Қазақ үні» – лайым қарға тамырлы қазақпен бірге болып, рухани құндылықтарымызды дәріптеп келе жатқан, ұлт баспасөзінде ойып алар орны бар халықтық басылым.

Алдағы уақытта да басылым келелі келешек пен баянды болашақ жолында қоғамды біріктіріп, ерен еңбектің көшін бастап жүре беруіне тілектеспін.

Осынау орайлы сәтті пайдалана отырып, ұжымға шығармашылық шабыт, жемісті жұмыс, телегей табыс тілеймін!

Ақтоты РАЙЫМҚҰЛОВА,
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі

«ҚАЗАҚ ҮНІ» – ЖИЫРМАДА!

ӨЗ ҰСТАНЫМЫ БАР БАСЫЛЫМ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді мерейлі мерекелеріңіз – «Қазақ үні» газетінің жарық көргеніне 20 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

«Қазақ үні» газеті – еліміздегі өзіндік ұстанымы бар, бағыты айқын, бағдары бекем, қалың оқырманы қалыптасқан беделді басылымдардың бірі.

Газет ұжымы еліміздің тыныс-тіршілігін, мемлекеттік саясатты халыққа түсіндіріп қана қоймай, қоғамды рухани-адамгершілік, патриоттық тәрбиеге баулуға өлшеусіз үлес қосып келе жатыр.

«Қазақ үні» республикалық қоғамдық-саяси апталық ұжымына отбасылық бақыт, шығармашылық шабыт тілеймін. Газеттің алар асуы биік, ғұмыры ұзақ болсын!

Құрметпен, Аида БАЛАЕВА,
Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрі

ҚОҒАМНЫҢ ҮМІТІН АҚТАДЫ

Құрметті «Қазақ үні» газетінің ұжымы, қадірлі қаламгерлер!

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм үні» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, адамға көз, құлақ, тіл қаншалықты керек болса, халыққа газет соншалықты қажет.

«Қазақ үні» газетін 20 жыл бұрын құрылтайшылары үкілеп, ақпарат кеңістігі бәйгесіне қосқан еді. Сол сәттен бастап газет әрдайым қазақ ұлтының өзекті мәселелерін көтеріп, ұлттың ұйысуы мен дамуына өзіндік үлес қосуда. «Қазақ үні» – өзінің атына және қоғамның үмітіне сай лайықты орын алған басылым.

Кезінде ұлттық саясаткер Амангелді Әбдірахманұлы Айталымен бірлесе жасаған «Ұлттық саясат тұжырымдамасын» талқылауға бүгінгі «Қазақ үні» ЖСШ Президенті Қазбек Исаның өзі де белсенді қатысып, соны жариялаған еді.

«Қазақ үні» газеті ағартушылық бағыттағы игі бастамаларды, «Темірқазық» клубы отырыстарын, ондағы ойларды бұқараға жеткізуде елеулі еңбек атқарды.

Сіздер қазіргі дәуірдің жылнамашысы ретінде барлық саланың дамуына, туған өлкені сүйіп, құрметтеуге, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге, біздің қоғамдағы адамгершілік бастауларды нық қалыптастыруға елеулі үлес қосып келесіздер.

Сонымен қатар, Еуразиялық одақ құру бойынша келісімге қол қойылмай тұрып: «Ұлттық мүде ескеріле ме?» ме деген сұрақ төңірегінде талай мәселе көтеріп, тіпті өткір тақырыптар көтерілгені үшін «Көкпар» хабары жабылғанда да «Қазақ үні» шырылдап, қорған болуға тырысты.

Міне, содан бері әр кезеңнің, өзінің даму кезеңінің ерекшелігіне сай «Қазақ үні» ұлттық сананың даумына үлес қосып келеді.

Сіздер тәуелсіз мемлекетіміздің сара саясатын халыққа жеткізуде, елдің қоғамдық-саяси тыныс-тіршілігіндегі өзіндік кескін-келбетін қалыптастыруда және оны бұқаралық ақпарат құралдарының басты тақырыбына айналдыруда ұшқыр қаламдарыңызбен кәсіби шеберлік танытып келесіздер. Осы істе әрдайым табыс тілеймін!

«Сөз түзелді» дегендей, өздеріңіздің көсем сөздеріңізбен, терең мақалаларыңызбен мемлекетшілдікті, ұлтшылдықты тәрбиелеп, биіктерден көріне беріңіздер.

Елге пайдалы газет шығару қамында жүрген редакцияның бүгінгі ұжымына шалқар шабыт, шадыман шаттық тілеймін! Мерейтойларыңыз құтты, берекелі болсын!

Әлихан БӘЙМЕН,
Астана мемлекетттік қызмет хабы басқарушы комитет төрағасы

ХАЛЫҚ СҮЙІП ОҚИТЫН БАСЫЛЫМҒА АЙНАЛДЫ

Құрметті Қазыбек Жарылқасынұлы! Құрметті «Қазақ үні» газетінің ұжымы!

Қазақ баспасөзінде өзіндік орны бар, өзіндік бағыт-бағдар мен стиль қалыптастырған басылым – «Қазақ үні» газетінің 20 жылдық мерейтойы құтты болсын!

«Жас қазақ үні» деген атаумен танылып, жиырма жылдың ішінде бар қазақ үніне айналған қоғамдық-саяси ұлттық апталық әділдік пен адалдықты ту етіп, әрқашан шындық пен ақиқатты мақсат тұтуының арқасында халық сүйіп оқитын басылымға айналды. Мұның бәрі қаншама адамның тынымсыз еңбек, үздіксіз ізденіс пен ұлт мүддесіне қызмет жасаймыз деген ортақ ұстанымдарының нәтижесі.

Елдегі жаңалықтар, тіл, тарих пен ұлттық мәселелерді тереңнен қозғауға, ұлттық мәдениетті жандандыруға және халықаралық саясатқа тереңнен көз жүгіртуге бағытталған басылымның алар асулары әлі алда деп білеміз. Газеттің қазақ әдебиетіне де зор көңіл бөлетіні көңілге қуаныш ұялатады.

«Қазақ үні» газетінің ұжымына шығармашылық толағай табыстар тілеймін! Басылымның ғұмыры ұзақ болсын!

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы.

БАСТЫ МАҚСАТЫ – ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Ұлттың үніне айналған, тіл жанашыры – республикалық «Қазақ үні» газетінің жарық көргеніне 20 жыл толуын еліміздің баспасөз өміріндегі дүбірлі оқиға деп санаймын. «Қазақ үні» сонау алғашқы саны жарияланған күннен бері тек бір ғана мақсатты, бір ғана мүддені берік ұстанып келе жатқан газеттердің бірегейі. «Қазақ үнінің» ұстанымы – қастерлі ұлтттық идея!

Басылымның басшысы Қазыбек Иса әріптесімізді және газет ұжымын осынау айтулы мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Ұжымның шығармашылық биіктен көрінуіне риясыз тілектестігімді білдірігім келеді.

Азат ПЕРУАШЕВ,
«Ақ жол» партиясының төрағасы,
ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты

НЕГІЗГІ БАҒДАРЫ – ЕЛДІК МҮДДЕ

Құрметті Қазыбек Жарылқасынұлы!

Елдің жоғын жоқтап, мұңын мұңдап жүрген халықтық басылым «Қазақ үні» газетін 20 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Республикалық қоғамдық-саяси ұлттық апталық алғашқы күннен ел өміріндегі саяси оқиғалар мен түбегейлі өзгерістерді бұқараға баяндап, жаңалықтың жаршысына айналды. Алаш зиялылары ұстанған ұлттық идея мен елдік мұратты басты бағдар етіп, ойлы оқырманға қалтқысыз қызмет етудің жарқын үлгісін көрсетіп келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен газет ұжымы тығыз байланыс орнатып, ортақ мақсатта бірлесе жұмыс атқарып отырғаны бек қуантады. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, мерейін өсіруге бағытталған Ассамблеяның басты жобасы – «Ұлы Даланың Ұлтаралық тілі» республикалық форумы басылымда тұрақты насихатталып, жан-жақты көрініс тапты.

Түрлі этностар арасында қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін дәріптеуге арналған «Қазақтану» мәдени-ағартушылық жобасы мен басқа да іс-шаралар Сіздің тарапыңыздан айрықша қолдауға ие болды.

Бүгінгі мерейтойды пайдалана отырып, азаматтық ұстанымыңыз бен әріптестік қарым-қатынасыңыз үшін Сізге және редакция ұжымына шынайы алғысымды білдіремін.

Қаламдарыңыз қуатты, өмірлеріңіз шуақты болсын! Отбасыларыңызға амандық, елімізге тыныштық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары

Сонымен бірге «Қазақ үні» газетінің редакциясы ұжымына белгілі қаламгерлер Дулат Исабеков, Темірхан Медетбек, Сәбит Досанов, Шардара ауданының әкімі Қайрат Жолдыбай секілді есімі елге белгілі бірқатар тұлғалар атынан да құттықтаулар келіп түсуде.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» аталатын мақаласында: «Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Мысалы, өткен дәуірлердегі Тутанхамон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр. Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді. Сондықтан біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек» дегені аян. Төменде биыл туғанына 1150 жыл толған Әл-Фараби бабамызға қатысты даңқты батыр Бауыржан Момышұлының тосын ойлары ұсынылып отыр.

ӘЛ-ФАРАБИ
БАБАМЫЗДЫҢ ЖОҚТАУШЫСЫ

– Жанымызға жақынырақ тақырыпқа көшейік, – деді Баукең жадыраңқы көңіл күйде. – Бүгін жастық шағымды еске алып, өзімше біраз әндеттім. Өлетін адам бой жасайды деуші еді. Менің әндеткенім бой жасағаным-ау.

– Аға, өтінем, мұндай сөзді айтпаңызшы?

– Адамдарда бой жасау әртүрлі болады. Жарайды, оны Құдай қаласа, кейін айтармын. Пәленшенің халі қалай?

– Халі жаман емес.

– Ол жауапсыз сөйлейтін адам. Мен оның халі жақсы деп айта алмаймын. Айта алмайтын себебім, қанша жоғары лауазымды қызметте жүрсін, жан-жағына ұнамаған неменің халін ешуақытта жақсы деуге болмайды. Сен білесің бе? Әл-Фараби бабаң неге үйленбей кетті?

– Білмейді екем.

– Неге білмейсің? Біраз бірге жүрдіңдер ғой. – Мен күлдім.

– Күлгенің мені мазақ еткенің бе? Өзімнің білуімше, аңыз емес, ақиқат. Ол кісінің ғашық болған қызын жауыздар тартып алып кеткен. Әл-Фараби содан үйленбеген.

– Ғылымға берілген кісі ғой.

– Әрине, ғылымға берілген. Алайда нәзік жандыларға деген махаббатынан бас тарту екі-ақ адамның; бірі – есуастың, екінші – махаббаттан опасыздық көргеннің қолынан келеді.

Өмірдің не екенін түсінбеген есуас жер басып жүргендерді адам ретінде тани алмайды. Махаббаттан опасыздық көрген дүниеге ренжіп, өзінің жүрген жолынан басқа жолға түседі. Әл-Фараби бабамыздың тағдыры сондай күрделі тағдыр. Ол кісіні түрікмен де, тәжік те, өзбек те, қырғыз да менікі дейді. Сен Ақжан Машанов деген кісіні білетін бе едің?

– Сырттай білетінмін.

– Үйіне іздеп барғанымда қараторы өңді келіншегі сыпайы қарсы алды.

– Халің қалай, бәйбіше? – дегенімде:

– Мына шалдардың суретіне қарап өмір сүріп жүрмін, – деді. Ол кісінің жағдайын айтпай түсіндім. Ақаң үйінің төр жақтағы қабырғасына кілең шығыс ғұламаларының портретін іліп қойған екен.

Ақаң екеуіміз оңаша ұзақ әңгімелестік. Қараторы өңді келіншек өз шаруасымен айналысып, бізге кедергі келтірмеді. Іштей рақмет айттым. Ақаңа:

– Атақты ғалым ағамызсыз. Әл-Фараби бабамыз неге отбасын құрмады? – деп сұрағанымда, ол кісі:

– Ойпырма-ай, Бауыржан, мен бұған мән бере қоймаппын, – деді.

– Қазақ халқы ел басқаратын ерекше ақылды адамдар пайда болсын деп данышпандардан тұқым алуға құштарланып, қасына жесірін қосып жіберген. Ол қазақтың ақымақтығы емес, даналығы. Өмірге келген құрт-құмырысқа, өсімдікке дейін тұқым жаюға құштар. Әлемге әйгілі данышпан бабамыз Әл-Фараби өзінен кейін неге тұқым қалдырмады?

– Енді оны... енді оны... қайдам.

– Айтқыңыз келмесе, айтпай-ақ қойыңыз. Бұл менің ең негізгі сұрағым еді.

– Бір қызға ғашық болғаны бар.

– Ақа, оны естігем. Сіз данышпан адамсыз, сізді дүние жүзі біледі.

– Ой, айналайын, Бауыржан, мына сөзің бір жағынан – ақылдылық, екінші жағынан – мені сөккендік.

– Сөккенім емес, мен өз ойымды айттым. Сіз шын мәнінде данышпансыз. Түркі халықтарының әрқайсысы ол кісіні өзіне иемденіп жүргенде, нақты деректер негізінде Әл-Фараби бабамыздың қазақ екенін дәлелдеп, әлемге мойындаттыңыз.

– Әй, сен мұның бәрін қайдан білесің? – деді Ахаң қарлығыңқы даусын соза, маған таңырқай қарап.

– Қалай білмеймін? «Бұл кісі не істеген, немен шұғылданған, қандай еңбегі бар, алдына барғанда нендей тақырып төңірегінде сөйлесуім керек», – деп сізге келерден бұрын көп ізденіп, көп дайындалдым. Мен әр тақырыптың өзін таза талдауды, әр нәрсені өз атымен айтқанды ұнатам. Ең бастысы, сіздің Совет үкіметінен қорықпай мешітке барып, жұма намазын үзбей оқып жүргеніңізге тәнтімін. Өз басым діннің бәрін сыйлаймын. Неге сыйлайсың десеңіз, дін – халықты жақсылыққа тәрбиелеуші.

– Бұл бағаң дұрыс, Бауыржан.

– Ақа, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Димаш Ахметұлы Қонаевтың қабылдауында болғаныңызда не жайында сөйлескеніңізді өз аузыңыздан естігім келеді.

Ақаң тамағын кенеп, екі-үш рет жөткіріпті:

– Өзім мүлде күтпеген қызық жағдай болды, – деп кеңкілдей күлді. – Көрші республикамыздың Орталық партия Комитеті бірінші хатшысының: «Сізге есепсіз сыйақы төлейміз, зәулім ғимарат сыйлап, академик атағын береміз, барлық жағдайыңызды жасаймыз. Тек Әл-Фарабиді қазақ деген райыңыздан қайтыңыз», – дегеніне көнбегенімді айтқанымда, Димаш Ахметұлы жұмсақ жымиып: «Ғалымдар шындықты ғана жазуы керек. Сіз Әл-Фараби қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен болса, қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен деп жазыңыз. Бәрі бір түбі анықталатын нәрсе ғой», – дегенін естігенде ішімнен: «Ойпырма-ай, Димекең қандай әділетті жан деп таңғалдым, – деді Ақаң жадырай күліп..

– Шынында, Димаш Ахметұлының сөзінен артық қандай сөз керек? Қабылдауында болғаныңызда ол кісіден сіз бір нәрсе дәметтіңіз бе?

– Жоқ, ешнәрсе дәметкен жоқпын. Ол кісіге барғандағы мақсатым – Әл-Фараби шығармаларын зерттеу мәселесіне көмек қажет екенін айту еді.

Димекең кісіні орнында отырып қабылдамайды екен. Босағаға дейін жүріп кеп, жылы жүзбен күлімсірей, сәлемімді алғанын, ортадағы жұмыс столына жайғасып, маған қарсы қарап отырып сөйлескенін, сөйтіп өзімді еркін ұстап, ойымды еркін айтуыма қолайлы жағдай жасағанын ешқашан ұмытпаймын..

– Барғанда сізге не берді?

– Әл-Фараби шығармаларын зерттеуге жағдай туғызатынын айтып, маған өзім қызмет істейтін Сәтпаев атындағы университет маңайына жақын екі қабатты үйден екі бөлмелі пәтер берді.

– Оны сіз қалап алдыңыз ба?

– Е, маған жетіп жатыр ғой. Ұмытып барады екем, Қазақ ССР-і Ғылым академиясының мүше-корреспонденті етті. Атаққұмарлығым жоқ еді, есі-дертім ғылыммен айналысу, жұма намаз ғана... Сен де менімен бірге жұма намазға қатыссаңшы? – деді.

– Өзіңіз бара берсеңізші?

– Сен Құдайға қарсысың ба?

– Мен құдайшыл адаммын. Жылқының еті – харам, оны жегендер де, Құрайыш руына қарсы шыққандар да тозаққа барады дегендеріңіз қалай? Құдайға ру неге керек? Маған түсіндіріңіз, мүмкін мен қателесіп жүрген шығармын. Адамдардың жанын алатын Құдай дейсіздер. Құдайға дүниеге келісімен шетінеп кеткен нәресте не үшін керек? Оның жазығы не?

Құран кәрімде «Құдайға ешнәрсе қажет емес, ешнәрсені керек етпейді» деп жазылған. Мысалы, сіз, мен, басқа болсын, бір нәрсе істегенімізде дұрыс болсын деп істейміз. Дұрыс болмасын деп істеген бір адамды көрдіңіз бе, не естідіңіз бе? Сіз мұрағаттардың қағазын ақтарып, кітаптарға үңіліп, тарихты, өмірді зерттеп жүрген ғұламасыз. Ізденгенде өтірік айтып, шындықты бұрмалау үшін ізденіп жүрсіз бе?

– Әрине, ақиқатқа көз жеткізу үшін ізденіп жүрмін.

– Олай болса, Құдайдың күнәдан пәк баланы өлтіріп, әке-шешесін жылатып қояйын деген жоспары бар ма? Оны кім біледі? Бұл аздай-ақ, «сен бір адамды өлтірсең, екі құлыңды босат» дегіздіріп Құдайды сөйлетіп, саудагер, жауыз етіп көрсеткеннен не ұтасыздар?

– Жалпы, логикалық талдауға жүгінгенде сенің айтқандарыңның қайсыбірі дұрыс. Бәрін дұрыс дей алмаймын.

– Келіспейтін жерлеріңізді ашық айтыңыз. Бәрін дұрыс дей алмаймын деген сөз өз намысын қорғау үшін өзінше мен де сенен кем білмеймін деген сияқты мағынада айта салатын кез келген адамның сөзі. Мен сізбен білім таластырып емес, қатемді түзесем деген оймен сөйлесіп отырмын. Молдалардың «бәрі Құдайдан» дегені дұрыс па?

– Құдайдың кереметтігін айтқаны ғой.

– Керемет Құдайдың «Меккеге, Мәдинаға шабуыл жасамаңдар, шабуыл жасасаңдар сендерді тозаққа алып барам» дегені қалай? Шабуыл жасағандарды тоқтату да, оларды қан құстыру да өз қолында емес пе?

– Мұхаммед пайғамбар: «Дінге сенушінің бойында қиянатшылдықпен бірге өтірікшіліктен өзге әр қандай кемшілік болуы мүмкін», – деген.

– Құран кәрімді оқып отырсаң, өлікке арналған бір ауыз сөз жоқ.

– Мына сөзің маған көп ой салды.

– Аруақтарға сыйынба дейсіздер. Қалай сыйынбаймыз? Адамдарға жақсылық жасасын деп кейбір кісілерге ерекше қасиет сыйлаған Алланың өзі емес пе?

– Сенің дінді зерттеп жүргеніңе қанша жыл болды?

– Мен бір емес, барлық дінді ес білгелі зерттеп келем.

– Бұл саған неге керек?

– Құдайдың айтқанының көбі орындалмайды. Не себепті орындалмайтынын білсем дедім. Кез келген адам ұзақ өмір сүруді аңсайды. Шөбересін сүйген адамға тозақ жоқ дейсіздер. Сонда бұл адамдардың ұзақ өмір сүруін қалағаннан туған ниет пе?

– Сұрағыңның бәрін ой елегінен өткізуім керек.

– Сіз дінмен қашаннан бері айналысып келесіз?

– Ой, айналайын-ау, бала кезімнен дінді дұрыстап білу бізге үлкен мақсат болды. Мәдениетіміз дінді білуден басталды. Оған қарсы бір сөз айту қанымызға, пиғылымызға ешқандай сыймайтын нәрсе.

Ақжан аға құран кәрімді жақсы білген, жұма намазға үзбей қатысқан кісі. Сөз арасында: «Тіпті, ауырып жатсам да, жұма намазға амалдап барып жүрем. Барған сайын бойым жеңілденіп қалады», – дегені бар.

– Мұныңыз өзіңізді өзіңіз сендіру ғой, – дегенімде:

– Дұрыс айтасың. Әркім мақсатына жетуі үшін өзін өзі сендіруі керек, – деді.

– Менің жауап таба алмай жүрген тағы біраз сұрағым бар. Соны қоюға рұқсат етіңіз?

– Рұқсат, рұқсат.

– Ислам дініндегілер жұмаққа, басқа діндегілер тозаққа барады. Себебі, олар шошқаның етін жейді дейді. Шошқаны Құдай жаратқан жоқ па? Оның етін жегендердің бәрін тозаққа барады дейсіздер. Сонда кешегі соғысқа қатысқандар тозаққа бара ма? Олардың бәрі шошқа етін жеді емес пе?

– Мен бұл сұрағыңа жауап бере алмаймын.

– Сіз қалай ойлайсыз. Он балаңыз он түрлі фамилияда бола ма?

– Жоқ, бір фамилияда болады.

– Ендеше, Құдай нешеу?

– Астапыралла-а, астапыралла. Бауыржан, сен қалай-қалай сөйлейсің?

– Құдай нешеу? Сізден соны сұрап отырмын. Мен өзім Құдай біреу шығар деп ойлаймын.

– Әлбетте, Құдай біреу.

– Біреу болса, неге Құдайдың діні әртүрлі әрі ол діндердің талабы неге орындалмайды? Сонда Құдайдың ол адамдарға әлі келмегені ме?

– Астапыралла-а, астапыралла, – деп Ақаң бірнеше рет айтып, ойланып отырып:

– Бауыржан, сұрақтарыңа жауапты қазір емес, жұма намазын оқып келгеннен кейін асықпай ойланып барып берейін.

– Өзіңіз шақырасыз ба, әлде өзім шақырусыз келейін бе?

– Қолым тигенде өзім шақырам. Сен өзің Құдайдың барына сенесің бе? – деді.

– Сенем, Ақа.

– Бауыржан, саған таңым бар. Ғылыми атағың жоқ. Алайда ғылымның әртүрлі саласы бойынша сөйлей білесің. Мен талай ғұламалармен пікірлесіп жүрген адаммын. Олардың ешқайсысынан естімеген сөзді сенен естіп, сүйсініп отырмын. Бүгін күн жұма. Жүр мешітке барып, жұма намазын бірге оқып қайтайық, – деді.

Ақжан аға дене құрылысы шағын, жасы сексеннің үстіне шығып кеткен, әр сөзін ойланып айтатын ғұлама еді. Үн-түн жоқ, кейде мм-мм деп басын шайқап, мені бар ықыласымен ұқыпты тыңдады.

Ол кісімен қайта кездесе алмадым. Кездессем деп дәметіп, үйіне талай рет телефон соқтым. Сырқаттанып қалса керек, жауап бермеді. Қайтыс болғанын газеттен оқып, білдім. Ақаңның ой-пікірін тыңдай алмай арманда қалдым. Өмірімдегі ең үлкен өкінішімнің бірі осы. Себебі, Ақаңның жаратылысы нағыз ғұламаның жаратылысы еді. Дінге сенімінің қандай екенін білгелі әдейі қойған сұрақтарыма адал жауап қатқанына, дінге деген сенімінің беріктігіне, Әл-Фараби бабамыздың қазақ екенін нақты деректермен дәлелдегеніне ерекше риза болдым. Ахаңдай адам ғана ғылымның шыңына шыға алатынына көзім жетті...

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ,
бауыржантанушы

Қазіргі таңда баршаға танымал көрнекті қайраткер,ана тілінде тұңғыш рет заң жазған ұлтжанды азамат, ақын, жазушы, сазгер қимас, сыйлас қаламдасым Әкім Ысқақ асқаралы Алпыс жасқа толды. Ол «Жүректегі жазулар», «Адам іздеп жүрмін» атты күнделік-эссе және «Әкеге хат», Ой-шырағдан» кітаптарының авторы Әкімнің мерейтойының құрметіне әр түрлі мазмұнды-маңызды шаралар ұйымдастырылып жатыр. Соның ішінде, туып-өскен Ордабасы ауданы Жастар орталығының Әкім ағаларының, сүйікті жерлесінің шығармашылығына арнап республикалық Байқау ұйымдастыруы мені айрықша қуантты. Игі бастаманы қолдап, қуаттаймын. Байғазы ретінде Әкім Ысқақ жайындағы жазбамды ұсынамын.

ҚУАНЫШҚА ҚҰШТАР ЖҮРЕК

Естелік-эссе

Әншейінде қуанышым мен ренішімді айналама байқатқым келмейді. Күлкіге де сараңмын. Әңгімеге аз қосыламын. Ал Әкіммен кездессем, ағыл-тегіл ақтарыламын. Жырымды да сырымды да жайып саламын. Оның тілі мен түрінде екінің бірі жеткізе алмайтын сүйкімділік пен мен тартымдылық тұнып тұрады.Ол адамдарды қуантқысы келеді. Өзі де қуанышқа құмар. Алаңсыз сөйлейді, риясыз күледі. Әділді жақтайды,адалды мақтайды.

Мен Әкіммен 1985-жылы Шымкент қаласында өткен жас таланттардың облыстық «Жігер» фестивалінде кездесіп, танестым. Шардарадан мектепте сабақ берген оқушым Қазыбек Иса екеуміз шақырылыппыз. Мен аудандық «Өскен өңір» газетінің қызметкерімін. Қазыбек – өзі оқыған «Қызылқұм» орта мектебінде мұғалім. Қазыбек Иса – қазір, өздеріңіз білесіздер, талантты ақын, танымал қайраткер. Шардарадан ұшақпен бардым.

Қаладағы ең сәулетті «Шымкент» қонақүйінде жиналдық . Орын дайын. Ас әзір. Оңтүстік өлкесінің түкпір-түкпірінен келген есімдері елге танылып қалған Әлібек Тойлыбаев, Пердеш Есенбеков, Төрегелді Байтасов, Алпысбай Боранбаев, Баян Бекетова, ұмытпасам, Үміт Битенова, Эра Орманова, осы Әкім тағы басқа да бір топ ақын танысып-білісіп, шұрқырасып жатырмыз. Мұхтар Әуезов атындағы технологиялық институттың Мәжіліс залында өлең оқыдық. Әлібектің тұңғыш қызына арнаған «Лирасы», Пердештің «Мақта терген қызғасы», Қазыбектің «Көктем суреттері», Алпысбайдың сатиралық шумақтары көптің көңілінен шықты. Әсіресе, Әкімнің «Бір физиктің махаббаты» өлеңі барлық тыңдаушысын баурап алды. Алғашқы кеш аяқталды. Қай періштемнің сыбырлағанын қайдам, мен қаламдастар алдында: – Қазылар емес, жеңімпазды өзіміз таңдайық, өлеңдерімізді салтанатты залда емес қонақүйде оқиық,– деп ұсыныс айттым. Бәрі қолдай кетті. Төрехан Рамдердиев, Төрегелді Байтасов, Әбділда Аймақ, Әлібек Мейірбеков сияқты республикаға есімі танылып қалған ақындар да арамызға қосылып, үш-төрт күн шөлімізді қандырып, өңімізді жандырып өлең оқыдық. Сол кезде Одаққа әйгілі, өндіріс алыбы атанған «Қорғасын» заводының қыз-жігіттері ақындарды күнде кешке қарай кезекпен қонаққа шақырады. Таңға дейін кезекпен өлең оқимыз. Шіркін, шалқыған көңіл, шайқалған дәурен-ай! Жас кеудемізде пайда да, айла да жоқ. Дастарханда әр қилы тақырыпта өзара айтыс ұйымдастырамыз. Бір-бірімізді қолдаймыз, қуаттаймыз. Қызғаныштың қызыл көз иті күшіктемеген кез. Аз уақытта әбден бауыр басып қалдық. Әкім мен Қазыбекті арамыздан жеңімпаз деп бірауыздан танып, Алматы қаласында өтетін республикалық «Жігер» фестиваліне шығарып салдық. Олар білектес, тілектес достарының сенімін ақтап, үлкен додада топ жарды. Өз кезеңіндегі ең танымал «Лениншіл жас» газетінде қос ақын жайлы мақтаулы пікірлерді оқып, бөркімізді аспанға аттық. Олар әлі де алдыңғы лекте келеді. Тұяқтары бекіп, алқымдары ашылды. Айтпақшы, аталмыш іс-шараның басы-қасында жүрген облыстық комсомол комитетінің қызметкері, қазіргі белгілі ақын әйгілі әдебиетші, қоғам қайраткері Қасымхан Бегманов жерлесіміз болатын.

Оның ел десе, әсіресе, ана тілі десе, ет жүрегі езіледі. Сөзімді ақтау үшін, бірнеше мысал келтірейін. Республика Парламентіне депутат кезінде мұхит асып, ең бірінші, американдықтар асырап алған қазақ балаларын іздеді. Олардың өмірі, мен тыныс-тіршілігімен мұқият танысты. Кішкентай бауырларын жатсынбай, құшағына тартты. Қазақ сөзін үйретті. Атамекеннің қадірін ұқтырды. Біздің қанымызға ғана тән мейірімділік пен ізгіліктің отын жақты жанарында сағыныштың жасы моншақтаған жәудіркөз балапандарға! Олар ертең Әкім ағасын еске алады, Әкім ағасы арқылы туған топыраққа деген махаббат алауы маздайды. Санасында сағыныш сабағы тамырлайды. Ана тілін ардақтаған азаматтың Америкада тек қана қазақ тілінде қатынас жасауының өзі – үлкен ерлік, өшпес өнеге.

Содан бері Әкім екеуміздің арамыз бөлінген емес. Абзалдық хаттары мен көңіл сырлары ұдайы жалғасып келеді. Әкім досым өзі жетекшілік ететін мектеп оқушылары мен қызметкерлерінен құралған Қосжан Мүсірепов атындағы әдебиет үйірмесінің мүшелерімен кездесуге, алтын ұя ауылымен таныстыруға бірнеше рет шақырды. Өкінішке қарай, әр түрлі себеппен бара алмадым. Сүйікті бауыры Қасым қаза болғанда, жан жүрегіммен қайғырдым. Көзімнен жасым, көкірегімнен шерім төгіліп қарашаңырақтың есігін аттап, көңіл айттым.

Әкімнің жүрегі шапағат пен мейірімге толы. Ол сыздағанға ем, қызбағанға дем болғысы келеді. Қуансаң қосыла қуанады.

Бірде белгісіз себеппен жұмыстан шығарылдым. Заңға арқа сүйеп, іздендім. Көңілсіз күндер өтіп жатты. Кездейсоқ Әкім хабарласты. – Нұреке, Арысқа кел. Кездесу өтеді. Өлең оқы. Көппен таныс, – дейді. – Қайтуды уайымдама, Шардараға жеткізіп тастаймын. Алыста жүріп дос көңілін аулаған, тағдырыңа алаңдаған асыл азаматтан қалай айналмайсың?! Осындай бауырмал досты қалай бас иіп,бауырыңа тартпайсың?! –Жасасын жақсы адамдар!– деп дала жаңғыртқың келеді.

Заң әділ шешіп, мектепке қайта оралдым. Тағы да Әкім телефон соқты.– Хабарыңды алайын деп едім, – дейді ақырын. Мейірімінің лебі телефон тұтқасынан құйылып тұр. – Ауылға келіп едім.

Аз-кем саулық сұрасқан соң: – Онда соқпайсың ба? – дедім. –Міндетті түрде соғамын, – деді ол.Мен әдебиет сүйетін оқушылар мен мұғалімдерді асығыс жинап, күттім. Кешікті. Қайта хабарластым. – Арыстан енді астық, – деп тұр сабазың. Сөйтсем, Шымкенттен шыққан екен. Мектеп ұжымымен кездесті. Танысып, сырласты. Әкім сөйлегенде залдан шыбынның ызыңы естілуші ме еді?! Оқушылар да ұстаздар да қимай-қимай қоштасты. Асығыс, тамақтанбастан Шымқалаға қайтты.Жауапты іссапарда жүріп, арасы алыс Шымкенттен менің қуанышыма ортақтасып, құтты болсын айтып келген адал ниетін қалай қуаттап, риза болмайсың, айтыңызшы, ағайын! Әкімнің бойында көпке таныла бермейтін ерекше қасиет бар. Оның батасын алсаң,үнемі асығың алшысынан түседі. Айың оңынан туады. Дәлел ме, дәлелді өз өмірімнен алайын тағы. Мен басқаратын мектептің бітіруші түлектері Әкім ағаларының батасын алып, сол жылы ұлттық бірыңғай тест сынағынан жоғары нәтижеге қол жеткізді. Аудан мектептері арасында жүлделі екінші орынды иелендік.

Оның ел десе, әсіресе, ана тілі десе, ет жүрегі езіледі. Сөзімді ақтау үшін, бірнеше мысал келтірейін. Республика Парламентіне депутат кезінде мұкит асып, ең бірінші, американдықтар асырап алған қазақ балаларын іздеді. Олардың өмірі, мен тыныс-тіршілігімен мұқият танысты. Кішкентай бауырларын жатсынбай, құшағына тартты. Қазақ сөзін үйретті. Атамекеннің қадірін ұқтырды. Біздің қанымызға ғана тән мейірімділік пен ізгіліктің отын жақты жанарында сағыныштың жасы моншақтаған жәудіркөз балапандарға! Олар ертең Әкім ағасын еске алады, Әкім ағасы арқылы туған топыраққа деген махаббат алауы маздайды. Санасында сағыныш сабағы тамырлайды. Ана тілін ардақтаған азаматтың Америкада тек қана қазақ тілінде қатынас жасауының өзі – үлкен ерлік, өшпес өнеге. Әкім Ысқақ алғаш рет мемлекеттік тілде «Көшіқон туралы» Заңды дайындап, халық алғысына бөленген азамат. Ол туған жерінің тауын да тасын да бозторғайдай шырылдап қорғайды. Туып-өскен ауылы – Ордабасыға тарап кету қаупі төнгенде сауаттылығы мен білім-білігін, абыройын аянбай жұмсап, аман алып қалды. «Жас алаш» газетінде тілші болып жүрген кезінде іссапармен Шардараға соқты. Қоштасарда кенет әйгілі «Қара бауыр қасқалдақ» әнінің авторы Лесбек Амановпен кездесіп, танысты. Көп ұзамай республикалық беделді газетке көлемді мақала жарияланды. Лесбек жарыққа шықты. Жалпы ел таныды. Өнері де,өмірі де оңға өзгерді. Қанша асыл дүниелерді жарыққа шығарды. Міне, жанашыр жанның жақсылығы мен қамқорлығын айта берсек таусылмайды. Оның шығармалары мен қанатты сөздері мектеп оқулықтарына енді.

Атырауда, Нұр-Сұлтанда, Таразда, Шардарада, Шымкентте, тағы басқа қалаларда, үлкен-кішілі елді мекендерде ақынға арналған кештер,кездесулер жиі өтіп келеді. Алда да игі шара, маңызды үрдіс жалғасады деп сенеміз.

Бірде өзі оқып, жоғары білім алған, қазіргі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде өткен кездесуде Әкім Ысқақтың туып-өскен топырағына сіңірген еңбегін ескеріп, Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы атағына ұсынған болатынбыз. Университет ұжымы Әкімді құрметтеп, есіміне оқу кабинетін сыйлады. Жоғарыдағы орынды ұсынысымызды ел ағасы жасы Алпысқа толған кезінде тиісті азаматтардың есіне қайта салғымыз келеді. Бұл өтінішімізді Түркістан халқы тегіс қуаттап-қолдайтыны анық.

Оның ізгі жүрегі қуанышқа құмар. Әкім Түркістан топырағын сағынып оянады. Аңсап әнге қосады, өлеңмен өрнектейді. Оның абзал жаны нағыз адам іздейді, адал дос іздеп сарылады. Ақынның айналасы Алтынға толы. Арман аралында еркін жүзіп, күнге қарай бет алған ағалық жасқа толған асыл досқа жарқын таң,қайратты қалам тілейміз!

Нұрғали ИБРАЙЫМ

Әмбебап әкім

Мәжіліскер һәм іскер, сатирик және лирик, сазгер, заңгер, әрі физик Әкім Ысқаққа

Сықақтың тартса садағын,
Салады ел және сазды әнін.
Бал менен уын араның,
Сіңірген бірдей маздағым.

Жазады ойға батыра
Физули сынды ғазалды...
Физиктің махаббатына
Шалынған қыздар гөзал-ды...

Қосжанның қосын көтеріп,
Достардың көшін демеген.
Өжет бір кетпес еті өліп,
Сөзі өткір тіпті жебеден...

Ел ынтық ерек қалпыңа,
Әмбебап Әкім атандың.
Қалаулы болып халқыңа
Бата алдың – Жолға бет алдың.
Жұлдыздай, досым, жарқыра
Басы бұл ұлы сапардың.

Үзеңгі арттың үмітке
Асу көп алда әлі асар...
Ордабысылық жігітке
Ордада жүрген жарасар!

Қазыбек ИСА
1998 жыл

АЛДЫМЫЗДА ЖАС ҰРПАҚТЫ ЖАҢАША ТӘРБИЕЛЕУ МІНДЕТІ ТҰР

ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТӨЛ ЖЕМІСІ

Экономикалық өсім, әлеуметтік даму, саяси тұрақтылық. Мұның барлығы саналы, білімді ұлтпен байланысты. Ал озық ойлы ұрпақ тәрбиелеп, кемел келешекті қалыптастыру үшін ұлттық білім беру саласы қашанда жүйелі дамуды, мемлекет пен қоғамның қолдауын қажет етеді.

2008 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасының қолдауымен құрылған «Назарбаев Зияткерлік мектептері» желісі еліміздің білім беру саласындағы айшықты жетістіктерінің бірі. Он жылдан бері отандық педагогикаға ұлттық және халықаралық деңгейде оқытудың озық үлгілерін енгізіп келе жатқан дербес білім беру ұйымы қазір әлемнің алпауыт елдерімен мойындалып отыр. Бұл сөзімізге дәлел ретінде халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған жалынды жастардың мектеп қабырғасынан түлеп ұшып әлемнің үздік университеттерінде білім алуын айтуға болады.

Ал 2013 жылдан бері мұнайлы өңірде талапты шәкірттерді тәрбиелеп келе жатқан Атырау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі биыл жетінші мәрте алғаш рет 7 сыныпқа қадам басқан дарынды оқушыларды өз қанатына қабылдайды.

Еліміздегі жиырма Назарбаев Зияткерлік мектептері секілді мұнайлы аймақтағы Елбасы мектебі академиялық білім беруде NIS-program жүйесін басшылыққа алады. NIS-program – қазақстандық және әлемдік үздік дәстүрлер мен озық білім жүйелерін қамтитын, халықаралық нарықта бәсекеге түсе алатын, белсенді азаматтық ұстанымы бар, жоғары білімді тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған инновациялық білім беру жүйесі. Бұл білім беру бағдарламасының мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сай пәндердің мазмұнын қамтиды, сонымен қатар GCE AS/A-level халықаралық бағдарламасының (Ұлыбритания) мазмұнымен сәйкес келеді. Тұңғыш президент атындағы мектептер желісінің құрамына кіретін Атыраудағы Назарбаев Зияткерлік мектебі оқытудың 12 жылдық жүйесін іске асырады. Жоғары мектепте (11-12-сыныпта) білім берудің бұл үдерісі оқушыларды нақты ғылыми бағытта, яғни Қазақстандағы және шет елдегі жетекші университеттерге оқуға түсуге дайындауды басымдық санайды. Жоғары мектепте білім алатын оқушылар бірқатар пәндерден босатылып, есесіне болашақ мамандығына мектеп қабырғасынан ақ бейімделу үшін кей ғылымдарды ағылшын тілінде терең меңгереді. Бұл өз кезегінде зияткерлік мектептердегі оқушылардың SAT, IELTS, TOEFEL, APTISсынды маңызды халықаралық сынақ емтихандарын тапсырған соң білім алушының мектептен түлеп ұшқанда қалаған оқу орындарындағы білім грантының иесі атанып шығуына зор мүмкіндік беріп отыр. Облыстағы зияткерлік мектепте 12 жылдық білім беру жүйесін тәмамдап, халықаралық сертификаттарды иеленген түлектердің саны мыңға жуықтады. Қуантатыны сол, соңғы жылдары ел астанасындағы Назарбаев Университетіне түсушілердің де қатары артып келеді. Егер 2014 жылы атыраулық түлектердің арасында Назарбаев Университетіне қабылданғандардың саны 5-10 пайыздан аспаса, қазір бұл көрсеткіш 80-90 пайызға дейін жетіп отыр. Тәжірибе көрсеткендей түлектер таңдаған мамандықтарына сәйкес Гонг-Конг, Корея, АҚШ, Канада секілді алпауыт мемлекеттердегі жоғары оқу орындарының білім гранттарына ие болуда. Сөзсіз, бұл мемлекеттің жас мамандарды дайындау бағытында жүзеге асырып жатқан мүмкіндіктері, Тәуелсіздік төл жемісі.

ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫН КЕҢЕЙТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жалпы, қай ортада болсын тіл білудің маңызы жоғары. Шет елге барсаңыз алдымен сол мемлекеттің жергілікті тілін жетік меңгерсеңіз, мәдениетімен таныс болсаңыз сол ортаға әлеуметтік бейімделу айтарлықтай жеңіл әрі жылдам жүзеге асатыны белгілі. Демек, болашақ мектеп түлектерінің тілдік құзыретін қалыптастыру және кедергісіз қатынас жасау үшін Назарбаев Зияткерлік мектептерінде үш тілділік саясаты нәтижелі көрініс табуда. Өйткені көп ұлтты елде өмір сүретін қазақстандық оқушы үш тілде еркін сөйлей білуі керек. Бұл барлық оқушылардың мектептегі оқыту жүйесінде тілдік құзыреттің кедергісіз дамуына және болашақта терең білім алуы үшін маңызды. Жасыратыны жоқ, қазір ағылшын тілін меңгерушілердің саны едәуір көп. Демек бұл тілді білудің өзі қазір аса жаңалықта емес. Көп тіл білу арқылы зияткерлік мектеп оқушысының ойлау кеңістігі, танымдық көкжиегі мен қарым-қатынас жасау дағдысы айтарлықтай жоғары болатыны анық. Сондықтан қазақстандық

жастар кәріс, неміс, француз, қытай және испан тілдерінде жетік меңгеріп келеді. 2017 жылдан бастап Атырау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде екінші шет тілі ретінде француз және кәріс тілін оқыту енгізілген. Екі жылға жуық уақытта әйгілі Виктор Гюго мен Теофиль Готьенің тілін едәуір меңгеріп шыққан елуге жуық жастар тілді қаншалықты меңгергендерін қалың көрерменге паш етті. 2019 жылдың наурызында зияткерлік мектептің бір топ оқушылары әйгілі «Notre dam de Paris»мюзиклін сахналады. Атыраулық оқушылардың тілді меңгере отырып өнердегі талабына тәнті болған француздықтар қойылымға жоғары баға берді. Өйткені мектеп басшылығының ұсынысымен аталған қойылымды тамашалаушылардың қатарында мұнайлы өңірде еңбек етіп жатқан француз ұлтының өкілдері арнайы шақырылған болатын. Қазақ балаларының мұндай бастамасы алыстағы Еуропаға дейін жетіп, французбдықтардың мерейі үстем болды.

Үштілділік саясатты айтқанда ең әуелі ана тіліміздің бірінші орынға қоямыз. Облыстағы зияткерлік мектепте қазақ және орыс сыныптары үшін Қазақстан тарихы, құқықтану, география қазақ тілінде оқытылса, сәйкесінше тілдік айырмашылыққа қарамастан мектеп оқушылары әлем тарихы және информатика пәндерін орыс тілінде оқиды. Ал 11-12 сынып оқушылары экономика және жаһандық көзқарастар мен жобалық жұмыс пәнін ағылшын тілінде меңгереді. Сондай-ақ жаратылыстану-математикалық ғылымдар жоғары сыныпта ағылшын тілінде өткізілетінін атап өткен жөн. Мұндағы мақсат бейіндік пәндерді шет тілінде оқыту арқылы болашақ мектеп түлектері жоғары оқу орынында шет тілінде кедергісіз білім алуы, тілдің қолданыс аясын кеңейту болып табылады.

ШӘКІРТТЕРДІҢ ШЫҒАР БИІГІ

Кез келген білім ордасы өзінің түлектерімен, қоғамның ілгері дамуына қосқан үлесімен мақтанатыны шындық. Елбасы атындағы оқу орны дарынды шәкірттердің инновациялық жобаларын мақтанышпен айта алады. Мектеп тарихында авторлық туындысына ресми патент алған 4 оқушы, 200-ге жуық түрлі пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен 60-тан астам ғылыми-зерттеу және шығармашылық конкурстарда топ жарған балалардың есімдері алтын әріппен жазылған. Атап айтсақ: Абай-Лоран Әлмұхамедтың «Дыбыс толқындары арқылы өртті сөндіру құрылғысы», Мадина Молюкованың «Жарық көздері арқылы баламалы энергия алу», Бибарыс Ғилаждың еріктілерге арналған «Шаңырақ» мобильді қосымшасы мен Ермек Кеңесовтың «Пластик қалдықтарынан кірпіш шығару» еңбектері көптің көңілінен шыққан төл жобалары.

Ал тәрбие ісіне келсек, мұнайлы шаһардағы зияткерлік мектеп өз тәрбиеленушілерін «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясындағы негізгі жеті құндылықты нұсқаулыққа ала отырып жүзеге асырады. Халқымыздың өн бойындағы салт-санасы, ұлттық құндылықтар жаһандық және мектеп дәстүрімен сабақтастық тапқан. Ұлы ойшыл Әл-Фарабише айтсақ «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың hac жауы». Білім және тәрбие егіз ұғым. Сондықтан әр баланың жүрегіне жол тауып, жекелей ізденісі мен қызығушылығын орындау мақсатында білім ордасында 20-дан астам қосымша білім беру үйірмелері жұмыс істейді. Оқушының шығармашылық қабілетін шыңдауға бағытталған бұл үйірмелер негізгі академиялық сабақтармен бірге оқытылады.

Атырау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебін өзге білім ордасынан ерекшелейтін тағы бір тұсы – алтын ұяның өзіндік төл жобалары. Атап айтсақ: оқушылардың әжелерінен құралған «Әжелер клубы», мектеп жанындағы жатақхана оқушыларының өз ауылдарын танытатын «Ауылдан базарлық», драма үйірмесінің «Көлеңкелер театры», кітапхана жанындағы «Қуыршақтар театры» мен «Жас сарбаздар» патриоттық клубы талай мәрте облыстық және республикалық деңгейдегі сайыстарда білім ордасының туын биік ұстап келеді.

Білім ордасының директоры, тарих ғылымдарының магистрі Құралай Ахмадиева өз сұхбатында былай дейді:

– Қазіргі білім беру саясаты түбегейлі өзгерді. Отандық педагогика мемлекет қойып отырған талаптардан бөлек, әлемдік деңгейдегі өзгерістерге тез бейімделуге, белгілі кедергілерді еңсеру арқылы жаңа дағдыларды игеруге мүмкіндік туғызып отыр. Демек, қазақстандық педагогтің алдында жаңа міндет тұр. Бұл міндетпен бірге бүтін бір ұлттың жас буынын дәуір талаптарынан кенде қылмай оқыту мен тоқыту жүгі бар. Сынақ пен шыдамдылық шайқасқа түскен мынадай кезеңде біздерге, яғни мұғалімдерге қоғамның қолдауынан басқа керегі жоқ.

Иә, әлемді әбігерге салған пандемия елдегі білім беру саласын сынағалы тұр. Бұл емтиханнан сүрінбей өтіп, жас ұрпақтың бойында білім мен тәрбиені, сана мен сапаны қалыптастыру уақыт еншісінде.

Әнуар ЖАМАНҚҰЛОВ,
Атырау қаласындағы
Назарбаев зияткерлік мектебінің
баспасөз хатшысы

Елімізде өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындату жолында еселі еңбек етіп келе жатқан білім ордалары жетерлік. Бұл тұрғыда жалпы білім беретін орта мектептермен қатар, арнайы білім беретін мектептер үздіксіз жұмыс атқарып келеді. Осы тұста Есік қаласының облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп интернатының тыныс-тіршілігіне толығырақ тоқтала кетуді жөн санадық. Бұл мектептің өзге білім беру ұйымдарынан басты ерекшелігі – балалардың тек білім алуына ғана жағдай жасап қоймай, олардың әрбірінің денсаулығына айрықша көңіл бөлетінінде. Мектеп бойынша жалпы 170 бала білім алуда.

БАЛАЛАРДЫҢ САУЛЫҒЫ ДА, БІЛІМІ ДЕ – БАСТЫ НАЗАРДА

Бүгінгі таңда білім ордасында көзі нашар көретін – 142 оқушы болса, олардың 28-і көру қабілетінен мүлдем айрылғандар. Мектептегі сыныптар саны – 25. Олардың 18-і қазақ, 7-еуі орыс сыныбы. Сонымен қатар, мектепте балалардың көру қабілеті мен дамуына жол ашатын дәрістермен қатар, оқушылар түрлі үйірмелерге қатысу арқылы өздерін жаңа қырынан танытып жатады. Мәселен, балаларға арналған бассейн, шахмат, дойбы, үйірмелері олардың денсаулықтарын жақсартып, ой-санасын одан әрі жетілдіре түсуіне септігін тигізеді.

Сенбі, жексенбі күндері оқушылармен кезекші тәрбиешілер жұмыс істеп, оларды бір сәт те назардан тыс қалдырмайды. Сонымен қатар, білім ордасында ұйымдастырылатын түрлі мерекелік мәдени шаралар, балалардың көңіл-күйін көтеріп қана қоймай, өз өнерлерін ортаға салып, талантын шыңдауға жол ашып келеді.

Мәселен, Еңбекшіқазақ ауданы бойынша суда жүзуден өткен жарыста Ж. Тоқсейіт, Р.Тынышжан, Т.Имангазиев сынды оқушыларымыз қатысып, жүлделі 1 орынға ие болса, республикалық тоғызқұмалақ жарысында Н.Нүсіпбек, А.Тұрсын, Ж.Көшербайлар мектебіміздің намысын қорғап жүлделі 1, 2 орындарға ие болды.

Сонымен қатар спорттың шахмат, дойбы сынды түрлерінен де бақ сынаған М.Төлендиев, Ж.Тоқсейіт, Н.Нүсіпбек, А. Кенжеғұлова сынды оқушыларымыз биік белестерді бағындырып, мектебіздің абыройын асқақтатты.

Сондай-ақ, Астана қаласында гандболдан өткен республикалық мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған параолимпиада ойындарында Есік қаласының облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп интернатының оқушыларынан құралған команда 3 орын иеленіп, топ жарып, алға шықты.

Түрлі спорттық жарыстармен қатар мектебіміздің оқушылары түрлі білім бәсекелерінде жоғары нәтиже көрсетіп жүргенін мақтанышпен айтуға тиіспіз.

Мысалы, республикалық оқушылар арасында өтетін «Кенгуру» байқауынан Ш.Мұхамеди, И.Жолтай, халықаралық «Мега талант» байқауынан А.Әділжан, Ш. Мухамедилер қатысып жүлделі Ш-ші орынды иеленді.

Сол сияқты, республикалық «Жұлдызай» байқауында бақ сынаған Р.Ысқақова, Б.Оңғарбаев, Д.Тұралиев талантты оқушыларымыз да үнемі жеңіс тұғырынан көрініп, жұлдыздары жарқырап келеді. Осылайша, біздің оқушыларымыз өздерінің аянбай еңбектенуінің арқасында мүмкіндіктерінің шексіз екенін дәлелдеп келеді. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, бұл әлбетте оқушыларды өнерге баулу жолында өзінің маңдай терін төккен ұлағатты ұстаздарымыз: Г.Баймұханова (музыка), Р.Камалова, Т.Мұқажанов (өнер), Ж.Аманжолова, Е.Жексенбеков, А.Валиевтердің (спорт) еңбектері орасан зор екенін атап өткіміз келеді.

Есік қаласының облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп интернатының білім, спорт, өнер сынды барлық сала бойынша алдыңғы қатардан көрініп, зор жетістіктерге жетуі әлбетте мектеп директоры Г.Өтепбергенованың, оқу ісінің меңгерушісі Л.Малдыбаеваның, тәрбие ісінің меңгерушісі Б.Қожамбердиевалардың ерен еңбегінің жемісі.

Атылмыш мектеп-интернатында күнделікті жұмыс істейтін асхана балалардың дұрыс тамақтануына барлық мүмкіндікті жасап отыр.

Интернат тәрбиеленушілеріне арналған кітапханада балалардың әрбірінің білімін жетілдіруге толық мүмкіншілік жасалған. Атап айтқанда, кітапханамыз көздері нашар көретін балаларға арналып, үлкен шрифпен басылған кітаптармен толыққанды қамтылған. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының түрлі ертегілерді өз бетімен оқып, түсінуіне жағдай жасалған. Көздері мүлде көрмейтін оқушылар арнайы брайль шрифтісімен басылған оқулықтарды қолдану арқылы, кітаптарды өз еркімен оқуға мүмкіндік алған. Тағы да бір атап өтуге тиісті нәрсе – көздері мүлдем көрмейтін және нашар көретін балаларға арналған книголюб аппараты балалардың көру қабілетін жақсартуға жол ашады. Нақтырақ айтқанда, сол книголюб көмегімен кітаптардағы мәтіндерді үлкейтіп немесе кішірейтіп оқуға, суреттерді көруге мүмкіндік алады. Аталмыш аппаратпен оқушылар өздіктерінен жұмыс жасай отырып, даму деңгейінің келесі сатысына көтеріле алады. Оқушылардың денсаулығын сақтау мақсатында жұмыс істейтін медблокта күнітүні білікті дәрігерлер балалардың денсаулығын бақылауда ұстап отырады. Мұның өзі ата-аналар үшін үлкен көмек екенін айта кетуіміз керек.

Қазіргі таңда ел бойынша қолға алынып жатқан қашықтан білім беру әдісі ерекше білім беруді қажет ететін мектеп интернатының тәрбиеленушілеріне екі есе ауыр соғып жатқанын ашып айтқымыз келеді. Себебі, біздің интернатта білім алатын оқушылар көздері нашар көрумен қатар, кейбірінің зерде бұзылыстары бар. Жоғарыда біз атап өткен тың тәсіл – қашықтан оқыту барысында біздің мектептің балалары тек аудио жазбаларды тыңдап, ата-аналар көмегімен фото сызбаларды салумен шектеледі. Мұғалім тарапынан тиісті тапсырмалар берілгенімен, оны көре алмағандықтан дұрыс қабылдай алмайды да, оны орындау барысында бірқатар қиындықтарға ұшырайды. Оның салдарынан қалған көру қабілеттеріне де көп салмақ түсіп, кейбірінің денсаулықтарына кері әсерін тигізіп жатқанын да айтуға тиіспіз. Сондықтан да, қорыта айтқанда еліміздегі ерекше назар аударуды қажет ететін интернат балаларына қашықтан білім алудан гөрі, арнайы мектепте білім алған әлдеқайда тиімдірек. Білім және ғылым министрлігі алдағы уақытта осы мәселені назардан тыс қалдырмай, оң шешімін табады деген ойдамыз.

Ержан ИМАНОВ
«Есік қаласының облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп интернатының» бастауыш сынып мұғалімі

Алматы облысы
Есік қаласы

■ JASTAR SAIASATY

МИНИСТР ЖАСТАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева Zoom тұғырнамасында президенттік кадрлық резервке кірген жастармен онлайн режимде кездесті.

Жиын барысында министр: «Маңызды салалардың бірі – жастар саясаты. Біз әдістерін өзгерттік. Олар жастардың жас ерекшеліктеріне байланысты қызығушылықтарына және әлеуметтік санатына орай сараланады. Әлеуметтендірілген топтың бар екендігі түсінікті. Бірақ, Біз қамтымаған жастар да бар. Олармен өзара іс-қимылды қалай жолға қою керек, қандай жобаларды жүзеге асырған жөн деген мәселелермен жұмыс істеу қажет. Осы орайда жастардың белгілі бір санатына қызықты жобалар ұсынғандарыңызды қалаймыз», – деп жастар саясатының маңыздылығын атап көрсетті.

Аида Ғалымқызының атап өтуінше, отбасылық саясат саласында отбасылық құндылықтарды насихаттау ісіне барынша көңіл бөлуіміз қажет. Өйткені, жаһандану дәуірінде ұлттық тілден, мәдениеттен, салт-дәстүрден айрылып қалмау үшін Ұлттық кодты сақтап қалу маңызды мәселелердің бірі.

Сондай-ақ, Аида Балаева бүгінгі қоғамдағы ең бір өзекті мәселелердің бірі – жастар арасындағы ажырасу ісіне де тоқталып өтті. «Мұның барлығы отбасыдан басталады. Сондықтан осынау отбасылық құндылықтарды насихаттау маңызды. Ажырасу саны артып барады. Себебі сан алуан: мінездің үйлеспеуі, тұрмыстық проблемалар. Осы ретте жас отбасылар арасындағы ажырасу пайызын барынша қысқарту үшін тығыз өзара іс-қимыл жасауымыз маңызды болып отыр», – деді ол.

Сонымен қатар Аида Ғалымқызы дінаралық келісімді сақтау мәселесін де назардан тыс қалдырмай, деструктивті сектор тарапынан үлкен сын-тегеурін болып тұрғандығын ашып айтты. Проблема адамның діншілдігіне емес, оның діни сауатсыздығында екендігін айрықша атады.

Шара аясында Ақпарат және қоғамдық даму министрі теологтардың белгілі бір діни ұйымның ерекшеліктері жайында қызықты әрі жетесіне жеткізіп айта алмайтындығын тілге тиек етті. Сондықтан, бұл бағытта жаңа формалар мен әдістер әзірлеп жұмысты жаңғырта түсу керектігін айтты.

«Тұрмыстық жанжалдың этносаралық алауыздыққа айналып кетуге бейім екендігін өздеріңіз де көріп отырсыздар. Бұған жол беруге болмайды. Өйткені, бұл өте нәзік сала. Елімізде орын алған тұрақтылықты сақтау және қарапайым тұрмыстық жандалдарды этносаралық шиеленіске өршуіне жол бермеуіміз керек. Сондықтан өздеріңізді тағы да белсенді ынтымақтастыққа шақырамын», – деді Аида Балаева жастарға қарата.

Жастардың қоғамдағы үлкен күш екенін ескерсек, бұл бағыттағы атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар өз нәтижесін берері сөзсіз.

■ QOǴAM

ҰЛТТЫҚ АРНА ҰЛЫ АБАЙДЫ ҰЛЫҚТАДЫ

Ел руханиятының дамуына бұқаралық ақпарат құралдары саласының қосар үлесі зор екені белгілі. Бұл тұрғыда телевизия саласының орны ерек. Осы бағытта жанды жұмыс жүргізіп келе жатқан «Қазақстан» телерадиокорпорациясы 10 тамыз – Абай күніне орай бірқатар жаңа тележобалар әзірлеп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Атап айтқанда, атаулы күні теле–арна 12 сағат эфирін Абай мұрасына арнаса, ұлы ойшыл атымен құрылған «Abai tv» арнасы Абайдың құнды мұраларын дәріптеуге бағытталған жобаларды бір күн бойы, үзіліссіз көрсетті.

«Qazaqstan» телеарнасының таңғы эфирі 06:40-та Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойының ашылуына арналған «Қазақ халқы – Абайдың халқы» жобасымен бастап, одан әрі қарай да халыққа берері мол туындылар ұсынып, ел рухын асқақтатып тастады. Әрі бұл тұрғыдағы жұмыстар тұрақты түрде жалғаса бермек.

Телеарнаның көрермен көзайымына айналған төл туындыларына тереңірек тоқталар болсақ, осынау атаулы күні абайтанушы, ғалым Мекемтас Мырзахметовтың «Nur Tileý» бағдарламасына берген сұхбаты, ақынның ұрпағы Тұрағұл Абайұлы туралы «Беймәлім Алаш» деректі фильмі көрсетіліп көптің көңілінен шықты.

Сонымен қатар, қоғам қайраткері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бекболат Тілеухан жүргізетін «Абайдың жолы» жаңа жобасы да Абай күнінде алғашқы шығарылымын ұсынып, хакім Абайдың терең де ауқымды шығармаларын бүгінгі оқырманға жатық, қарапайым тілмен түсіндіруге кірісіп кетті. Сондай-ақ, «Күміс көмей» ұлттық музыкалық-танымдық бағдарламасының шығарылымы Абай әндеріне арналды. Абай күнінде ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың «Abai tv» арнасының «Сарасөз» бағдарламасына берген сұхбаты ұсынылып, «Абай» жобасы көрерменге жол тартты. Одан бөлек, Абай күніне арналған бағдарламалар кестесіне «Құнанбай» көркем фильмі, «Адамзаттың алыбы – хәкім Абай» республикалық ақындар айтысы, «Абай әндері» театрландырылған концерті, «Адамзаттың бәрін сүй» атты Абай әндерінің кеші енгізілді.

Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына байланысты БАҚ саласында атқарылып жатқан ауқымды істер мұнымен тоқтап қалмақ емес. Осы бағытта атқарылған әрбір игі іс Ұлы ақынның қазақ халқының жадында мәңгі сақталуы жолында қызмет ете бермек.

qazaquni.kz



АТАМЕКЕН АҢЫЗЫ мен

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» дегені мәлім. Оқырман назарына ұсынылған төмендегі дүние сол қастерлі туған жер тақырыбына арналады.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

МАҚТАНЫШ пен МАҚТАНШАҚТЫҚ

Бір кездесуде атақты Асқар Сүлейменовтен залда отырған бір қыз «Ағай, сіз Шымкент облысынансыз ба?» деп сұрапты. Асекең жұлып алғандай: «Жоқ, мен Созақтанмын!» дейді. Сонда әлгі қыз: «Дұрыс қой, Созақ Шымкентке қарамай ма?» десе, «жоқ, Шымкент Созаққа қарайды» деген екен. Бұл сөз ел арасында әртүрлі формада әрқилы айтылып жүр. Қалай десек те, мұндай сөздің Асекеңнен басқа адамның аузынан шығуы неғайбіл. Әйтпесе, осындай әңгіменің талай рет орайы келген тұста мен неге айтпадым мұндай сөзді? Басқалар неге айтпады?

«Мен» деп өзімді ерекшелеп, әдейі көрсетіп тұруымның басқалай себебі бар. Студент кезде бір-бірімізбен танысудың басы «Сен қай жақтансың?» деген сұрақтан басталатын еді ғой, сонда бірі: «Хан емессің, қасқырсың!..» деп зуылдатып өлең оқып барып, «Сол өлең айтылған жер – Ордаданмын!» дейтін. Екінші бірі болса: «Қарасаз, қара шалғын – өлеңде өстім...» деп бастайтын. Бұйығылау жүретін мен болсам, әдеттегі қарапайымдылығымнан танбай, жай ғана «Сығанақтанмын» дейтінмін. Міндетті түрде «Ол қай жер?» деп сұрайтынын білемін. Тіпті, ішімнен солай сұраса екен деп тұратынмын да. Мақтанған соң, дұрыстап тұрып мақтанып қалайын деген ой шығар ішімдегі. Сондағы өзімнің білетінім де көп нәрсе емес еді. «Қазақтың алғашқы астанасы болған жер» деймін, немесе тани қоймас деген дүдәмалдау оймен «Әл-Фараби сияқты әл-Сығанақи ақын шыққан жер деймін».

Басқа облыстарда өндірістік тәжірибе жұмыстарында жүргенде, мақаламның соңына «Әл-Сығанақи» деп жазып, жариялап та жүрдім. Ауылым жайында өзім де аса көп дүние біле бермейтінмін, өйткені тарихта бұл жайында көп айтылған емес. Бар білетінім ауылдағы көргені көп, білгені көп кісілердің аузынан естіген, сосын Ілияс Есенберлин, Әбіш Кекілбаев, Дүкенбай Досжанов сияқты үлкен жазушылардың кітаптарынан оқыған детальдарым ғана еді. Дегенмен, сол кезде оның өзі де бірталай дүние сияқты көрінетін. Тарихта көп айтылмаған, жазылмаған жерде, мұның өзі жоқтан жақсы ғой. Тыңдайды-ау дегендерге жыр ғып айтып беретіндей сөзім бар болатын. Ол кезде жоқты бардай, барды нардай етіп көрсетіп, мақтануға бейім тұратын мақтаншақтығымыз басым еді ғой. Дегенмен, көбірек іздене келе, мақтаншақтықтан арыла бастадық, оның орнын мақтаныш сезімі билей түсті. Енді ше, қазақтың алғашқы мыңдығы жасақталып, ту көтерген жері Сығанақ болса, қалайша мақтаныш етпейін! Жастау кезімізде осындай көңілде жүретініміз рас еді. Ал қазір нақты істің заманы болған соң, атқарылып жатқан шаруалар ғана мазалайтын болған. Бүгінде мені ғана емес, көп жұртты Қазақстанның тарихына қатысты мәселелер, тарихи жәдігерлер, сондай-ақ елдік, ұлттық тұрғыда атқарылып жатқан ауқымды істер көбірек қызықтыра бастады. Әсіресе, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Қазақ хандығының 550 жылдығын лайықты атап өтілген соң көпшіліктің көңілі бір жасап қалғандай болды. «Баяғы қойымызға қайта оралайықшы» деген сөз бар еді ғой, қазақтың алғашқы астанасы атанған Сығанақ қаласы туралы зерттеуші тарихшыларымыздан, оқыған тарихи мәліметтерден алынған деректерге сүйеніп, бүгінгі әңгімемізді өрбітіп көрейік.

АРХЕОЛОГТЕР АРПАЛЫСЫП ЖҮР...

Кейінгі кезеңдерде Сығанақ қаласы мен әл-Сығанақи тарихына дендеп көңіл бөліне бастады. Құм жұтқан қалалардың бірі болып ұзақ жатқан шаһардың қазір, тіпті, топырағы аршылып, алғашқы бет-бейнесі қалпына келтіріліп жатыр. Бұл орайда белгілі ғалым Серік Пірәлиевтің Түркістандағы Қ.А.Ясауи атындағы қазақтүрік университетінің басшысы болып жүрген кезінде ұйымдастырып, Сығанаққа арнайы археологиялық зерттеулер жасатуы жақсы жалғасын тауып келеді. Барлық істің бастауына бір адам түрткі болуы керек қой.

Қ.А.Ясауи атындағы қазақтүрік университетінде ашылған Археологиялық орталықтың жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сәйден Жолдасбаев қызу кірісіп, Трояны іздеген Шлиман секілді дала кезіп, жер қазып, көне қаланың сарқыншақтарын жер бетіне шығара бастаған. Біраз дүние қайта қалына келіп те жатыр. Қызылорда облысының сол кездегі әкімі Қырымбек Көшербаев та Сығанақтың басына арнайы барып, Елбасының бастамасымен жүргізіліп жатқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша қолға алынған бұл іске зор көңіл бөліп отырды.

«Болса тәңірім екінші өмір қиғандай, Сығанақта көз жұмар еш қиналмай», – деп Ғысамиддин әл-Сығанақи (XII-XIII ғғ. аралығында) жырлағандай күйге жету үшін әлі ерте, әрине. Белгілі шығыстанушы ғалым, көне жазба жәдігерлердің білгірі Әбсаттар қажы Дербісәлі ағамыз жазғандай, «Бұл арман ғалымның Сығанақ қаласының XII-XIII ғасыр басында қандай гүлденген қала екендігін көрсетіп тұр. Үзінді келтірілген еңбекте Сығанақ қаласының атақты қала екендігі, бұдан Дешті Қыпшаққа қарай жол шығатындығы, одан қалаға қымбат бағалы бұйымдар келетіндігі, не келсе де алдымен осы қалаға келетіндігі жырланады. Ал қаланың Түркістан қаласы мен Дешті Қыпшақ арасында орналасқан, шекаралық қала екендігі, тұрғындарының тыныштықта қауіпсіз бейбіт өмір сүріп жатқандығы суреттеледі. Қала ғұлама ғалымдар тұратын ғылым ордасы еді деп Ғысамиддин армандайды».

Бұл қала Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы Сунақата ауылынан 1,5 шақырым батыста орналасқан, оның оңтүстік жағынан Түркістан-Қызылорда тас жолы жанап өтеді (қазіргі Батыс Еуропа – Батыс Қытай автожолы). Бұл жол баяғы Ұлы Жібек жолының ізімен салынған. Міне, осындай тоғыз жолдың торабында жатқан Сығанақ қаласының ғұмыры сонау орта ғасырдан басталған. Қала ғұмырының дәл қай ғасырда басталғандығын дөп басып айту қиын. Өйткені, оған археологиялық қазба жұмысы жүргізілмеген, тек үстінен теріп алынған көзелердің сынықтарына қарап V-VI ғасырларда өмір басталған деген жорамал айтылып жүр. Қала тарихына қатысты зерттеушілер дерегі осылай қысқа ғана қайырылып тұр әзірге.

Былтырғы еңбек демалысы кезінде ауылыма барып, Сығанақтың айналасын асықпай аралап, басында жұмыс істеп жүрген археологтермен әңгімелесіп қайттым. Жұмыс баяулау жүріп жатқандай көрінді. Оның да өзіндік себеп-салдарлары бар. Дегенмен, сол археологтердің өздері жасаған мәліметтерге сүйеніп, не атқарылды, не нәрсе кешеуілдеп жатыр деген сауалдарды қозғап көрейік.

«Қалаға жүргізілген қазба жұмысына байланысты оның шығыс жағындағы қақпасының алдындағы зерттелген мешіт-медресе, сағанаға жеке тоқталуды жөн көрдік. Біздің алғаш Сунақ ата мешіті ме? деп жүрген мешітімізді археолог Е.Смағұлов «мүрдехана» деп отыр. Өйткені, оның жанынан сағана ашылды. Шындығында, ол алғаш мүрдехана болып, кейіннен мешіт-медресеге айналған тәрізді. Оған мүрдехананы жапқаннан кейін айналдыра төрт бұрышынан сегіз бөлме салынып, михраб жасалған. Бұл туралы жеке тоқталамыз.

Сонымен, басты бір көңіл бөлетін мәселе – кесененің ашылуы. Жазба деректерге қарағанда, қалаға Ақ Орданың орталығы болып тұрған кезде Сасыбұқаның баласы Ерзен хан билік жүргізген (1320-1321-15.V-1344-4.V 1345) және осы көрсетіліп отырған деректе Ерзен хан Сығанақты көркейтіп Сауран, Отырар, Баршынкент, Жент сияқты т.б. қалаларды абаттандырып мешіт, медресе салған деп жазады. Ал өзі осы Сығанақ қаласында жерленген дейді. Сондықтан да, біздің ашып отырған кесенеміз сол Ерзен ханның кезінде салынғандығына ешбір күмән болуы мүмкін емес. Алайда, Ерзеннен кейін хан болған

оның баласы Мұбарактың кезінде Сығанақ қаласының жағдайы біраз нашарлайды. Бірақ, Шымтай мен Ұрыс хандардың кезінде Ақ Орданың жағдайы жақсарып, Сығанақ қаласы қайта гүлденген. Оның басты көрінісі Ұрыс хан саяси жағынан бытыраңқылыққа түсе бастаған Алтын Орданың ханы болуға тырысып, Сарайда хандықты жүргізе бастаған. Бұдан байқалатыны оның тұсында Сығанақ қаласы экономикалық жағынан күшейгендігін көреміз.

Ал кесіндіден алынған материалдар XIV-XV ғасырларда қаланың жақсы өмір сүргендігін көрсетеді. XV ғасыр аяғында XVI ғасыр басында қаланың гүлденген кезі жайлы Фазлаллах Ибн Рузбиханның хабарынан анық байқауға болады. Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2009 жылдан бастап А.Ясауи атындағы ХҚТУ Археология ғылыми-зерттеу орталығының Сығанақ археологиялық экспедициясы (жетекшісі – т.ғ.д., профессор С.Жолдасбаев) Республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында кең көлемді қазба жұмыстарын бастады».

АҚИҚАТЫ

АЛҒАШ РЕТ ҚАЗАҚ ТУЫ ҚАЙДА КӨТЕРІЛДІ?

Елбасы бастамасымен Қазақ хандығының 550 жылдығы еліміз көлемінде атап өтілгелі тұрған тұста әрі тарт та, бері тарт жасаудың, әрине, түкке керегі жоқ. Бір-екі жыл әрі болар, екі-үш жыл бері болар, мәселе дәл сол күнді тауып, сол кезде ғана атап өтуде емес, болған жәйттің нақты тарихи факті екендігін төрт құбыламызға түгел әйгілеуде жатса керек. Мұны кейбір әлеуметтік желілерде, тіпті баспасөзде жарияланып қалатын осы тұрғыдағы мақалаларға байланысты әдейілеп атап айтып кетіп отырмыз. Әйтпесе, ұзындығы – күншығыстан күнбатысқа дейін, ені – оңтүстіктен солтүстікке дейін созылып жатқандай көрінетін кең даламыздың өзіне сай тарихымыз да бай, бірақ біркелкі болмай тұрғаны рас. Әркім өзі тапқан деректерге жүгініп қана болжам жасап жатқандай көрініп тұрады.

Кең даламыздың әр түкпірінде әр кезде, кейде бір мезгілде болған, тіпті ұқсас тарихи оқиғалардың кісіні шатастыра түсуі де ғажап емес. Оның үстіне, кезінде бұрмаланып көрсетілген, адамды алжастыратындай фактілер де жетіп артылады. Оған бір ғана нәрсені айтып кетсек те жеткілікті болар дейміз.

Шыңғыс хан тарих сахнасына шықпай тұрғанда кездеспеген «маңғол» сөзі ол тұлға бола бастағаннан кейін айтыла бастауының сыры және сол маңғолдардың (орысшадағыдай «моңғол» емес) бәрі түркі тілінде сөйлескендігі, ал қазіргі Моңғолиядағы жұрттың тілі ол тілге сәйкес келмейтінінің өзі көп нәрсені қайта қарауды талап етпей ме?

Қазіргі таным бойынша Керей мен Жәнібек хан бастаған қазақ өзбектен бөлініп шығып, Шу бойына келіп, жеке шаңырақ көтерген. Олар бұл жерге қайдан келді және оған дейін олар кімдер еді деген сауалдар, көбіне, нақты жауапсыз қалып жатады. Енді мына деректерге көңіл бөліп көрейік.

«Белгілі ғалым Зардыхан Ғинаятұлы «қазақ мемлекеттігі Ақ Орда хандығынан басталады. Өйткені, оның халқының негізгі бөлігін қазіргі қазақ ұлтын құрап отырған байырғы тайпалар (Үйсін, Қаңлы, Дулат, Арғын, Қыпшақ, Найман, Жалайыр қатарлы) құрады. Жошы ханның ұлы Орда Еженнің жетінші ұрпағы Орыс хан Ақ Орданың шаңырағын көтерген алғашқы дербес билеушісі, Қазақ хандарының атасы (Қазақ мемлекетінің алғашқы ханы) болып танылады» деп көптен бері айтып жүр. Ал, Қазақ мемлекетінің алғашқы ресми әскері – «Алаш мыңдығы» Орыс ханның тұсында, Сығанақта жасақталды. Мыңдықтар ақ-қара ту ұстап «Алаш» деп ұрандап жауға шапты, ел, жерінің тұтастығын жанкештілікпен қорғады дейді». (baq.kz, Астана. 8 қараша, 2012 ж.).

Зардыхан Ғинаятұлының айтуынша, тарихта Сыр бойы қалаларының қатарында Сығанақ қаласының маңызы бөлекше. Сығанақ қазақтың алғашқы мемлекеті – Ақ Орданың астанасы болған. Қала 982 жылы салынған деген дерек «Худуд ал-Алам мин ал-Машрик ила-л-Магриб» («Шығыстан батысқа дейінгі әлем шекаралары») атты авторы белгісіз еңбекте «Сунах» атауымен алғаш белгілі болды. Мұнда протоқазақтық Қимақ мемлекетінің далалық аймақтары мен қалалары туралы жазылған (Бартольд В.В. Худуд ал-Алам. Рукопись Туменского Л. 1930). X ғасырда өмір сүрген араб географы әль-Мұқаддаси (Макдиси) Сығанақты Отырармен кіндігі бір егіз қала деп көрсеткен. Сығанақ пен Отырардың ара қашықтығы 24 фарсах (160 км). «Сығанақ» атауы ежелгі түркіше «Қамал, қорған» деген мағынаны білдіреді. Мұсылман деректерінде Сығанақ «Дарьуль-Куфр» немесе «дінсіздердің ордасы» атанып келді. Өйткені, Сығанақ XII ғ. соңы XIII ғ. басында әлі де мұсылман дінін қабылдай қоймаған, Тәңірге табынған көшпенді қыпшақ хандығының шығыс астанасы болатын. Абдулла-намеде Сығанақ туралы «Ол – ежелден бері қыпшақ (қазақ) хандарының астанасы» деп жазады. Хорезм шах Атсыз (1127-1154жж.) және Ала ад-Дин Мухаммед дінсіздерді бағындару үшін Сығанаққа бірнеше дүркін жойқын жорықтар жасап, ақыры Сығанақ билеушісімен бейбіт келісімге келді. Нәтижесінде Сығанақ Шығыс қыпшақ даласындағы гүлденген қалалардың біріне айналды. «Худуд-аль-Аламда» Сығанақ диірменінде тартылған ұн әлемнің шартарабына таратылатыны туралы жазылған. Сығанақтың ең бір дәуірлеген кезеңі – Жошы ханның төртінші ұрпағы Сасы-Бұқаның тұсы (1309-1315). Ерзен ханның тұсында Сығанақта Ақ Орда хандарының атында күмістен ақша құю ісі жолға қойылды. Ол кезде хандарының атында ақша соғу деген биліктің дербестігін көрсетеді. Ерзен хан 25 жыл билік құрып 1344/1345 жылы дүние салып, Сығанақта жерленді. Осыдан бастап Сығанақ Жошы хан – Орда Ежен әулетінен тараған ақордалық ақсүйектерді жерлейтін ата қорыққа айналды. Мүбәрәк-Қожа кезінен Ақ Ордада басталған бүліншілік 16-17 жылға жалғасты. Тек, 1351-1361 жылдар аралығында Орданың 8 ханы өлтірілді. Бүліншілік 1361 жылы Орда тағына Шымтайұлы Орыс ханның келуі арқасында тынышталды. XIV ғ. екінші жартысында Ақ Орда мемлекетін «Орыс хан ұлысы» деп те атаған. Орыс хан Сығанақта хан сарайын салдырды. Қазақтың алғашқы қарулы қолы «Алаш мыңдығын» жасақтап, ақ-қарала ту алып жауға шапты. Орыс ханның атында ақша соғылды. Сығанақ жұрты тарихи әдебиетте «Алаш елі» атанды. Ш.Уәлиханов және А.И.Левшиндер Орыс ханды «Алаш хан» деп атап, оны қазақ хандарының атасы деп тануы тегіннен тегін емес (Валиханов Ч.Ч. Собр.соч., в пяти томах. Т.2. - С. 160-161; Левшин А.И. Описание киргиз-казчьих или киргиз-кайсакцких орд и степей. 4-1. - СПБ, 1832. - С. 274-275;). Қазақ түсінігінде «Алаш» ұғымы «қазақ» атауының баламасы болып табылады. Сондықтан, Алаштың астанасы Сығанақты – қазақтың астанасы деп тануға толық негіз бар.

Құм жұтқан қалалар туралы ізденістер әлі де жалғаса беретіні белгілі. Дегенмен, қолға түскен мәліметтерді бір арнаға түсіріп, үзілісі жоқ тарихымызды қайта жасау кезек күттірмейтін іс болып тұр.

ДҮНИЕГЕ КІМ КЕЛІП, КІМ КЕТПЕГЕН...

Тарих қалай жазылу керек? Ел тарихы, жер тарихы сол дәуірде билік жүргізген тұлғаларға байланысты айтыла ма әлде сол дәуірде сол жерді жайлаған халыққа байланысты өрби ме? Тұлғаларға байланысты жазылуы тиіс дейін десеңіз, біздің қазақ атамыз жайлаған қала мен далаларда сол кездегі саяси жағдайларға байланысты неше түрлі билеуші үстемдік құрғандығы еске түседі. Сонда, осы дала мен қала сол уақытша билік еткен хандар мен әмірлерге тиесілі болғаны ма? Бізді 70 жыл бойы Мәскеу билеп, үстемдік етті, бірақ біз Ресей емеспіз ғой... Бұрынғы тарихымызда да үстемдік еткісі келгендер аз болған жоқ. Бұрынғы-кейінгі тарихи деректерде қазақтың аты аталмай қала беруінің себебі осында жатқан жоқ па екен? Әрі-беріден соң, қазақ деген аттан бұрын, осы халықтың ру-тайпалары, яғни заңды ата-бабаларымыз мекен еткен жердің тарихы біздің тарихымыз емес пе?

Сығанақ қаласының айналасын ежелден мекендеп келе жатқан ата-бабаларымызға қатысты деректер аз емес. Алпамыс батырдың Гүлбаршыны да осы маңға таяу жерде, Көккесенеде жерленген. Мұндай батырларымызды басқа жұрттар иеленіп жатса, жәй ғана пысықтығы болар, әйтпесе бір замандарда өзбек деп аталған қандастарымыздың бәріне жуығы қазіргі Қазақстан жеріне сол замандардан бастап ақ оралып алған. Басқа жұрттың көңіліне қарағанда дұрыс та шығар, бірақ заман өзгерді, талап өзгерді, біз де өзгеруіміз керек. Өз еншіміздегі дүниені өз тарихымызға әкелгеннің несі айып? Шыңғыс хан тарихына қатысты да осыны айтуға болады. Сығанаққа қатысты тарихшылар деректеріне сәйкес жасалған жоғарыдағы тізім назар аударуға тұрарлық. Билікке кім келіп, кім кетпеген дейміз, ал сонда сол жерді жайлаған жалпы халық кімдікі болғаны? Жалпы, ел тарихын жазғанда, айтқанда өзге жұрттың тілін, солардың транскрипциясын пайдаланбай, өз тілімізде, жатық айтып, қазақша жаза бастасақ болмай ма? Алдағы уақытта Қазақ тарихына қатысты жәйттерді атап өту тек тойлау ғана емес, осындай жәйттерді ойлау болса екен дейміз.

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК,
Қазақстанның мәдениет қайраткері, Ақпарат саласының үздігі

1219 жылдан – Сығанақты маңғолдар басып алғаннан бастап, оны билеушілердің тізімі

№	Билеушінің аты-жөні	Хандық атауы	Өмір сүрген уақыты	Сығанақты билеген кезі
1	Ичан-Орда	Ақ Орда	Белгісіз –1252	Белгісіз –1252
2	Сарғақтай хан	Ақ Орда	Белгісіз-Белгісіз	1252- Белгісіз
3	Көнішен хан	Ақ Орда	Белгісіз-Белгісіз	Белгісіз-Белгісіз
4	Сасы-Бұға	Ақ Орда	Белгісіз - 1310	Белгісіз - 1310
5	Эрзен хан	Ақ Орда	Белгісіз - 1321	1310-1321
6	Мүбарак қожа хан	Ақ Орда	Белгісіз - 1345	1321-1345
7	Шымтай хан	Ақ Орда	Белгісіз - 1360	1345-1360
8	Қымтей хан	Ақ Орда	Белгісіз - 1361	1360-1361
9	Орыс хан	Ақ Орда	Белгісіз - 1378	1361-1376
10	Тоқтақия хан	Ақ Орда	Белгісіз - 1378	1376-1378
11	Темір Мелік хан	Ақ Орда	Белгісіз - 1379	1378-1379
12	Тоқтамыс хан	Ақ Орда	Белгісіз - 1405	1379-1405
13	Қорайшақ хан	Ақ Орда	Белгісіз-Белгісіз	Белгісіз-Белгісіз
14	Барақ хан	Ақ Орда	Белгісіз - 1428	1426-1428
15	Әбілқайыр хан	Өзбек хандығы	1412-1468	1428-1468
16	Шах-Қайдар хан	Өзбек хандығы	1468- Белгісіз	Белгісіз-Белгісіз
17	Әбу-ль-Фатх Мұхаммед Шайбани ибн Шейх Будақ	Өзбек хандығы	1451-1510	Белгісіз-Белгісіз
18	Бұрындық хан	Қазақ хандығы	Белгісіз – 1511	Белгісіз -1511
19	Қасым хан	Қазақ хандығы	1445-1518	1511-1518
20	Мамаш хан	Қазақ хандығы	Белгісіз -1523	1518-1523
21	Тағыр хан ибн Әдік	Қазақ хандығы	Белгісіз -1526	1523-1526
22	Наурыз Ахмет хан	Қазақ хандығы	Белгісіз -1535	1526-1535
23	Бұйдаш хан	Қазақ хандығы	Белгісіз -1537	1535-1537

Әлемді жайлап алып, жайпап бара жатқан жаман індеттің Қазақстандағы қарқыны тіпті қатты болып тұр. Кейде тек қазақтың дарынды перзенттерін шетінен теріп әкетіп бара жатқандай әсер қалдырады. Өткенде ән әлемінің дүлдүлі Кеңес Дүйсекеев ағамыз, одан соң қазақ әдебиетінің қабырғалы қаламгері Қажығали Мұхамбетқалиұлы, кеше белгілі қазақ ғалымы, ақылман ағамыз Мырзагелді Кемел кетті дүниеден. Бұл тек аузымызға түскені ғана. Әйтпесе тек зиялы қауымнан соңғы екі-үш аптаның өзінде 200-дей адам өмірден өтіп кетті... Триллион үнемдегені үшін түрмеге түсіп, негізсіз жала жабу мен әділетсіз соттың кесірінен тарлан ашқан кезінде тасқамауда арпалысып жатқан Ислам Әбіш жақсы көретін ағасы, белгілі ғалым Мырзагелді Кемелдің қазасына қатты қайғырып, көңіл айтуын қағазға түсіріп, адвокаты Мәкіш Есқараев арқылы жолдапты. Исекең түрмеде де бос жатпай, елді қырып бара жатқан пандемияға қарсы күрес жоспарын жасап жатқанын да жазған хатын оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

Редакция

ТАҒЫ БІР АРДАҚТЫ АҒАМНАН АЙРЫЛДЫМ...

–Қаратаудың басынан
көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ
бос келеді.
Ел жұртынан айрылған
жаман екен,
Екі көзге мөлтілдеп
жас келеді», –

дейді халық әні.

Қандай қатерлі, зарлы, қорқынышты заман, ол «Ақтабан шұбырынды» аталған заман еді.

Соңғы оншақты күннің ішінде Үмбетаев Ибадулла, Нұржанов Омарбек, Айдархан Утанов бір ауданда, бір ауылда өскен, ел басқарған үш ағамның қайтыс болғаны жөнінде қаралы хабар алған болсам, бүгін белгілі ғалым Мырзагелді Кемел ағамның қайтыс болғаны жөнінде суық хабар алдым. Бұл тек бір ауылдан шығып, ел басқарған азаматтары. Сол ауыл, сол ауданнан мен білмейтін, маған хабары жетпеген қанша адам қайтыс болды екен?!.

Қандай ауыр, қандай қорқынышты, көзіне жас келіп, көкірегің толып, булығасың, тұншығасың... Жау қайда? Оны көрмейсің. Күресудің жолын да білмейсің, не істеу керек екенін де білмейсің, не боларын да білмейсің...

Бұл заман осынысымен қорқынышты. Өкінішітісі: өз өлігіңе өзің ие бола алмайсың, ел болып жиылып, құраныңды оқып, елге басу айтып, ақтық сапарға шығарып сала алмайсың, арулап көме алмайсың...

Міне, сондықтан да бүгінгі тауқымет «Ақтабан шұбырындыдан» да қорқынышты!!!

Асыл аға, ақтық сапарға шығарып сала алмадым, бір уыс топырақ та тастай алмадым, кешір!

Мен Мырзагелді ағамды 1981 жылдан бері білемін. Бірге қызметтес болдық. Өте көп тәрбиесін алдым. Мырзекеңнің бүкіл қазаққа үлгі боларлық қасиеттері жеткілікті еді.

1.Қарапайымдылық.

Бұл Мырзекеңмен жақын араласқан көптеген адамдар, оның ішінде творчествоға жақын адамдар бірден байқайтын қасиеті.

Мені таңқалдырған бірнеше жағдайлар болды. 1980 жылдардың соңына таман екеуміз екі совхоздың директоры болдық. Біздің совхоз көкеніс, бау-бақша егетін. Күзде халықтан көкөніс бақша өнімдерін нақты ақшаға қабылдайтын. Мырзекең мал бордақылайтын совхоздың директоры. Күзде бір күні қауын-қарбыз қабылдап жатқан жерге барсам, Мырзакелді ағам, Зиба жеңгем екеуі трактордың бір тіркемесіне қарбыздарын артып әкеліп өткізіп жатыр. Біреуі тіркеменің үстінен қарбыз әперіп, біреуі жерден қабылдап, өткізіп жатыр.

Ағама жетіп келіп, амандасып, «Не істеп жатырсыз?» десем, айтатыны: «Жеңгең екеуміз бір гектар жерге қарбыз егіп едік, соны жинап, өткізіп жатқанымыз. Балалар оқуда. Жалғыз айлық жетіңкіремейді», – дейді.

Кеңес Одағы кезінде жұмыс істегендер мені толық түсінеді, бір де-бір совхоздың директоры бір гектар жерге қарбыз егіп, бала-шаға асыраған емес!..

Қазіргі жастар бұны түсіну үшін былайша елестетіп көріңіздерші: Аудан әкімі отбасын асырауға айлығы жетіңкіремейді, сондықтан әйелі екеуі бір гектар жерге қарбыз егіп, қосымша ақша табады... Ондай бірде-бір әкім таппайсыз, таба алмайсыз да!

Мінеки, қарапайымдылықтың, тазалықтың, мөлдірліктің нақты өмірлік дәлелі.

Мен облыс әкімінің бірінші орынбасары болып қызмет атқарамын. Ол кісі парламент депутаты. Облысқа келгенде ешкімді әуре қылмай (көлік те, қасына еріп жүретін әкімшілік қызметкерін де қажет етпейтін) Шымкентке келіп, кейде таксимен, кейде маршруттық автобуспен өзінің Мақтааралына тартып отыратын. Біз «мұныңыз қалай?» деп ренжісек, «маған әуре болудың қажеті жоқ, өз қызметтеріңмен айналыса беріңіздер» дейтін.

Осынша жасқа келіп, ешқандай мәжіліс депутаты, сенатор облыс орталығына келіп, ары қарай автобуспен ауылына баратынын естіген емеспін. Сіздер де естімеген шығарсыздар. Ол кісінің күнделікті өмірдегі қарапайымдылығын араласқан адамдар, сіздер де жақсы білсеңіздер керек.

Шынайы, табиғи қарапайымдылық негізінен Ұлы адамдарға ғана тән қасиет деп ойлаймын.

Мырзекеңнің осы қарапайымдылығының өзі әр қазаққа, әсіресе, жастарға үлгі боларлықтай өте қажет қасиет. Ұлы Абайдың әр қазақтан көргісі келген қасиеттерінің бірі.

2. Еңбекқорлық.

Бұл қасиетіне де аралас болған кісілердің барлығы да толығымен қанық болса керек деп ойлаймын.

Ағамды 40 жылға жуық білсем, қай уақытта болмасын, қандай істі болмасын, түбіне дейін жеткізіп, ерінбей, зерттеп, түсініп, ұғынып, тұжырым жасайтын, өмірде пайдаланатын. Өзінің көзі жеткен білімін, тәжірибесін, айналасындағы адамдармен, әсіресе жастармен бөлісіп отыратын.

1992-2000 жылдардың аралығында мен бизнеспен айналыстым. 1996 жылы 3-4 ай менің барлық бизнесімді талдап, зерттеп, бағыт-бағдар берген болатын. Күні бүгінге дейін мен, менің бауырларым, балаларым ағамыз берген ақыл-кеңестің арқасында бизнесті дамытып, пайдасын көріп келеміз. Сол бизнестің арқасында мыңнан астам отбасы тірлік жасап отыр.

Ол кісінің жазған кітаптарында жасалған сілтемелердің тізімін қарап шықсаңыз, білімді, ойды алу үшін қандай тереңнен сусындағанын, оған қандай еңбек жұмсағанын байқайсыз. Байқап отырып, ойға салып, талдасаңыз, Абай айтқан әрбір қазаққа ауадай қажет еңбекқорлық қасиетіне сүйсінесіз!

3.Кішіпейілділік.

Келіндерге дейін сіз деп сөйлейтін, еш адамға дауыс көтергенін көрген де, естіген де емеспін. Өзіне қызықты болған адамдармен іздеп жүріп, танысатын, сұхбаттасатын және көпшілігіне үлкен сыймен қарап, өте сыпайы сырласатын, араласатын. Өзінен бір жас үлкен адамға іні болып, інілік ілтипат көрсететін.

Жасы үлкенге іні, жасы кішіге аға бола білетін, адамның қадірін өте жоғары қоятын жан еді.

Көпшіліктің арасында өзінің лауазымын, атақ-даңқын, білімділігін көрсетіп, дабырайтуды мүлдем жақтырмайтын. Қатардағы көптің бірі болып көрінуге тырысатын.

«Неге өзіңізді бұлай ұстайсыз?» – десем, жай ғана жымиып: «Менікі әрбір қазаққа міндет болатын стандарттың ішінде болу ғой» дейтін. Жастардың жетістіктеріне, жақсы идеяларына қатты қызығып, қолдап жүретін. Әлеуметтік желілерде жиі ой бөлісіп отыратын.

4. Кіршіксіз адалдығы мен тазалығы.

Ағам үлкен лауазымды қызметтер атқарды. Саясатта да болды. Үлкен қызметтерде жүріп, адалдықты, тазалықты, сақтап қалу да қиын. Ол Кеңес Одағы кезінде қиын болса, қазіргі тәуелсіздік кезінде мүлдем қиын, тіпті мүмкін емес десе де болатын шығар.

Кеңес Одағы кезінде және қазіргі кездегі адалдығына жоғарыда мысал келтірдім. Енді жеке өмірдегі мәселелерден тағы бір мысал келтірейін.

Жоғарыда айтқандай бизнесте бағыт-бағдар берді, табысымыз молайды, мен ол кезде оңтүстіктемін. Астанаға бір келгенде шамалы қаржы ұсындым, «мынау біздің рахметіміз сіздің берген ақыл-кеңесіңізге» деп. Ол кісі бұған мүлде қарсы болды!

– Біріншіден, менің айлығым, бала-шағамның табысы бізге толығымен жетеді.

Екіншіден, мен білгенімді іниме айтып, үйреткенімді пұлдасам, біздің аға-інілігімізден не қайыр?!, -деп ұялтты. Сол кезден бастап екеуміздің араласуымыз басқа арнаға түсті.

Ағамның досқа, бауырға, жора-жолдасқа адалдығы өз алдына бір төбе, өз алдына зерттелетін жазылмаған дастан.

Мырзекеңнің Әбіш Кекілбаев ағасымен, Фариза Оңғарсынова апасымен достығы, араласуы өз алдына бөлек дүние. Ондай биік, шынайы, кіршіксіз араласу – әр адамға бұйыра бермейтін қасиет. Басқа да творчестволық тұлғалармен жас айырмашылықтарына қарамай, тереңінен араласты. Ауылдағы ағайынды да терең түсіне білетін, сезінетін, өзіне тартып алатын жүрегінде үлкен жылылығы болатын. Ол жылылық та кіршіксіз тазалықтың, адалдықтың жүрекке беретін жылу екенін бүгін сезгендеймін.

Абайдың бар қазақтың бойында болса екен деген қасиеті сенде екенін неге кеш сездім екен?!. Аға, енді ол жылуыңды кімге бересің? Мына дерттің кесірінен ол жылуды қара жерге де бере алмайсың-ау, әттең!!!

Ағамды жүзбе-жүз соңғы рет мені соттаған сот процесінде көрдім. Өзінің ауырып жүргеніне қарамастан, Зиба жеңгемді ертіп алып, соттан қалмай, қатысып отырды.

Түрмеден босап шықсам, ағаммен ұзақ сырласып, сөйлесемін, деп күтіп, армандап жүр едім.

Ол кісімен ел жөнінде, экономика туралы ауыл шаруашылығы, ауылдың тұрмысы жайлы өте көп ой бөлісетінбіз.

Енді оның барлығы жоқ!

Айналаң үңірейіп, босап қалған секілді.

Жалпы Мырзекеңмен қай тақырыпқа әңгімелессең де, өте қызықты, молынан сусындайсың.

Ағамның бойында қазаққа үлгі болатын қасиеттер толып жатыр. Оны кезінде тиісті мамандар айта жатар.

Менікі жай сағыныштың, өкініштің, арманның бір тамшысы ғана!

Кеше естігелі бері қатты күйзелдім. Кешеден бері міне бір тәулік болды, көз іле алмадым... Ағаларым, інілерім, көрінбес жаудың құрбаны болып жатқан барлық Отандастарым, сендердің рухтарыңның алдында уәде беремін! Жақын арада күндіз-түні ойланып, барлық тәжірибем мен білімімді пайдаланып, көрінбес жауды жеңудің нақты жоспарын ұсынатын боламын!!!

Ислам ӘБІШ

19.07.2020 жыл

сағ: 14.00.



Төребай ТҰРСЫНҰЛЫ

ЖАПЫРАҚ ЖЫР – жайнап өскен тасқа гүл

Әдетте қазақта екінің бірі, егізінің сыңары әу деп ән айтып, өлең құрастыратыны – бар-шамыз мойындаған шындық. Десек те, соның көбі ет пен тері арасындағы желік, жас шақтағы әуестік болып кейін қалып қоятыны бар. Ал ол адам жиырма-отызында да өлең өріп, сонысын елуден асып, алпысқа келгенде де жалғастыра бер-се, бұл тегін емес. Бойында бір талмас талап, бір талант дәнінің болғаны. Екіншіден, өлең жазу – атамекенді сүю, өмірге ғашықтық көрінісі, жемісі екені де ақиқат.
Қадірлі оқырман қауым! Назарларыңызға ұсынылып отырған Төребай Тұрсынұлы өлеңдерінде осының екеуі де бар. Ең бастысы – туған жер, қазақтың ару қызы аман болсын деп, өскен ел, тәуелсіз мемлекетінің бақ жұлдызы жана берсін деп соққан жүрегінің тынысы жақсы сезіледі.

ТУҒАН ЖЕР!

Туған жерім, нәр аламын өзіңнен.
Сүйем сені жүрегіммен, көзіммен.
Көз алдымда – жайнаған қыр, сұлу Сыр,
Шабытымды шалқытарын сезінем.

Туған жерде асқақтаймын, шаттанам,
Тек өзіңнен ырыс толы бақ табам.
Алыс кетсем, жас баладай жабырқап,
Қайтып келіп жан сырымды ақтарам.

Беу, дүние, есігің кең ашылған,
Таңның нұры шуақ болып шашылған.
О, Туған жер, қасиетті келбетің,
Менен бүккен бір сырың жоқ жасырған.

Сайын дала: қырмызы гүл қызғалдақ,
Құшақ-құшақ гүл ұсындым қызға арнап.
Ақ гүлдермен ақпейіл боп ағарсам,
Сары гүлмен сарғаямын мұң қармап.

Ақ моншақтар гүл – кірпікте мөлдіреп...
Бір кездері біз де өрім тал, өндір ек.
Қызғалдақпен қауышқан сол дәуренім
Қайта келмес... жыр арнадым соңғы рет.
1986 ж. маусымның 13-і.

ТҮН МЕНЕН КҮН

Күллі дүние шомып нұрға көгілдір,
Аспанда Ай жарқырап тұр төгіп нұр.
Ерке желмен сыбырласты жапырақ,
Жаздың түні тыныс алып жеңіл бір.

Түннің көзі таң бозара тұншықты,
Шолпан бата арай шашып Күн шықты.
Көктем келіп шапағымен жарылқап,
Талдар жара бастады тез бүршікті...

Күн де батты жиекті орап алауға,
Ал толған Ай шықты жұлдыз санауға.
Жұлдыздар да сөне берді ақырын,
Ұялды ма Ай көзіне қарауға...

***

Құшақ ашып көк теңіздей тұрды аспан,
Жырларым бар сол аспанмен сырласқан.
Жастық шағым – жасыл желек, нұр абат,
Ыстық маған сол бір күндер, алғашқы ән.

Өтіп жатыр жылдар жылға жалғасып,
Қол созады Күн көзіне тал ғашық.
Ғұмыр – тәтті... өтті тағы бір тәулік,
Ал, арманым қанат қағып алға асып.

Оралмайды кері қайтып жас шағым,
Бейне өмір кешкендеймін қас қағым.
Жыр жазылған ақ парақ та сарғайды,
Жапырақ жыр – жайнап өскен тасқа гүл.
2020 ж. маусымның 4-і

ТҮНГІ АЛМАТЫ ШАМДАРЫ...

Түнгі Алматы шамдары самаладай,
Кірпігінен төгіліп тарады арай.
Алатаудың басы қар... әлдилейді,
Шуақ шашты туылған жаңа ғана Ай.

Көшесінде балбұлақ сайрандаған,
Келбетіңе сүйсініп қайран қалам.
Мен түгіл Күннің өзі ғашық сағаны,
Құлпыра бер, Алматым, арман қалам.
1976 ж. мамырдың 27-і.

***

Түнді шарлап іздеді ме Ай теңін,
Ай да жалғыз, мен де жалғыз – қайтемін.
Ғашық дерті жанды меңдеп барады,
Дауа бар ма, ерке сәулем, айт емін.

Қайран сұлу, күн келбетті Жамалым,
Таусылғандай шарасыздан амалым.
Арманым боп қаласың сен мәңгілік,
Арбап тұрса жалт-жұлт етіп жанарың.

Кірпіктерің қадалғанда оқ болып,
Лаулап жанып жүре бердім от болып.
Маған салған таусылмаса азабың,
Кетсем бе екен бұл өмірден жоқ болып.
1986 жыл. маусымның 24-і.

АРУ – ҒАЖАП ЖАРАЛҒАН ӨМІР ГҮЛІ!

Қос жанары арудың күлімдейді!
Жерді басып тұрғаны білінбейді.
Ару – ғажап жаралған өмір гүлі,
Үміт нұры ернінде дірілдейді.

Шашын тарап көктемнің қоңыр желі,
Аймалайды айлы түн торғын лебі.
Ажарына сұқтанып сансыз жұлдыз,
Аясында тербелер мөлдір көлі.

Ұйқылы-ояу табиғат манаураған,
Ақша бетің албырап алаулаған.
Ару мен Ай екеуі жарасқандай,
Жүрегімде жыр толқын сан аунаған.
1980 ж. сәуірдің 15-і.

***

Мың тоғыз жүз сексен бір, көктем еді,
Сырдың гүлін аймалап өкпек желі.
Сол көктемде көрдім мен хордың қызын,
Тал бойында бір мін жоқ көркем еді!

Неткен сымбат, неткен нұр... көріктісің,
Күннен түстің, әлде Айдан келіппісің?!
Қарай бердім жүзіне көз ала алмай,
Құлын мүшең бір керім, елік мүсін.

Ой шалқып, бойым балқып жатты менің,
Баурап алып күлім көз, тәтті ерін.

Сендей ғажап сұлуды мен көрмедім,
Кетті шарпып бал шарап – отты демің.
1981 ж. сәуірдің 25-і.

ТІЛ ҚАТА АЛМАЙ КІРПІГІНЕ БАЙЛАНДЫМ!

Бәрі-бәрі сол көктемнен басталды,
Жанарымда мұң қамаған жас қалды...
Кеттің, жаным, қолтығында біреудің
Қалдым жалғыз – бұлт бүркеп аспанды.

Сені ойласам – жанарыма алам жас,
Арулар көп, сендей бірақ бола алмас.
Сенің аппақ жарқыраған дидарың,
Дидарыңа сенің сұлу – болам мас!

Қызыл ернің үлбіреп тұр үлбіреп,
Құмар қанбас сүйсем де өбіп жүз рет.
Естен тандым бір көргеннен ғашық боп,
Екі көзің таңғы шықтай мөлдіреп.

Ұялатып ақ жүзіне күн нұрын,
Жарысып тұр сұлу біткен қыр мұрын.
Нұрлы бейнең аппақ айдан аумайды,
Ақ жолыңа төсер едім қыр гүлін.

Қолаң шашың мақпал түндей қара орман,
Тұла бойың жапырақтан жаралған.
Саған ғашық төрткүл дүние әлемі.
Сендей жарым болса менде жоқ арман.

Сенің көзің түпсіз терең тұңғиық,
Алғандай-ақ Күн көзінен нұр құйып.
Тіл қата алмай кірпігіне байландым,
Өртендім ғой мың бір мұздап, мың күліп.

Ұмытпайды өмір бойы шын ғашық,
Тұншықтырсын мейлі көңлін мұң басып,
Шын ғашықтар бәріне де шыдайды,
Жүрегінен бір ғажайып тұнба ашып.

***

Сен ғажайып көрікті едің асқақ тым,
Шердің уын тал бойыма тарқаттың.
Ғашық болдым... түсті менің басыма,
Ғашықтығы Шырын қызға Фархадтың.

Жәудір көзің жүрегімді жаулаған,
Шолпанымсың таң алдында лаулаған.
Кем емессің Мәжнүн сүйген Ләйліден,
Сен сұлусың хор қызынан аумаған.

Жыл құсы кеп ен далама гүл еккен,
Сен сұлусың Баян сұлу, Жібектен.
Сенің жүзің аппақ Айдан арайлы,
Сенің нәзік үнің кетпес жүректен.

Сен биіксің шыңға біткен шынардан,
Сен айрылған аққудайсың сыңардан
Тағдыр бізді – екеумізді қоспады,
Өткен күндер... артта қалды-ау мың арман.

***

Бір қайғым бар көкірегімді жайлаған,
Мына заман бақытымды байлаған.
Арманымды ұрлап алды бұл жалған,
Сонда менің халімді кім ойлаған?!

О, Тәңірім, неге мені ұмыттың?!
Жібін үздің жалғап тұрған үміттің.
Бұйырмады маған маздақ ғашықтық,
Махаббаты Зылиха мен Жүсіптің...

Махаббатқа мың өртеніп, мың күйіп,
Кеттің, Жамал, жүрегіме мұң құйып.
Сезім деген – неткен биік құдірет,
Шыңырауына тарта берген тұңғиық.

Түсінбейтін жандар көп қой дымға түк,
Келем әлі жүрек дертін жырлатып.
Не деймін мен саған мынау дүниеде,
Ең қымбатын алған жанмын ұрлатып.

ЕҢ СОҢҒЫ РЕТ СУ ІШЕЙІН КЕСЕДЕН

Ажалменен арпалыстым кеше мен,
Қараңғы ойлар кетпей қойды кешеден.
О, Тәңірім, ғұмыр сыйла аз ғана,
Ең соңғы рет су ішейін кеседен.

Иығыма қонды екі періште,
Барар жерім – тозақ әлде пейіш пе?
Сен де сүйсең... кетер едім армансыз,
Менің жаным түсіп жатыр бөліске.

Неткен қысқа түс секілді бар ғұмыр,
Алсаң алшы – қинай бермей жанды құр.
Тірі қалсам – Алла, сенің әмірің,
О, Жамалым, тек өзіңнен бал ғұмыр.



15 тамызда қазақтың ұлы композиторы, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 90 жыл болды. Қазақ вальсінің падишасы атанған Шәмші Қалдаяқовтың мәдени мұрасына елімізде ерекше назар аударылуда. 1992 жылдан бастап жыл сайын республикалық конкурс-фестиваль өткізіліп келеді. Ол Шәмші Қалдаяқов атындағы «Менің Қазақстаным» Халықаралық ән фестиваліне айналды.
Бүкіл қазақ бұрында да орнынан тік тұрып шырқайтын «Менің Қазақстаным» әні әнұранға айналды.
Бір сөзбен айтқанда Шәмші әнін білмейтін қазақ жоқ! Шәмші әндерінсіз той өтпейді. Бүгінгі мерекелі күнге орай осыдан бес жыл бұрын жазылған жырымызды жариялауды жөн көрдік.

Ән патшасы

Шәмші Қалдаяқовқа

Жолықсаң да өмірдің қандайына,
Татымады ку тірлік таңдайыңа.
Отырардан басталған ұлы сапар,
Ән жолдарын салыпты маңдайыңа.

Тырналардай көктегі тізілді өлең,
Жүз жылдық мұң жатыр ғой жүзінде ерен...
Жанарыңның жазуын жасырады,
Темекіннің түтіні үзілмеген...

Асулардан әнменен асу үлгі,
Түсінбеді тасырлар тасуынды.
Ащысынан тірліктің ашынғанда,
Ащы судан алар ең ашуыңды...

Енді сенсің – еліннің ұран-әні,
Әуеніне кім шыдап тұра алады?
Әлдилеген даланы әндеріннен,
Қазақстан картасы құралады...

Махаббаттың мәңгілік жасыл бағы,
Сыр сұлуы сырын еш жасырмады...
Ақ бантикті ұмытқан Ақмаңдайға,
Ақ жаңбырдай сезімің басылмады...

Мың бұлағы Тамдының шапқылап бар,
Құйылады кеудене атқылап нәр.

Ақ еркенің ақ қанат арманымен
Ақ Жайыққа айналар ақ бұлақтар...

Ықыласын жүрсең де көріп көптің,
Жалғыздықты жаныңа серік те еттің...
Сыймай кеткен кезінде ел ішіне
Сыған қызбен сырласып, еріп кеттің...

Ақсұңқарға өзіңді балады ма,
Ғашық етті Қаракөз жанарына.
Іздеп өттің қаланы, даланы да...
Теріс мінез танытсаң қоғамына,
Теріскейдің тербелдің самалына...

Көкжиекке көгілдір көш кеткенде,
Көңіл ауып, қосылдым кештеп мен де...
Өмір – өзен...
Қайығын есіп келем,
Ес кеткенде айырылып ескектен де...

Көрікті әнің көп жерді көркем еткен,
Келем туған ауылға еркелеп мен.
Кейде сенің әніне елтігенде,
Сөйлесемін Анаммен ерте кеткен...

Алаңсыз күн алыстап бар әдемі,
Сансыратты тағдырдың сан әлегі...

Қарапайым жер басып жүргізе ме,
Әуелетіп әкетті ән әлемі...

Айналдырып жібердің елді өлеңге,
Ұлылығын өнердің көрді әлем де...
Ән патшасы бәрінен биік болып
Ел патшасы еріксіз ерді әуенге...

Талантыңа талай ел таңдай қағып,
Бас бермей-ақ шабасын шалғайға алып...
Тұнған сезім тұла бой болғасын ба,
Есімін де кетті ғой әнге айналып...

Жасыра алар өмірдің кім шындығын,
Қадіріңді қайдан ел білсін бұрын...
Ескерусіз, елеусіз жүрген жерде
Ескерткіш боп енселі тұрсын бүгін...

Жағасында Арыстың отырар кім?
Ойындасың жүректе оты бардың.
Оралдың ғой ән болып туған жерге
Тарқамайды тойы енді Отырардың!..

Қазыбек ИСА
2015 жыл

■ MÁDENIET

ТӨРЕХАНОВА ТОП ЖАРДЫ

Ұлыбританияда Еуразиялық Шығармашылық Гильдия кинофестивалінде қазақстандық автор Зәуре Төреханованың «Жібек құртының ұясы» шығармасы «Үздік сценарий» номинациясында топ жарды.

Оның еңбегін қазылар алқасы фэнтези жанрындағы бірегей туынды ретінде бағалады. Зәуре Төреханова балалар жазушысы, сценарист. Банктегі қызметін тастап, шығармашылықпен айналысқанына көп уақыт бола қоймаған. Соның өзінде бірнеше қазақстандық әдеби байқаулар мен сыйлықтардың лауреаты атанып үлгерді. Енді міне Зәуре халықаралық деңгейде танылып отыр. Пандемияның кесірінен ол, өкінішке орай, марапаттау рәсіміне қатыса алмады. Қазылар алқасы мүшелерінің айтуынша, оқиға өрбіген сценарий сюжетінде сиқырлы әлем кейіпкерлерінің образдары керемет суреттелген. Спенсер Хоукен, қазылар алқасының мүшесі: - Сценарий бірегейлігімен таңқалдырады. Жан-жақты ізденіс байқалады. Шығарма фэнтези жанрында бүге-шүгесіне дейін суреттеледі. Мұндай тамашаны сирек кездестіресің. Қазақстандық режиссерлер мен сценаристердің тағы 3 еңбегі фестивальдің финалисі атанды. Айта кету керек, Еуразиялық шығармашылық гильдия кинофестивалі - Еуразиялық кинематографтың ағылшын тілді кеңістікте таралуына себепші болып жүрген аз шаралардың бірі. Биыл пандемияға қарамастан ұйымдастырушылар шараны онлайн емес, дәстүрлі форматта өткізіп отыр.

«Қазақ үні»

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58

6 ай	қала	2275,44	12 ай	қала	4550,88
6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
Жауапты хатшы - Гүлмира САДЫҚ
Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)
Атқарушы директор –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН
Тарату бөлімі:
Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),
Астанада «Алты Алаш» (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді
АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz
Кезекші редактор –
Дастан ЕЛДЕС

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген